

АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІ БАСШЫЛАРЫНЫҢ ЭССЕ ЖИНАҒЫ

«АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ ТІРЕК МЕКТЕПТЕРДІҢ
ӘЛЕУЕТІН ДАМУЫ» ЖОБАСЫ



СБОРНИК ЭССЕ ДИРЕКТОРОВ СЕЛЬСКИХ ШКОЛ

ПРОЕКТ «РАЗВИТИЕ ПОТЕНЦИАЛА ОПОРНЫХ ШКОЛ
В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ»



«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ

**АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІ БАСШЫЛАРЫНЫҢ
ЭССЕ ЖИНАҒЫ**
**«АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ ТІРЕК МЕКТЕПТЕРДІҢ
ӘЛЕУЕТІН ДАМУ» ЖОБАСЫ**

**СБОРНИК ЭССЕ
ДИРЕКТОРОВ СЕЛЬСКИХ ШКОЛ
ПРОЕКТ «РАЗВИТИЕ ПОТЕНЦИАЛА ОПОРНЫХ ШКОЛ
В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ»**

Астана
2024

Баспадан шығаруға
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның Әдістемелік кеңесі ұсынған
(2024 жылғы 26 маусымдағы № 14 хаттамасы)

Рекомендовано к печати Методическим советом
АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»
(Протокол № 14 от 26 июня 2024 года)

Рецензенттер:

А. К. Абдиркенова, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті
И. У. Аушева, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы

Рецензенты:

Абдиркенова А. К., доктор философии (PhD), ассоциированный профессор,
Костанайский региональный университет имени Ахмета Байтурсынова
Аушева И. У., кандидат педагогических наук, профессор,
Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»

Ж. Қ. Байғаринованың жалпы ред.

Ауыл мектептері басшыларының эссе жинағы. «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы=Сборник эссе директоров сельских школ. Проект «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности» / Ж. Қ. Байғаринованың жалпы ред.– Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2024.– 152 б.– қазақша, орысша.

Бұл басылым «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Білім беру саласын тұрақты дамыту» ҚҚ және «Қазақстан халқына» ҚҚ-мен 2022 жылғы шілде айынан бастап бірлесіп жүзеге асырып жатқан «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасына қатысатын Қазақстан Республикасының 79 жалпы білім беретін мектеп директорларының эссе жинағы болып табылады.

Эссе жинағында нақты фактілер және мысалдар негізінде ауылдық тірек мектептердің нәтижелері мен жетістіктері туралы жазылған. Әрбір эсседе оқыту сапасы мен оқу жағдайларын айтарлықтай жақсартуға әкелген мектеп менеджментінің нәтижелері, мектептің оқу және әдістемелік жетістіктері қарастырылған.

Настоящее издание представляет собой сборник эссе директоров 79 общеобразовательных школ Республики Казахстан, которые участвуют в благотворительном проекте «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности», реализуемом АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» совместно с ОФ «Фонд устойчивого развития образования» и ОФ «Қазақстан Халқына» с июля 2022 года.

Сборник эссе знакомит с результатами и достижениями сельских опорных школ, основанными на конкретных фактах и примерах. В каждом эссе рассматриваются результаты школьного менеджмента, академические и методические достижения школы, которые привели к значительному улучшению качества преподавания и условий обучения.

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТУЛАР / СОКРАЩЕНИЯ.....	6
ПІКІР	7
РЕЦЕНЗИЯ	8
КІРІСПЕ.....	9
ВВЕДЕНИЕ	10
АБАЙ ОБЛЫСЫ.....	11
Абсалямов Ербол Калымбекович	11
Канапьянова Айнур Аулейсовна.....	12
Садыкова Найля Мерекеновна.....	13
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ.....	16
Анесий Азамат	16
Бапар Гулжан	18
Қуанышев Азамат Ермекович	20
Мусин Серикбай Букунович	21
Түркістанбаева Ақнұр Арысбаевна.....	23
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ.....	25
Абдрахманова Айжан Қыдырбековна.....	25
Дюсекова Айна Ертаевна.....	27
Еспанова Лаззат Хамзиновна.....	28
Жонисова Маржан <i>Салимгереевна</i>	30
Ибрашева Данагул Дулатовна.....	31
Истегулова Анара Гасыровна	33
Қаржауова Динара Хамитовна.....	35
Машина Венера Мәженқызы	37
Салиев Сейтжан Аманжолович.....	40
Срымова Сания Саматовна.....	42
Тлеулина Айгул Рзаевна	44
Ізтлеуова Айғаным Қорабайқызы.....	46
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ.....	49
Алимбаева Жайдары Даупасовна	49
Макашова Эльмира Абилбековна.....	51
Смагулова Жанаргүл Аипбековна.....	52
Толегенова Гулмира Аселбаевна.....	53

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ.....	55
Меңдігереева Айман Қалымқызы.....	55
Муксанова Айнур Турешевна.....	56
Мукушева Шұға Қайрошқызы.....	57
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ.....	59
Жұмағали Меруерт Мухамбетқалиқызы.....	59
Кушанов Сержан Серикович.....	60
Сембиева Гүлмира Талгатовна.....	62
Мухатов Фархат Хайроллаевич.....	63
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ.....	65
Кашкимбекова Шарбат Сарчукеновна.....	65
Сайлаубаев Руслан Бахытович.....	67
Турсынбекова Фарида Рысановна.....	70
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ.....	72
Арпабекова Нургуль Нургазиевна.....	72
Базарбаева Кулжан Оспановна.....	73
Бершимбекова Жекен Сайлауевна.....	75
Смагулова Надира Акилбаевна.....	76
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ.....	78
Акмагамбетова Мара Жанабаевна.....	78
Амралина Куралай Айткеновна.....	80
Иманкулова Гулден Ерденовна.....	81
Мухутдинова Лилия Павловна.....	84
Мыкышева Гүльбаршын Ермекқызы.....	85
Нургалиева Куралай Акназаровна.....	86
Осанова Махаббат Куанышевна.....	87
Токейбекова Айгуль Токеновна.....	88
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ.....	90
Баймурзина Салтанат Исимкуловна.....	90
Балицкая Марина Алексеевна.....	92
Бірманова Қымбат Исланбекқызы.....	93
Дандыбаев Сагадат Тулегенович.....	95
Козбагарова Карлыгаш Серикбаевна.....	96
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ.....	98
Айтжанов Жасулан Маханбетович.....	98
Мұнарбаева Гүлжахан Жұмағалиқызы.....	100
Налибаева Лаззат Имашевна.....	101

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ.....	104
Бисекенова Токжан Муттахиевна	104
Малбасов Молдахан Султанғалиевич	106
Сақтағанова Ақмарал Данебаевна.....	108
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	110
Ахметжанова Гульнара Мусаевна	110
Қамбаров Руслан Ақынболатович.....	112
Сарсенова Айнур Токтаровна	113
Шомаков Абылайхан Серикбаевич	115
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ.....	117
Айтқожина Асель Жаксыбаевна	117
Исмахамбетова Жанна Бисембаевна	119
Мусабаев Бауыржан Балтабаевич.....	120
Сайткен Медет Нурғалиұлы.....	121
Сураганов Айдар Аскорович	123
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ.....	125
Алиева Мереке Кенжетайқызы	125
Апекова Калзат Жусипбековна.....	127
Арипбеков Адилхан Асылханович	129
Ашекова Дамеш Абеновна.....	131
Орынбаев Жамбыл Әзімханұлы	133
Сағындықов Әуесхан Әлкенұлы	134
Сулейменов Сакен Бекболатович	136
ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ.....	138
Айтжанова Айзада Халыковна	138
Тулегенова Жанар Бейсеновна	140
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	142
Ақыбаева Назигуль Ниязбековна	142
Багисова Баян Капезовна	143
Сапарғалиева Бакытгуль Кизатовна.....	146
Уркумбаев Жарқын Қонысбаевич	147
ҚОРЫТЫНДЫ.....	149
ЗАКЛЮЧЕНИЕ	150

ҚЫСҚАРТУЛАР / СОКРАЩЕНИЯ

ҚР – Қазақстан Республикасы
ДББҰ – дербес білім беру ұйымы
НЗМ – Назарбаев Зияткерлік мектебі/мектептері
NIS IB – Халықаралық бакалавриат Назарбаев Зияткерлік мектебі
ПШО – Педагогикалық шеберлік орталығы
ҚҚ – қоғамдық қор
ҚХҚ – «Қазақстан халқына» қоры
ББТДҚ – Білім беру саласын тұрақты дамыту қоры
Жоба – «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы
ЖББМ – жалпы білім беретін мектеп
КММ – коммуналдық мемлекеттік мекеме
ББЖМ – білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі
ЖОО – жоғары оқу орны
АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
БЖБ – бөлім бойынша жиынтық бағалау
ТЖБ – тоқсан бойынша жиынтық бағалау
РО – ресурстық орталық

АОО – автономная организация образования
НИШ – Назарбаев Интеллектуальные школы
НИШ ХБН – Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления
ОФ – общественный фонд
ФУРО – Фонд устойчивого развития образования
ФКХ – Фонд «Қазақстан халқына»
ОШ – общеобразовательная школа
КГУ – коммунальное государственное учреждение
РЦ – ресурсный центр
КСП – краткосрочное планирование
ЕНТ – единое национальное тестирование
МОДО – мониторинг образовательных достижений учащихся
Проект – благотворительный проект «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности»

ПІКІР

Ауыл мектептерін дамыту әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізу, ауылдық аймақтарды экономикалық және мәдени дамыту үшін өте маңызды. Ол сапалы білімге тең қол жеткізуге жағдай жасайды, ал бұл өз кезегінде тұтастай алғанда елдің болашағына әсер етеді. Ауыл мектептерін қолдау әділетті және гүлденген қоғам құруға ұмтылған мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың басым бағыты болуы керек. Осы орайда «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасының өзектілігі өте жоғары екенін атап өту керек. Жобаға қатысушы 79 ауыл мектебі материалдық және әдістемелік қолдауға ие болып, бүгінгі таңда бірқатар жетістіктерге жетіп отырғанын ұсынылған мектеп басшыларының эссе жинағының көруге болады.

Рецензияланып отырған жинақтың кіріспе бөлімінде «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасының мақсаты мен мүдделі тараптары туралы ақпаратқа қысқаша шолу жасалған. Бұл оқырмандарға жоба мәнмәтініне еніп, қатысушы мектептердің алдында тұрған міндеттердің қандай екенін білуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар осы жинақта ауылдық жерлердегі білім сапасын арттыруға бағытталған тәжірибелердің, идеялар мен практикалардың бірегей жиынтығы ұсынылған. Ауылдық аймақтардың білім саласының дамуына үлес қосып жүрген авторлардың әрқайсысы өз жетістіктерін, ой толғауларын және кәсіби көзқарастарын бөліскен.

Жинақтағы әрбір эссе – жеке бір оқиға, себебі мектеп директоры өзінің басқаруымен, жоба аясында жүргізілген жұмыстардың нәтижелерімен, сондай-ақ мектептегі жетістіктерін сипаттаған. Оларды оқи отырып «Ауылдық жерлердегі тірек мектептерінің әлеуетін дамыту» жобасының оқушыларға, мұғалімдерге, оқу ортасына қалай ықпал еткенін байқауға болады.

Жинақтағы эссе авторлары мектепте жүргізілген жұмыстардың қорытындыларын (оқыту мен оқуда зерттеулер, сабақты зерттеу – Lesson Study жүргізу, мектеп командаларын құру және олардың жұмысын ұйымдастыру, халықаралық конференцияларға қатысу, мониторинг нәтижелерін қолдану, т.б.), сондай-ақ оқушылар мен мұғалімдердің әр түрлі олимпиада, конкурс, ғылыми жобалар сайыстарында жеткен жетістіктерін сипаттап жазған.

Ұсынылған эссе жинағы жобаға қатысуша ауыл мектептерінің ағымдағы жағдайын көрсетіп қана қоймай, ауылдағы білім берудің даму бағытын анықтауға да көмектеседі. Кейбір эсселерде білім беру сапасын дамытуға арналған ұсыныстар беріліп, ойлануға арналған сыни пікірлер жазылған.

Авторлар жоба аясында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның тірек мектептерге көрсететін әдістемелік қолдау жұмыстарын сипаттаумен қатар олардың қандай нәтижелерге жеткізгені туралы да жазған.

Эссе жинағында ауыл мектептері басшылары өздерінің шынайы ойларын, мақтан тұтар жетістіктерін, сонымен қатар алған әсерлерін қарапайым тілмен жеткізе білген. Ұсынылған эсселер ауыл мектептері басшыларының күрделі де көп қырлы жұмысын жақсырақ түсінуге және олардың өз ісіне деген құштарлығы мен берілгендігін сезінуге көмектеседі деген ой туындайды.

Бұл жинақ білім беру саласындағы кәсіпқойлармен қоса ауылдық аймақтардағы білім беру мәселелеріне қызығушылық танытатын мамандарға пайдалы құрал болуы мүмкін.

Қорытындылай келе рецензияланып отырған эссе жинағын баспаға ұсынуға болады.

**Пікір беруші,
философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор
Абдиркенова А. К.**

РЕЦЕНЗИЯ

Время непрерывно меняет приоритеты, заполняет жизнь множеством событий, которые вольно либо невольно становятся предметом размышлений и, соответственно, формируют наше отношение к ним, побуждая делать выбор и принимать лучшие решения. Школа во все времена остается в фокусе внимания, и требования к ее руководителям качественно меняются.

Современный директор – прямо противоположный тип ранее популярного хозяйственника и администратора. В системе профессиональных характеристик знания и практические навыки становятся, по сути, следствием главного фактора: ценностных установок, способностей к анализу ситуаций, умений из множества проблем увидеть ключевую и принять стратегически верное и взвешенное решение.

В этом смысле эссе – оптимальный жанр, в котором несложно установить стиль мышления автора, его способность к анализу и обобщению, к умению видеть ключевые проблемы и факторы, устанавливать причинно-следственные связи, аргументировать свое мнение и принимать решения. Кроме того, интересен и стиль написания эссе, его эмоциональный фон, который окрашивает текст и демонстрирует «отношенческий» аспект автора, его психологическую установку на проблемы и их решения.

Рецензируемый сборник вызывает интерес прежде всего тем, что дает представление о способностях казахстанских директоров опорных сельских школ к работе в жанре эссе, их готовности к анализу и оценке происходящих событий. В контексте данных многолетней исследовательской работы с сельскими школами, которую проводит АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», мнения директоров этих школ, высказанные в свободной форме, не претендующей на глубокий исследовательский взгляд, но демонстрирующей исключительно позитивное отношение к происходящим изменениям, являются своеобразным и искренним одобрением стратегии АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» по работе с сельскими школами.

Вместе с тем обращает внимание некоторая «лозунговость» в названиях эссе, наличие шаблонных фраз и оборотов, за которыми несложно увидеть личность автора: не всегда способного грамотно, логично, эмоционально ярко выразить собственное мнение. Думается, что продолжение работы по активизации директоров школ к работе в жанре эссе необходимо и способно усовершенствовать важные компетенции руководителя. В тексте встречаются стилистические неточности, которые несложно исправить.

Указанные недостатки не снижают актуальность и значимость рецензируемого издания, которое может быть рекомендовано к публикации.

**Рецензент,
кандидат педагогических наук, профессор
Аушева И. У.**

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасының алшақтығының артып отырғанын, ауылдық жерлерде білікті мұғалімдердің тапшылығын атап өтті.

2022 жылғы шілде айынан бастап «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» ауқымды елдік жобасын (бұдан әрі – Жоба) «Қазақстан халқына» ҚҚ және «Білім беру саласын тұрақты дамыту» ҚҚ-мен бірлесіп жүзеге асыруда.

Бұл жобаның басты мақсаты – ауыл балаларының сапалы білім алуына тең мүмкіндік беру, ауыл мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру.

2022 жылғы 14 шілдеде Қазақстан Республикасының 17 мектебін қамтитын Жобаның бірінші кезеңін жүзеге асыру туралы үшжақты меморандумға қол қойылды. Меморандум жобаның барлық қатысушыларының функцияларын анықтайды.

ДББҰ барлық өңірлерде ақысыз негізде мұғалімдерді, мектеп әкімшілігін, оқушыларды, олардың ата-аналарын, жалпы мектеп қоғамдастығын оқыту ұйымдастыру арқылы ауылдағы тірек мектептердің әлеуетін дамыту бойынша кешенді әдістемелік қолдау бағдарламасын жүзеге асырады.

ББТДҚ ДББҰ-ның жоғарыда аталған тармақтарын жүзеге асыруда, сондай-ақ қатысушы мектептерді таңдауда және жобаға қатысушы мектептермен өзара іс-қимылды үйлестіруде, мектеп инфрақұрылымын жақсартуда және бизнес-қоғамдастықтарды қайырымдылық жобаға қатысуға тартуда жан-жақты көмек көрсетеді.

ҚХҚ тірек мектептердің материалдық-техникалық базасын жаңартуды қаржыландырады.

2023 жылғы 26 маусымда Жобаны ауқымды ету үшін ҚХҚ, ДББҰ және ББТДҚ арасында ынтымақтастық туралы жаңа меморандумға қол қойылды. Жобаға қосымша 62 ауыл мектебі енгізілді.

2024 жылы Жоба қосымша 56 ауыл мектебін, 2025 жылы тағы 56 мектепті қамтитын болады – Жобаға барлығы еліміздің барлық облыс орталықтары мен моноқалаларындағы толықтай жабдықталған, педагогтеріне жүйелі әдістемелік қолдау көрсетіліп, тәжірибелері өңірлердегі басқа мектептерге таратылатын 191 ауыл мектебі қатысады.

2024 жылғы қаңтарда ауылдағы білім берудің жағдайын жақсарту жөніндегі ортақ мақсатпен біріккен сарапшылар мен серіктестер тобының бірлескен жұмысының нәтижесінде «Білім беру сапасын арттыру мақсатында ауыл мектептерін қолдау жолдары» кітабы жазылып, жарық көрді. Онда Қазақстандағы ауыл мектептеріндегі өзекті мәселелерді кешенді зерттеу талдауы негізінде әзірленген әрбір білім беру ұйымының бірегей мәнмәтіні мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауыл мектептерін қолдаудың тиімді механизмін құру бойынша әдістемелік ұсыныстар берілген.

2023–2024 оқу жылының соңында «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында директорлардың пікірлерін, сондай-ақ тірек мектептердің нәтижелері мен жетістіктерін зерделеу мақсатында 79 тірек мектептері басшыларының эссе жинағы әзірленді. Бұл жинақта ауылдық жерлердегі білім сапасын арттыруға бағытталған тәжірибелердің, идеялар мен практикалардың бірегей жиынтығы ұсынылған. Ауылдық аймақтардың білім саласының дамуына күн сайын өлшеусіз үлес қосып жүрген авторлардың әрқайсысы өз жетістіктері, ой-толғаулары және кәсіби көзқарастарын бөлісті.

ВВЕДЕНИЕ

В Послании народу Казахстана «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана» от 2 сентября 2019 года Президент Республики Казахстан К.К. Токаев отметил рост разрыва в качестве среднего образования между городскими и сельскими школами, дефицит квалифицированных педагогов на селе.

С июля 2022 года реализуется масштабный страновой проект «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности» АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» совместно с ОФ «Қазақстан халқына» и ОФ «Фонд устойчивого развития образования».

Главная цель реализации данного проекта – дать равные возможности для сельских детей получить качественное образование, а сельским учителям – повысить уровень профессиональных компетенций.

14 июля 2022 года был подписан трёхсторонний меморандум по реализации I этапа Проекта, в который включены 17 школ Республики Казахстан. В меморандуме определены функции всех участников проекта.

АОО на безвозмездной основе реализует во всех регионах комплексную программу методической поддержки для развития потенциала опорных школ в сельской местности путём организации обучения педагогов, администрации школ, учащихся, их родителей, всего школьного сообщества.

ФУРО оказывает полное содействие в реализации вышеупомянутых пунктов АОО, а также в подборе школ-участниц и координации взаимодействия со школами, участвующими в проекте, в улучшении школьной инфраструктуры и привлечении бизнес-сообществ для участия в благотворительном проекте. ФКХ финансирует обновление материально-технической базы опорных школ.

26 июня 2023 года с целью масштабирования Проекта подписан новый меморандум о сотрудничестве между ФКХ, АОО и ФУРО. В Проект дополнительно включены 62 сельские школы.

В 2024 году Проектом дополнительно будут охвачены 56 сельских школ, в 2025 году ещё 56 – итого в Проекте будет участвовать 191 сельская школа во всех районных центрах и моногородах страны с полноценным оснащением, системной методической поддержкой педагогов, с трансляцией опыта в другие школы регионов.

В январе 2024 года в результате совместной работы группы экспертов и партнеров, объединенных общей целью улучшения состояния сельского образования, написана и напечатана книга «Механизмы поддержки сельских школ для повышения качества образования». В ней представлены методические рекомендации по созданию эффективного механизма поддержки сельских школ с учётом уникального контекста и потребностей каждой организации образования, разработанные на основе проведенного комплексного исследовательского анализа актуальной проблематики сельских школ Казахстана.

По завершении 2023–2024 учебного года в рамках проекта «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности» с целью изучения мнения директоров, а также результатов и достижений сельских опорных школ разработан сборник эссе руководителей 79 опорных школ, который представляет собой уникальное собрание опыта, идей и практик, направленных на улучшение качества образования в сельской местности. Каждый из авторов, кто ежедневно вносит неоценимый вклад в развитие образования в сельских регионах, поделился своими достижениями, размышлениями и профессиональными взглядами.



Абсалямов Ербол Калымбекович

Мектеп директоры

Қожагелді батыр атындағы орта мектеп

Абай облысы, Ақсуат ауданы, Ақсуат ауылы

aksuat_kozhageldi_batyr@mail.ru

Ел болашағы – білімді ұрпақ

Қай мемлекеттің де негізгі тірегі – оны өркендетуге үлес қосатын білікті мамандар. Ал ертеңгі білікті маман – бүгінгі білімді оқушы. Міне, осы мақсатта биылғы оқу жылында біздің мектебіміз «НЗМ» ДББҰ «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасына еніп жұмыс жасауда. Жоба аясында мектебіміздің мұғалімдері Зияткерлік мектептер ұйымдастырған тағылымдамалардан өтіп, үйренген жаңа әдіс-тәсілдерін сабақтарында тиімді пайдаланды. Сабақтарда қолданылған жаңа әдіс-тәсілдер оқушылардың білім сапасын көтеру, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға септігін тигізді. Оқушылармен жекелей жұмыс жасау оларды табысқа жетелеп, танымдық қызығушылығын арттырды. Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің тәжірибелерімен танысу мұғалімдерімізде тың идеялардың тууына септігін тигізді. Мектепте мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас өзгерді. Ұстаздарымыз Зияткерлік мектептер ұйымдастырған семинарлардан цифрлық технологияның қыр-сырын меңгеріп, оны өз сабақтарында жүйелі пайдалану арқылы оқушылардың сабаққа құлшынысын арттырды. Сондай-ақ семинарлардың пәндік дағдыларды дамытуға және оқытуға қосқан үлесі мол болды. Мұғалімдер пәндік оқытудың және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың жаңа дағдыларын меңгерді. Ерекше атап өтетін болсақ, зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру мен тәжірибелік жұмыстарды өткізудің, зерттеу дағдыларын қалыптастырудың қарапайым жолдарын меңгерді.

Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлері мұғалімдерге оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін меңгерте білді. Тренерлер қазіргі оқыту талабына, оқу мақсаттарына сай жұмыстар жүргізуді басты назарға алды. Зияткерлік мектептер ұйымдастырған тағылымдамадан соң мұғалімдердің сенімділігі артып, оқушыларда облыстық, республикалық деңгейдегі жаңа жетістіктер саны арта бастады. Ұстаздарымыздың рефлексиялық дағдыларының бұрынғыдан қарағанда жақсара түскенін сабақтарына қатысу арқылы байқадым. Сабаққа өзіндік талдау жасаған кезде өз тәжірибесін ой елегінен өткізіп, артықшылықтары мен кемшіліктерін саралай алды. 4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізіліп, нәтижесі жіберілгеннен кейін әрбір пән мұғалімі әрбір оқушымен жекелей жұмыс жасап, тиімді кері байланыс беру арқылы жіберілген қателермен жұмыс жасады. Олқылықтарды

түзету мақсатында қосымша сабақтар ұйымдастырды. Сонымен қатар ұстаздарымыз оқушылардан ХХІ ғасыр талап ететін дағдыларды, яғни алған білімін күнделікті өмірде тиімді пайдалана білу дағдыларын дамытуға баса назар аударатын болған.

Эссемді аяқтай келе, осы жобаның жүзеге асырылуы барысында қол жеткізген ең маңызды деген жетістіктерге тоқталуды жөн көрдім. Оқушыларымыз жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиаданың облыстық кезеңінен І орын алып, республикалық кезеңінен сертификат иеленді, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар байқауының І дәрежелі дипломымен марапатталды, «Алтын түлек» республикалық математикалық олимпиадасынан ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Педагог-шебер санатындағы ұстазымыздың бірі «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісінің иегері болды, енді бірі «Үздік педагог – 2023» байқауында облыстық кезеңнен І орын иеленіп, республикалық кезеңнің қатысушысы атанды.



Канапьянова Айнур Аулейсовна

Мектеп директоры

Қалалық көпбейінді қазақ мектеп-гимназиясы

Абай облысы, Абай ауданы, Аягөз қаласы

aynur_1969@mail.ru

Жұмыс істеуші мектептен – табысты мектепке

Мектебіміздің ауыл балалары мен мұғалімдерінің әлеуетін арттыруға бағытталған қайырымдылық жобасына енгені бізге үлкен қуаныш сыйлады. Жазғы жөндеу жұмыстарынан өткен мектеп ғимараты заманауи жабдықтаудан кейін бірден жарқырап шыға келді. Жоба барлығымызға жаңа көкжиектерді бағындыру мүмкіндігін берді.

Назарбаев Зияткерлік мектептерімен бірлесе жүргізген жұмыстар нәтижесінде тәжірибемізде дәстүрлі «ашық сабақ» форматы «тиімді сабақ» форматына ауысты, пән апталығындағы шаралар оқушының тұлғалық келбетін ашуға бағытталды. Тағылымдамадан өткен мамандарда аудандағы басқа пән мұғалімдерімен салыстырғанда өз ісіне деген қызығушылық жоғарылады. Өзге білім беру ұйымдары оқушыларының дәл біздің мектепте оқуға, ауысып келуге деген сұранысы артты.

ПШО тренерлерінің сүйемелдеуі мұғалімдердің әдістемелік әлеуетін жаңа деңгейге көтеруге көмектесті. Қазір мұғалімдеріміз сабақ барысында қолданылатын әдіс-тәсілдердің тиімді болуына, дескрипторлардың дұрыс қойылуына ден қойып, оң кері байланыс беру арқылы оқушының сабаққа деген ынтасын арттырып, оқу мақсатына қол жеткізудің жолдарын игерді. Сабақты зерттеу, өзара сындарлы кері байланыс беру, терең рефлексия жасау дағдыларын қалыптастырды. Мектептегі 4 зерттеу тобы «НЗМ» ДББҰ ПШО өткізген «Іс-әрекеттегі зерттеу және сабақты зерттеу: білім беру мекемелерінде жүзеге асыру тәжірибесі» аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып, зерттеу тәжірибелерімен бөлісті.

Мектебімізде командалық жұмысты жолға қою нәтижесінде аз уақытта үлкен жетістіктерге қол жеткіздік. «Білім сапасын арттыруда командалық жұмыстың тиімділігі», «Командалық жұмыс арқылы білім сапасын арттыра аламыз ба?» инновациялық жобалары жүргізілді. Келген құрылғыларды да, STEM-кабинетінің мүмкіндіктерін де пайдаланудамыз. Гимназиямыздың «Bumblebee» командасы Біріккен ұлттар ұйымының Даму бағдарламасы аясында Skills UP Hackathon конкурсының республикалық кезеңінде 3000 доллар сертификатын иеленіп, жеңімпаз атануы, оқушыларымыздың «RoboLand – 2024» IX халықаралық фестиваліне қатысып, II дәрежелі дипломмен, бағалы сыйлықтармен, кубокпен және медальдармен марапатталуы осыған дәлел.

Бір мақсатқа жетуге бағыт алған бірнеше команда жұмыс жасап, «3 айда, 3 тілде 10 кітап оқу қолыңнан келе ме?», «Таза сынып – таза мектеп», «Сәлем – сөздің анасы», «Мен жаза аламын», «GIM Greenhouse», «5 кітап+5 фильм=менің капиталыма», «Кітап оқып, көлік ұт» жобаларын жүргіздік. Нәтижесімен облыстық, республикалық, халықаралық конференцияларда бөлістік.

Тірек мектеп ретінде ауылдық жерлердегі 6 магниттік мектеп мұғалімдеріне оқытудың қазіргі трендтерін ұсындық. Осы мектеп оқушыларына тоқсан сайын сессия аралық сабақтар ұйымдастырып отырмыз. Бұл өз кезегінде сол мектептердің де білім сапасының артуына ықпал етуде.

«Табысты мектеп» ретінде жұмыс істеу бағытын ұстанған мектебіміз «Үздік білім беру ұйымы – 2023» облыстық конкурсында I орын алып, облыс әкімінің 10 миллион теңге мөлшеріндегі грантын иелендік.

Команда болып, «табысты, ілгерілеуші, дамушы мектеп» режимінде жұмыс істеуге ауыстық. Жоба аясында жасалған жағдайды пайдаланып, ел ертеңін қалайтын ұрпақ тәрбиелеу жолында аянып қалмаймыз.



Садыкова Найля Мерекеновна

Директор школы

Средняя школа имени Маяковского

Село Калбатау, Жарминский район,

Абайская область

aidil76@mail.ru

Опорная школа: комфортные условия, большие возможности для новых идей, счастливые дети, довольные и активные родители

В 2023 году наша школа стала одной из опорных школ-участниц благотворительного проекта «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности». Какие изменения произошли в нашей школе? Какие результаты мы имеем на сегодняшний день? Эти вопросы я задала себе, своим коллегам, учащимся и их родителям.

Первые самые важные впечатления – это мнения детей:

Томирис, ученица 6 класса: «Говорят, что чудес не бывает. А мы, ученики, стали свидетелями настоящего чуда: в этом году наша любимая школа стала участницей проекта. Мы давно мечтали о такой школе. Первое моё впечатление не передать словами, я восхищена. Мои одноклассники делятся, что их «второй дом» стал ярким и красивым. Они заходили в здание и удивлялись на каждом шагу. Можно сказать, что мы попали в школу будущего. Теперь в каждом кабинете есть интерактивные панели, компьютеры, очень красочные и удобные парты и стулья. В коридорах установлены игровые зоны, диванчики. На переменах можно поиграть в шахматы и другие настольные игры».

Ажар, ученица 10 класса: «Большие изменения произошли и в школьной библиотеке. Сама библиотека стала больше похожа на коворкинг-центр, где мы встречаемся, чтобы побеседовать на различные актуальные темы. Благодаря кабинетам дополнительного образования (арт-студия, STEM-лаборатория, телестудия) появилась мотивация не только к получению знаний, но и к творческим открытиям».

Абзал, ученик 9 класса: «Наша школа стала совсем другой, теперь сюда интересно приходить. Изменились и уроки – учителя каждый день стараются преподнести материал по-новому. Появились необычные кабинеты».

Наша школа действительно стала комфортной, созданы благоприятные условия для получения качественного образования, патриотического воспитания учащихся, развития потенциала педагогического коллектива. Для наших педагогов это отличная возможность повысить профессиональное мастерство и улучшить школьную практику.

Со второго полугодия, используя возможности STEM-лаборатории, ввели практику командного преподавания в школе – team-teaching, когда учителя сообща ведут занятия с учащимися для совершенствования обучения и достижения единой цели. Team-teaching доказывает свои преимущества перед традиционным уроком, здесь определяющим приоритетом являются высокая мотивация и неподдельный интерес учеников. STEM интегрирует физику, химию, математику и основы программирования в единую схему обучения, результатом синтеза которых становятся проекты. Учащимся на уроках математики предлагается самостоятельно вывести многие математические законы, на уроках физики и химии они не корпят над учебниками, а в лабораторных условиях постигают эту сложную науку.

На базе Назарбаев Интеллектуальной школы г. Семей педагоги школы прошли стажировку по всем предметам. В результате методической поддержки команды НИШ в школе созданы пять школьных команд по направлениям учебной деятельности и Школа наставничества.

Опытом организации Школы наставничества поделились на областной практической конференции «Исследование в действии (Action Research) и Исследование урока (Lesson Study): опыт реализации в организациях образования» в марте 2024 года.

Родители в восторге от кабинета технологии и мастерской, кабинета домбры и арт-студии. Анар Александровна, мама двух учениц нашей школы, поделилась

своими впечатлениями: «Кабинет технологии для девочек оборудован как швейная мастерская, а также приспособлен для познания кулинарных тонкостей. В нём каждая девочка может раскрыть свой творческий потенциал, обрести полезные навыки, которые могут пригодиться в жизни, а возможно, даже определиться со своей будущей профессией».

У нас возникла идея по субботам приглашать родителей, желающих научить детей тому или иному ремеслу, используя потенциал школы. Желающих оказалось очень много, что нас весьма обрадовало. По субботам у нас в школе собираются родители и дети не только в творческих мастерских, но и на спортивных товарищеских встречах. В кабинете домбры родители учат детей играть на домбре, а некоторые даже сами учатся у детей. В эти дни родители, учащиеся и педагоги развиваются творчески, получают эмоциональную разрядку, реализовывают свои идеи, осуществляются мечты как детей, так и взрослых, и это доставляет огромное удовольствие всем участникам учебного процесса.

Я счастлива, что на сегодняшний день наша образовательная организация стала опорной школой с комфортными условиями для больших возможностей и новых идей у педагогов, где дети счастливы, а родители довольны и проявляют активное участие в их образовании и воспитании.





Анесий Азамат

*Мектеп директоры
№ 3 жалпы орта білім беретін мектебі
Ақмола облысы, Шортанды ауданы,
Шортанды кенті
shortandy-3@mail.ru*

Оқушы мен мұғалім жетістігі – ұжымның мерейі

Менің мектеп басшысы қызметін атқарғаным 7 жыл болды. Ұжымды басқару, жетістікке жету мектепті заманауи үлгіде жабдықтаумен шектелмейді: өзім де, мұғалімдер де курстар, вебинарлар, конференциялар, семинарларға үздіксіз қатысып келеміз. Ауылдық, қалалық мектептермен тығыз байланысып, тәжірибе ұштастырып, тірек мектеп ретінде қызмет атқарып келеміз.

Мектептің даму жоспары негізінде оқу, білім беру, тәрбие бойынша жеткен жетістіктерімізді әлеуметтік желілерде де бөлісіп отырамыз.

8–11 сынып оқушылары арасындағы «Зерде» ғылыми жоба байқауынан тек биылғы 2023–2024 оқу жылында облыстан 6 орын, республикадан 2 жүлделі орын иелендік.

«Мың бала», «Ақберен», «Тіл дарын», «Жарқын болашақ» байқауларынан, «Мағжан Жұмабаев», «Мәшһүр Жүсіп оқулары», «Абай оқулары», «Мұқағали оқулары», «Махамбет оқулары» және «Алтын түлек» олимпиадасынан да алдыңғы орын иегерлері бар.

Ал облыстық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялардағы жетістіктеріміз мынадай:

- Бұтақбай Аида – ҚР Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің ұйымдастыруымен өткен байқауда I орын, диплом.

- Жарқынбай Рахман – ғылыми-тәжірибелік конференция шеңберінде өткен 3 деңгейлі оқу-зерттеу жұмыстарының аймақтық байқауының III орын жүлдегері.

- Болат Қадырбек – ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті «Мектеп және университет: ғылыми ынтымақтастық қырлары» ғылыми-тәжірибелік конференциясында үздік баяндама конкурсының жеңімпазы, III дәрежелі дипломмен марапатталды.

- Ерманатқызы Айым – ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті «Мектеп және университет: ғылыми ынтымақтастық қырлары» ғылыми-тәжірибелік конференциясында үздік баяндама конкурсының жеңімпазы, I дәрежелі дипломмен марапатталды.

Педагог қызметкерлердің кәсіби жетістіктері:

- Облыстық «Педагогикалық идеялар фестивалі» байқауына биология пәні мұғалімі Айят Цэрма қатысып, жүлделі III дәрежелі дипломға ие болды.

- «Жас ұстаз: табысқа апарар жол» II облыстық форумына ағылшын тілі пәні мұғалімі Аманжол Ақбота мен химия пәні мұғалімі Наурызбек Күннұр қатысып, алғыс хат иеленді.
- «Педагогикалық идеялар панорамасы – 2023» облыстық байқауына қатысқан бастауыш сынып мұғалімдері Шалдыкова Жанат жүлделі II дәрежелі дипломмен, Хавдолда Ханат III дәрежелі дипломмен марапатталды.
- «Ауыл мектебінің өркендеуі – қоғам игілігінің кепілі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Рашатхан Айнагүл, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тохтамурат Ермекбол, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Батыргалиева Гүлім қатысты.
- Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығы ағылшын тілін оқытудың негізгі тенденцияларын талқылау, озық, жаңашыл тәжірибені таратуға ықпал ету, педагогтердің инновациялық әдістерін қалыптастыру мақсатында өткізген «ELT Perspectives: Practices, Challenges and Motivation» республикалық ғылыми-танымдық конференциясында тәжірибесімен бөліскен Гулим Токатовна Батыргалиева марапатталды.
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ және Педагогикалық шеберлік орталығы өткізген «Сабақты зерттеу: Қазақстандық мектептердің тәжірибесі» облыстық конференциясында тәжірибе алмасқаны үшін мұғалімдеріміз Айят Цэрма, Хапар Күннұр арнайы сертификат алды. Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлері мен Зияткерлік мектептер ұйымдастырған тағылымдамалар нәтижесінде мұғалімдер жұмысының сапасы артты. Екіншіден, бұл ұжымның жауапкершілігі мен бірлігінің жемісі. Мұғалім мен оқушының жетістігі – ұжымның мерейі.





Бaпap Гулжaн

Мектеп директоры

Ж. Бектұров атындағы № 3

жалпы орта білім беретін мектебі

Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Ақкөл қаласы

barar8021@gmail.com

Жаңаша мектеп – жаңаша білім

*Мектеп – адами капиталды дамытатын және
заманауи қоғам қалыптастыратын негізгі орын.*

Мәулен Әшімбаев

Заманауи мектеп – қоғам сұранысына терең бойлауға бастайтын күнделікті өмірде кездесетін дағдылар арқылы өскелең ұрпақтың жан дүниесіне ерекше әсер ететін білім мен тәрбиенің негізгі тұрағы. Балаларымыздың бойына қажетті құндылықтарды сіңіріп, жақсы әдеттерді қалыптастырсақ, білімнің қайнар көзінен санасына жол ашып, болашағына жарық сәуле түсіре білсек, көздеген мақсатымызға жеткендігіміздің белгісі болмақ.

Бүгінгі күні Ж. Бектұров атындағы № 3 жалпы орта білім беретін мектебі жаңа материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілгенін мақтанышпен айтамыз. Мектептің жаны болған ұстаздардың біліктілігін арттыру мақсатында Назарбаев Зияткерлік мектептерімен бірге жүргізілген түрлі курстар мен семинарлар ұйымдастырылды. Білім беру саласын тұрақты дамыту қорының адамның мәртебесіне, жас ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім алуын қолжетімді ететін білім беру және оқу-ағарту саласындағы жобалары негізінде мектебіміз заманауи жиһаздармен қамтамасыз етілді.

Мектебіміздегі жаңа жобалар оқу-тәрбие үдерісіне, оқушылардың логикалық ойлау қабілетінің жетілуіне тікелей әсер ете бастады. Осының нәтижесінде ғылым мен тәжірибеге негізделген жаңа идеялар мен инновациялық технологияларды зерттеп, оны тәжірибемізде қолданудамыз. Сонымен қатар жаңа жобалар арқылы аз уақыт ішінде біршама жетістіктерге қол жеткіздік. Атап айтсақ, биология пәнінен облыстық деңгейде «JasSkills» өңірлік чемпионатында «Биотехнология» бағыты бойынша мектебіміздің 8-сынып оқушысы Жаңабай Дамир жүлделі III орынға ие болды. «Көркем ағаш ою» графика саласы бойынша Байгабулов Алмас және информатика пәнінен «Веб-технология» бағыты бойынша Қуандық Әмір арнайы сертификаттармен марапатталды. 10 және 11-сынып оқушыларына арналған «Алтын түлек» математикалық олимпиадасының республикалық кезеңінде көрсеткен ерекше жетістігі үшін 11-сынып оқушысы Абильталимов Ерасыл грамотамен марапатталды. Мектебіміздегі мұғалімдеріміздің кәсіби құзыреттілігі мен педагогикалық шеберліктері оқушылардың жетістігінен көрінеді. «Алтын сақа» пән олимпиадасының облыстық кезеңінде Қабдолла Серік I орын,

Маратова Алуа III орын, Амангелді Асанали III орын иеленді. Ал бастауыш сынып оқушылары арасындағы «Бастау» олимпиадасының облыстық кезеңінде Модин Бақытжан I орынға ие болды.

Назарбаев Зияткерлік мектептеріне барып, тәлім алған мұғалімдеріміз өз сабақтарында үйренгенін қолданып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра білді, одан соң «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында мектебімізде семинар өткіздік. Пәндік дағдыларды дамытуға бағытталған оқу мақсаттарын жүзеге асыру мәселесі бойынша Д. Б. Хасенова, А. И. Ашкенова сабақта функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тәжірибелерімен бөлісті. А. А. Ибраева өзінің авторлық жобасында жаңаша белсенді оқыту әдістерін көрсетті. А. Ауған оқушылардың тапсырмаларына зерттеу жасау дағдыларымен бөлісті. Семинарға қатысқан ауыл мұғалімдері өз тәжірибесінде жаңа технологияларды қолдануға бел буды.

Біздің мектептегі 4 және 8-сынып оқушыларынан алынған тест білім сапасының нәтижесін талдауда өсу деңгейінің жоғарыланғанын байқатты. Мектеп өміріне белсене қатысатын ата-аналар қатары күн санап толығуда. Бұған дәлел ретінде мектебіміздегі «Әкелер» және «Аналар» клубтары жұмыс жасай бастады. Ағаш ұстасы және тігін шеберханасы мен тамақтану мәдениеті кабинеттерінде балалармен бірге шығармашылық жұмыстар жасалуда.

Қазіргі заманауи ұрпаққа дұрыс бағыт беру оқу мен тәрбиеге негізделеді. Жаңа заман талабына сай, мәдениетті, білімді, қоғам өміріне бейімделген тұлғаны қалыптастыру әрекеті осылайша жаңа қарқын алуда. Білімді ұрпақ – заман талабы.





Куанышев Азамат Ермекович

Мектеп директоры

Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейі

Ақмола облысы, Бұланды ауданы,

Макинск қаласы

bul-bshmektep-lisei@yandex.kz

Оқу жетістігі – мектеп мақтанышы

Елімізді өркениетке апарар жолдың бастауында мектеп тұрады. Ал мектептің жүрегі – мұғалім екені айтпаса да түсінікті. Оқушыны білімге қызықтырып, өз әлеміне баурап алу үшін ұстазға дариядай терең білім, еңбекқорлық керек. Мектебімізде осындай қабілет пен қасиеттерді бойына сіңіре білген ұстаздар жетерлік. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, мектебіміздің ұстаздары мағыналы да өнегелі тәрбие мен сапалы білім беруде.

Мектептің алдында тұрған көп міндеттердің бірі – болашақ ұрпаққа кемел әдістермен толыққанды, мазмұнды білім беруді жүзеге асыру. Біздің білім беру саламызда жасалып жатқан өзгерістердің барлығы жас ұрпақтың болашағы үшін деп білемін.

2022 жылдан бастап «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Білім беру саласын тұрақты дамыту» ҚҚ және «Қазақстан халқына» ҚҚ-мен бірлесіп «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасын іске асыруда. 2023 жылғы мамыр айынан бастап біздің мектеп аталмыш жобаға енді. Қазіргі уақытта 25 оқу кабинеті, оның ішінде STEM-зертханасы, арт-студия, телестудия, акт залы, спорт залы, робототехника кабинеттері жабдықталды.

Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейінің жоспары бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде мектеп ұжымы мен оқушылары көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтсақ, 2023 жылы Хасихан Еңлік «Үздік педагог» атанса, Устажанова Ляззат Амантаевна Алматы қаласында өткен «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық байқауының номинация жеңімпазы болды.

Пән мұғалімдері тарапынан дарынды да қабілетті оқушылармен жүйелі жұмыстар жүргізіліп, ауыз толтырып айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Оларға тоқталып өтсек, 2024 жылғы сәуір айында Түркияның Анталия қаласында өткен Robotex Turkiye – 2024 халықаралық чемпионатына қатысып, Италияға әлем чемпионатына жолдама алдық.

Ғылыми жобалардың жүлдегерлері: «Мектеп және университет: ғылыми ынтымақтастықтың қырлары» жобасымен Бақытбекқызы Фариза II дәрежелі диплом иеленді (2013 ж.). Пән мұғалімі: Теңсел Бердігүл. Көкшетау қаласында өткен облыстық кезеңінде 9 «А» сынып оқушысы Мамай Нүкен математика пәні бойынша «Құрылыстағы математикалық модельдеу» тақырыбында ғылыми жобасын қорғап, II орын «Күміс медаль» иеленді. Пән мұғалімі: Г. Т. Кажаканова.

Жеткен жетістіктерімізді айта берсек жетерлік, бұл ретте облыс және республика көлеміндегі жетістіктерге тоқталуды жөн көрдік.

Уақытпен санаспай, еліне қалтқысыз қызмет етіп, жас ұрпақты білімге, жарқын болашаққа жетелеп жүрген жандар – ұстаздар. Болашақта бұдан да жоғары жетістіктерге қол жеткізіп, білімнің биік шыңдарын бағындыра беру – біздің басты мақсатымыз.



Мусин Серикбай Букунович

Директор школы

Общеобразовательная школа имени Досова

Село Катарколь, Бурабайский район,

Акмолинская область

serikbai.musin@yandex.kz

Проект «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности» как фактор перезагрузки образовательной среды

В современном мире образование является одним из ключевых факторов развития общества. Однако, несмотря на общие тенденции модернизации образовательных систем, многие считают, что сельские школы часто остаются в стороне от прогресса. Проект «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности» нацелен на изменение этой ситуации, предлагая комплексный подход к перезагрузке образовательной среды в сельских школах.

Первым шагом проекта было определение опорных школ, которые будут служить центрами развития образования в своих регионах. И нам повезло: ОШ имени Досова села Катарколь оказалась в числе первых опорных школ. Педагоги получили дополнительные ресурсы и поддержку для улучшения качества обучения и условий для учащихся.

Посредством модернизации инфраструктуры, повышения квалификации учителей и внедрения новых технологий проект не только улучшает качество образования, но и создает более вовлечённую и инклюзивную образовательную среду, способствующую развитию каждого ученика. Этот проект демонстрирует, что с соответствующей поддержкой и инвестициями, сельские школы могут стать центрами инноваций и успеха, обеспечивая равные возможности для всех детей, независимо от их местоположения.

Одним из основных факторов перезагрузки образовательной среды в рамках данного проекта является обучение педагогов. Современное образование требует от учителей постоянного развития и повышения квалификации. В 2022–2023 учебном году в рамках реализации проекта для педагогов нашей школы были проведены обучающие семинары, вебинары, тренинги, стажировки, организованные Фондом устойчивого развития образования, АОО «НИШ», филиалом Центра педагогического мастерства г. Кокшетау. Данные мероприятия способствовали созданию коллаборативной среды для совместного обучения, а также помогли педагогам усовершенствовать методику преподавания, пополнить знания в области новейших образовательных технологий.

Повышение уровня профессионализма учителей имеет прямое влияние на качество образования, обеспечивая более эффективное и современное обучение для учащихся. Согласно результатам мониторинга учебных достижений учащихся 8 и 4 классов, можно отметить рост качества знаний и стабильную успеваемость. Также учащиеся школы стали активными участниками и призёрами областных и республиканских мероприятий: Республиканская олимпиада по общеобразовательным предметам, Первая олимпиада для сельских школьников, «Мың бала», «IQanat», «Robotek Gand Tournament».

Благодаря улучшению материально-технической базы (кабинеты робототехники, STEM, INTELLEKTUM) у учащихся появилась возможность развивать навыки программирования, исследования, критического мышления.

В рамках проекта была организована система непрерывного обмена профессиональным опытом с коллегами района. Так, в течение двух лет учителями школы было проведено около 60 различных районных и областных мероприятий, целью которых было продемонстрировать полученные знания в ходе стажировок, семинаров, тренингов. Это привело к значительному улучшению методики преподавания и, как следствие, к повышению успеваемости учащихся.

В целом, проект «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности» является важным фактором перезагрузки образовательной среды. Он способствует повышению качества образования и доступности образовательных услуг для детей, проживающих в сельской местности. Благодаря этому проекту учащиеся из малонаселённых районов страны имеют возможность получить качественное образование и реализовать свой потенциал, что в долгосрочной перспективе может способствовать улучшению жизни в сельской местности и развитию региона в целом.





Туркестанбаева Акнур Арысбаевна

*Мектеп директоры
Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы
жалпы білім беретін орта мектеп
Ақмола облысы, Аршалы ауданы,
Жібек жолы ауылы
masha_astana5@mail.ru*

Ауылдық тірек мектепті дамытудағы көшбасшылық әлеуетім

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында «Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы Жібек жолы ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ алған маңызды инсайт тәрбие жұмысында 7–11 сыныптар арасында «Шаңырақ» жобасын іске асыруымызға негіз болды. Ағымдағы оқу жылында «Шаңырақ» жобасы аясында 18 сынып 9 шаңырақ болып қатысып, үлкен белсенділік танытты. Әртүрлі зерттеу жұмыстарын жүргізген шаңырақ мүшелері арасында жоба қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталды. Оларға бас жүлде, I, II және III орын марапаттары берілді. Бас жүлде иеленген «Жамбыл» облысы 10 «Б» сыныбы және 7 «Б» сыныбы, ал белсене қатысқан 20 оқушы мен жетекшілеріне демеушілердің қолдауымен «Баянауыл ұлттық паркіне» жолдама берілді.

Осы жоба нәтижесінде жоғары сынып оқушылары мен төменгі сынып оқушыларының жаңа ортаға жеңіл бейімделуіне қолайлы жағдай жасалды, олардың көшбасшылық қабілеттері дамыды, уақытты бірлесе өткізіп, кез келген мәселенің шешімін табуға, креативті ойлап, тұлға ретінде өз бетінше әрекет етуге үйренді. Әлеуметтік жобаларға, сабақтан тыс шараларға қатысу, үйірмелер мен клубтар таңдауда бір-біріне көмек көрсету арқылы ұжымдық рух қалыптасты.

4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу мектебіміздің оқыту және оқу сапасына айтарлықтай әсер етті. Бұған дейін математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы, оқу сауаттылығы бойынша тапсырмалар орындау барысында оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін көрсетуде қиындықтар болатын. Мониторинг нәтижелері бойынша арнайы жоспар құрылып, пән мұғалімдерімен тапсырмалар бойынша зерттеу жұмыстары жасалды. Әр оқушының олқылықтары анықталып, білім алушыларға қосымша сабақтар жүргізілді.

Әрбір пән бойынша пәндік дағдыларды дамытуға бағытталған оқу мақсаттарын жүзеге асыру әдістері мен тәсілдеріне, оқушылардың зерттеу дағдылары мен функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған семинарлар мектебіміздегі оқыту мен оқудың сапасына оң әсер етті. Ағымдағы оқу жылында білім сапасы I тоқсанда – 49,6%, II тоқсанда – 52%, III тоқсанда – 64%, IV тоқсанда – 67% көрсетті.

Мұғалімдеріміз өз істерін жүйелі жоспарлап, рефлексия жасау, сабақта оқу мақсатын тиімді қоя білу, уақытын тиімді пайдалану, іскерлік дағдыларын нығайтты, АКТ-мен жұмыс жасау біліктілігін арттырды. Ерекше атап өтетін жайт,

ұстаздардың жұмысқа деген белсенділігі, ал білім алушылардың оқуға деген құлшынысы артты.

Семинарларға қатысқан мұғалімдердің оқу нәтижелері бойынша өздері сабақ беретін сыныптарында білім сапасы жоғарылады. Зерттеу жұмыстары жүргізіліп, жобаларға, пәндік олимпиадаларға белсене қатысты, жүлделі орындар санының артуынан-ақ жақсы қорытынды шығаруға болады.

Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлерімен жұмыс істеу кезінде мұғалімдер жұмысының нәтижелілігі көтерілді. Ұстаздарды оқыту барысында түрлі заманауи әдіс-тәсілдер тиімді қолданылып, ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу жүргізілді.

Зияткерлік мектептер ұйымдастырған тағылымдамалардан кейін 16 ұстазымыздың авторлық жұмыстары, озық педагогикалық тәжірибелері облыс көлемінде таратылатын болды. Мектеп биылғы жылдың жетістіктерін қорытындылай келе, «Үздік ұйым», «Жыл директоры» байқауларына қатысуда.

Мектепте жалпы білім беруде педагогикалық ұжымдық үйлесімділік, ұйымшылдық артты. Қоғам талабы мен жеке тұлғаның сұранысын қамтамасыз ете алатын ұстаздар дараланып, көшбасшылық қасиеттерін шындай түсті.

Жоғары білімді, шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін қоғам алдында жауапкершілік жүгін арқалаған білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға – ұстаз. Меніңше, мектеп – барлық рухани өркениеттің ордасы. Мектеп адамның жан-жақты дамуына, өз бетімен білімін жетілдіруіне жағдай жасайтын, таңдау мүмкіндіктерін туғызатын, еркін әрі шығармашылық тұрғыда қызмет етуге мүмкіндік беретін ошақ болуы тиіс.





Абдрахманова Айжан Кыдырбековна

Мектеп директоры

№ 1 Хромтау орта мектебі

Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы

aizhan.abdrahman@mail.ru

Ел болашағы біздің қолымызда


Бүгінгі таңда елімізде балалардың жан-жақты дамуы мен сапалы білім алуына барлық жағдай жасалған және жасалып келеді, өйткені ХХІ ғасыр – білімнің, ғылымның, өндірістің дамыған ғасыры. Ал еліміздің көсегесін көгертіп, ғылымын көркейтетін ол – білімді, саналы ұрпақ. Сондықтан да өскелең ұрпаққа қазіргі қоғам талабына сай сапалы білім беру мен оларды бәсекеге қабілетті етіп оқыту мен тәрбиелеу ісінде «Қазақстан халқына» ҚК, «Білім беруді тұрақты дамыту» ҚК және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бірлесіп жүзеге асырып жатқан жобаның мәні зор. Қазіргі таңда бұл жоба аясында мектептерде цифрлық шешімдерді енгізу арқылы білім беру сапасы мен оқыту тиімділігін арттыру, материалдық-техникалық базаны нығайту, педагогтерді кәсіби дамыту барысында атқарылып жатқан жұмыстарға куә болып отырмыз. Ендеше жаңа формациядағы мектепті қалыптастыру мәселелерінде жоба нәтижелері талдамаларының көмегі тиетіні сөзсіз деп ойлаймын.

Өзім басқарып отырған Хромтау қаласындағы № 1 мектеп ұжымы «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасын іске асыру барысында маңызды қадамдар жасауда. Бұл жоба мектеп үшін өте табысты болып отыр. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалды. Мектептің материалдық-техникалық базасы жетілдірілді. Мектебімізде жоба аясында жүргізіліп жатқан шаралардың оқушылар үшін де, мұғалімдер үшін де пайдасы мол. Магниттік және тірек мектептердің педагогтерімен түрлі жұмыстар атқарылуда, яғни мұғалімдердің біліктілігін арттыру, кәсіби дамуы үшін түрлі кездесулер, семинар, конференциялар ұйымдастырылуда.

Осыған орай жоба қатысушысы ретінде «Бұл жұмыстың ел болашағы – өскелең ұрпаққа берері неде?» деген сұрақ туындайды. Демек бұл жерде оқыту мен тәрбиелеу ісінің бастауы – мектеп, ал Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтсақ, мектептегі басты тұлға – білімді, озық педагогика мен әдістемеден хабардар жан-жақты мұғалім. Мен басқарып отырған мектепте мұғалімдердің сапалық құрамы тиісті көрсеткіштен төмен, 29%-ды ғана құрап тұр. Сондықтан мұғалімдердің кәсіби деңгейін дамыту үшін Ақтөбе қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде ұйымдастырылған семинарлар барысында пән мұғалімдері сабақтың

мақсатына қалай жетуге болатындығы туралы нақты қадамдарды, яғни жетелеуші диалог, ұғыммен жұмыс, проблемалық жағдаяттар туындату секілді т.б. тапсырмаларды беру бойынша тиімді жолдармен танысып, кейін оны өз сабақтарында қолданды. НЗМ-ның жоспарына сәйкес пән мұғалімдерінің сабақтарына әдістемелік қолдау көрсетудің оқыту мен оқудың сапасына ықпалын атап өтер едім. Өйткені «Тиімді жоспарлау арқылы оқыту мен оқу тәжірибесін жақсарту» тақырыбындағы семинар-кеңес мектебіміздің әр пән мұғаліміне сабақта оқушы нені түсініп, нені білуі, нені үйренуі керектігін анықтауды оңтайландырды, ұстаздар әрбір пән бойынша пәндік дағдыларды дамытуға бағытталған оқу мақсаттарын жүзеге асыру әдістерін меңгерді деп есептеймін. Бұған мен мұғалімдердің сабақтарына кіру, өткізген ашық сабақтарын талдау арқылы көз жеткіздім және қазір пән мұғалімдері өздерінің оқушыларын пән бойынша өткізіліп жатқан байқауларға сапалы дайындап қатыстырғанын байқадық. Осындай семинарларға қатысқан мұғалімдер өткізетін сабақтарының жоспарына да назар аударды. Мұғалімдердің тиімді жоспарланған сабақ – нәтижеге бағытталған білім беру негізі екендігіне және оқыту үрдісінде білім беру жүйесіндегі дағдыларды оқушы бойына жақсылап дарыту арқылы білім сапасын арттыруға болатынына көңіл бөле бастағанын байқадық. Бүгінгі таңда мектеп мұғалімдерінің оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға назар аударып, сол мақсатта әр сабақтың сапалы өтуі үшін оқушылардың жас ерекшеліктеріне, қызығушылығына, бейімділіктеріне қарай ең тиімді әдістерді қолданып, оқушыны оқыта отырып, жалпы дамыту, қабілетін ашу, өз бетінше іздену, шешім қабылдауға дағдыландыруға көңіл бөле бастағанын аңғардық. 4–8 сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне жүргізілген мониторинг нәтижесі де білім сапасының артқанын көрсетіп отыр. Егер жыл басында 8-сынып 27%-ды көрсетсе, жыл қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 59% болды. 4-сынып жыл басында 29%-ды көрсетсе, кейінгі нәтиже 63%-ды құрады. Ал мектебіміздің білім сапасына келсек, былтырғы оқу жылына қарағанда өсім бар, биылғы көрсеткіш – 54%.

Оқушылардың шығармашылық жұмыстарға, түрлі байқауларға, олимпиадаларға, жоба байқауларына қатысуында да өзгерістер бар. Биылғы оқу жылында облыс деңгейіндегі жүлделі орындар саны – 41, бір оқушымыз республикалық деңгейге дейін жетіп, жүлделі орынмен оралды. Жобаның № 1 Хромтау орта мектебінде жүзеге асырылуы барысында мектебімізге жаңа серпін – жаңашылдық келді. «Білімді ұрпақ – жаңашыл ұстаздан» дегендей, білім сапасын арттыруға қажетті талаптың бірі – білімді, ізденгіш, жаңашыл оқытушы, ондай ұстаздан білімді оқушы шығады. Қорыта айтқанда, мектебімізге енгізілген жоба аясында жүргізілген қайта жаңғыртулар жаңа мақсаттарға серпін берді, мұғалімнің өз кәсібіне деген көзқарасын өзгертті.



Дюсекова Айна Ертаевна

*Директор школы
Бадамшинская средняя школа № 2
Село Бадамша, Каргалинский район,
Актюбинская область
utarova66@inbox.ru*

Продвижение качества образования в сельской местности: открытия, достижения и перспективы

Когда мы готовы изменить свой подход к работе и принять новые идеи, мы открываем двери к инновациям и прогрессу. Я полностью соглашусь с этим тезисом, так как для успешной адаптации к постоянно меняющемуся миру необходимы постоянное обучение и готовность к изменениям.

С 2023 года наша школа принимает участие в проекте «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности». Этот проект стал катализатором для нашего развития, привнёсшим в нашу образовательную среду новые возможности и подходы. В этом эссе я расскажу о нашей работе и достижениях, основанных на опыте проекта.

Первое, что мы осознали, – это важность современных образовательных технологий и оборудования. Благодаря проекту 25 кабинетов нашей школы были обеспечены современным учебным оборудованием: от STEM-лаборатории до музыкального кабинета. Это позволило нам создать пространство для инноваций и исследований для наших учеников.

Нами было создано пять групп:

1. Исследовательская группа – Lesson Study
2. Рабочая группа проекта
3. Адаптационная группа
4. Группа наставников
5. Профессиональная консультационная группа.

Работа этих групп направлена на повышение качества образования в школе через организацию совместной работы педагогического коллектива, обмен опытом и профессиональную поддержку. Каждая из них выполняет свою уникальную функцию, способствуя эффективности образовательного процесса и профессиональному развитию учителей.

Следующим шагом стало проведение мониторинга учебных достижений учащихся 4 и 8 классов, что является ключевым инструментом для оценки качества преподавания и обучения. Результаты этого мониторинга помогли нам выявить слабые места и сфокусироваться на них. Например, благодаря этому мы усилили учебные программы в области математики и естественных наук.

На базе областных филиалов НИШ и в Центрах педагогического мастерства были организованы курсы повышения квалификации по предметам, в том числе по обновлённой программе обучения, а также курсы по объективному оцениванию, цифровой грамотности и воспитательной работе.

С начала 2023 учебного года 100% наших учителей прошли обучение и получили сертификаты НИШ, что подтверждает их профессиональный уровень.

Также учителя нашей школы провели ряд успешных семинаров для магнитных сельских школ: Жосалинская средняя школа-детский сад, Алимбетская средняя школа-детский сад, Саздинская средняя школа. Были проведены областные семинары, после которых все преподаватели были награждены благодарственным письмом Национального центра профессионального развития «Орлеу» за выражение серьёзных мыслей и ценного мнения. Мы делились новыми методами обучения и оценивания, а также давали практические рекомендации по внедрению цифровых технологий в учебный процесс. Это позволило распространить передовой опыт и помочь другим школам в их профессиональном росте.

Работа с тренерами Центра педагогического мастерства оказала огромное влияние на качество нашей работы. Учителя получили новые навыки и подходы к преподаванию, что отразилось на уровне мотивации и эффективности занятий. Мы стали более гибкими и инновационными в своей методике.

Одним из ключевых результатов стало активное участие наших учеников в образовательном процессе. Мы внедрили различные методы оценивания, вовлекая учащихся в процесс самооценивания и обратной связи. Также мы активно работаем с родителями, включая их в учебный процесс и консультируя по вопросам обучения.

Проект «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности» стал для нас не просто возможностью, но и толчком к развитию. Мы получили не только новые знания и навыки, но и укрепили связи в образовательном сообществе. Наша школа гордится своими достижениями и готова к новым вызовам на пути к ещё более качественному образованию для всех учеников.



Еспанова Лаззат Хамзиновна

Мектеп директоры

Т. Жүргенов атындағы орта мектеп

Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы,

Т. Жүргенов ауылы

espanova72@gmail.com

Ауыл мектебінің өркендеуі – қоғам игілігінің кепілі

«Ауыл – елдің алтын бесігі, мектеп – ауылдың ұйытқысы» дегендей, жаңа оқу жылынан бастап Т. Жүргенов атындағы жалпы орта білім беру мектебінде «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы жүзеге асырылып, ауыл мен қала мектептерінің арасындағы білім сапасындағы алшақтықты жою мақсаты қолға алынып отыр. Аудан бойынша мектебіміздің жаңашылдыққа алғашқылардың бірі болып қадам басқанын мақтан тұтамыз! Әрине,

жобаны жүзеге асыру барысындағы магниттік мектеп оқушыларын онлайн оқытудың өзіндік қызығы мен қиындығы болмай қойған жоқ. Әріптестерімнің бойында «Алғашқы сабақты қалай өткіземіз?» деген қобалжу болды, дегенмен қызығушылық пен үлкен ізденістің арқасында қазіргі таңда жақсы нәтижеге қол жеткіздік. Зияткерлік мектептер ұйымдастырған оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу оқу сапасын арттыруға мүмкіндіктер берді, себебі мониторинг төмен меңгерілген пәннен оқу мақсаттары бойынша жетілдіру сабақтарын жүргізу мұғалім жұмысының нәтижесін көрсетті. Мектепте пәннің мазмұнын оқушыларға толыққанды жеткізу үшін «Цифрлық құралдарды қолданып, сабақты жоспарлау», «Пәндік құзыреттілік – сапалы білім беру кепілі» атты семинарлар ұйымдастырылды, сонымен қатар цифрлық сауаттылықты әрі қарай жетілдіру және оны қолдану пәнді меңгеруге ықпал етті.

Біздің мектеп тірек мектеп болғандықтан, биылғы оқу жылында тәжірибе алмасу және ынтымақтастық орнату мақсатында мұғалімдеріміз саналы және сапалы білім беру үшін жаңа әдістерді жүйелі қолданды. Тірек және магниттік мектептердегі оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін, саналы әрі сапалы математикалық білім беру мақсатында «Bilimland» платформасын қолдана отырып сабақтар өткізді, сабақты бекіту кезінде «Kahoot», «Quiz», «Wordwall» цифрлық ресурстарын пайдаланды. Алдағы уақытта осы жоба ауыл мектептеріне қолдау көрсетуге, тәжірибені жетілдіруге, магниттік мектептердегі оқу және оқыту тәжірибесін жаңартуға өз ықпалын тигізеді деп ойлаймын.

Қазіргі таңда Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлерімен бірге жұмыс істеудеміз. Мектебімізге Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлері келіп семинарлар өткізіп, өз тәжірибелерімен бөлісті, соның нәтижесінде мектеп мұғалімдері сабақты тиімді жоспарлауды жетілдіріп, жаңа бір серпіліс алды, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артты. Мектебіміздегі телестудия кабинеті жыл бойы мерекелік шараларда үздіксіз жұмыс жасап келеді.

«Әр бала – жарқыраған бір жұлдыз» дегендей, кейбір балалардың дарыны ашылып, музыкалық аспаптарға деген қызығушылықтары артты. Сазсырнай, ксилофон, кастаньет, трещотка аспаптарына деген қызығушылық 5–6 сынып оқушыларының музыкаға деген сүйіспеншіліктерін оятты. Сонымен қатар көркем еңбек кабинетіне келген тігін машиналарымен жұмыс жасау арқылы оқушыларымыз тігіннің қыр-сырын меңгерді, асүй жабдықтарын қолдануды үйренді.

Тірек мектептің тәжірибесі оқушылардың қоғам талабына жылдам бейімделуін, болашақ кәсіби маман иесі болу жолындағы жаңа өзгерістерді оңынан қабылдауын, цифрландыру кеңістігін еркін меңгеруін айтарлықтай жеңілдетері хақ.



Жонисова Маржан Салимгереевна

Мектеп директоры

Ж. Жүсібалиев атындағы

Ойыл қазақ орта мектебі

Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы

zhusibaliiev@mail.kz

Оқыту мен оқу – нәтижеге қол жеткізу кепілі

Ж. Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы аясында бірқатар жұмыстар атқарды.

Жобаның жүзеге асырылуы барысында сабақтарда BilimLand, Daryn.Online, Орік және TopIQ оқу-білім платформалары қолданылды. Цифрлық технологияларды қолдану оқушыларға қолайлы оқу қарқынын, материалды ұсынудың ыңғайлы принципін, сабақтың ұзақтығын, қосымша ақпаратты таңдауға мүмкіндік берді. Оқыту мен жетістікке ынталандыру арқылы көшбасшыларды тәрбиелеуге және сапалы білімге қол жеткізілді. Білім сапасы 3%-ға көтерілді, бұл да жетістік.

4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу барысында қолданылған тапсырмалар оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін ғана емес, сонымен қатар білімін, білігін және дағдыларын (талдау, синтез және бағалау), оқу сауаттылығын (тілдік пәндер бойынша) бағалауға мүмкіндік берді, осы мониторинг негізінде өзіміздің осал тұстарымыз анықталып, олар бойынша мұғалімдер жұмыс істеуде.

Оқушының белгілі мәдени ортада өмір сүру мүмкіндігі мен әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін функционалдық сауаттылығы, білімі, білігі, дағдылары дамып, оқыту мен оқудың сапасы артты.

Мұғалімдердің өз қызметінде цифрлық технологияны қолдана отырып оқитудың жаңа әдіс-тәсілдерін дайындап, қолдануы байқалады. Оқушыларды тәрбиелеу барысында өздерінен зор жауапкершілік күтілетінін сезінетіндігі, сабаққа үнемі дайындықпен келуді, өмірдегі өзгерістерді, алға дамуды үйрету міндетін, сабағын дұрыс жоспарлап, маңызды бөлімдерге жеткілікті уақыт бөлуді, төзімділік таныту, үйрету, жаңа пікірлерін жеткізе білу дағдысын дамытуды алға қойғаны аңғарылады.

19–20 қыркүйекте өткен мектеп педагогтерінің әдістемелік семинарына 23 педагог қатысты. Мұғалімдеріміз «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Ауыл мектебінің өркендеуі – қоғам игілігінің кепілі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына, «Жас ұстаз: табысқа апарар жол» жас ұстаздардың II өңірлік форумына, Назарбаева Зияткерлік мектептері базасында «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында жаратылыстану бағыты бойынша STEM-тренингке, Білім беру бағдарламалары орталығының ауыл мектептерінің мұғалімдеріне арналған «Бастауыш мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын қалыптастыру» оқыту семинарына қатысып, өз білімдерін толықтырды.

Назарбаева Зияткерлік мектептері ұйымдастырған облыстық «Ғылым фестивалі – 2024» ғылыми жобалар байқауына 5 оқушы қатысып, 2 оқушы I орын, 2 оқушы II орын, 1 оқушы III орын иеленді. Аталмыш семинарлар мұғалімдерді жаңа жетістіктерге ынталандырды. Педагогикалық шеберлік орталығы ұйымдастырған «Жас ұстаз: табысқа апарар жол» II республикалық форумына екі жас мұғалім қатысты. «Lesson Study: Қазақстан педагогтерінің тәжірибесі» VII өңірлік конференциясына 5 мұғалім қатысып, алғыс хатпен марапатталды.

Алдағы оқу жылында да мұғалімдер оқушыларды тұлға ретінде қалыптастыру мақсатында өз жұмыстарында озық технологияларды қолданады деген сенімдемін.



Ибрашева Данагул Дулатовна

Мектеп директоры

№ 3 мектеп-гимназия

Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы,

Қандыағаш қаласы

shkola3.21@mail.ru

Табысты мектеп үлгісі – тірек мектеп

Білім маңызды мемлекеттік, қоғамдық және жеке тұлғалық құндылықтарға ие. Мемлекетте заман талаптарына сай жас ұрпаққа берілетін білімнің мәні жаңа сипатқа ие болып, жаңа ұстанымдар көзделеді және осыған орай бұл жеке мемлекеттің білім жүйесіндегі терең де ауқымды реформаларымен жалғасын табады. Талаптарды жүзеге асыру барысында педагогтеріміз де қарқынды дамудың қозғаушы күшіне айналды десек, артық айтқандық емес. Бүгінде барлық білім беру мекемелерінің міндеті – оқушылардың өзінің мақсатты бағдарын дұрыс түсінуіне, тұлғалық жан-жақты ашылуына, бәсекеде қабілеттілік танытуына жағдай жасау. Мұндай міндетті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беріп отырған шешімдердің бірі – білім беру саласындағы пилоттық жобалар.

Биылғы оқу жылында «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы аясында мектебіміз тірек мектептер қатарына енді. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорынан 250 миллион теңге бөлініп, мектептің материалдық-техникалық базасы толығымен жаңартылды.

Жоба ерекшеліктерінің бірі – мектеп мұғалімдерінің НЗМ-ға барып, тәжірибе жинақтау мүмкіндігі. НЗМ-ның ұйымдастыруымен өткізілген семинар-практикумға мектебіміздің 68 мұғалімі қатысып, өзара тәжірибе алмасты. Сондай-ақ Зияткерлік мектеп ұстаздары тәжірибе бөлісу мақсатында мектебімізге келіп, жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша кабинеттерді тиімді пайдалану мүмкіндіктерін көрсете отырып қолдау білдірді. Жыл соңында келген Зияткерлік мектеп ұстаздары пән мұғалімдері сабақтарындағы өзгерістерге, топтық жұмыстар мен кері байланысты ұйымдастыра алу шеберліктеріне және оқу

мақсаттарын жүзеге асыру барысындағы пән мұғалімдерінің ізденістеріне оң бағасын беріп кетті. Сонымен қатар өзге өңірлердегі тірек мектептерінде, соның ішінде Алматы, Астана қалаларында ұйымдастырылған семинарларға қатысқан мектеп ұстаздары мол тәжірибе жинақтап келді.

Ұстаздарымыздың шығармашылық әлеуеті артып, жақсы нәтижелерге жетті. Мәселен, АӘД пәнінің мұғалімі, магистр Дәурен Ерланұлы Сүйіндіков «Педагогикалық идеялар панорамасы – 2023» республикалық байқауының «Денсаулық сақтау сауаттылығы» бағыты бойынша облыстық деңгейде I орын, республикалық деңгейде III орын иеленді. Оқушыларға патриоттық тәрбие беруді мақсат еткен білім ошағында ауданымызда алғашқылардың бірі болып Дәурен Ерланұлының жетекшілігімен «Жас сарбаз» патриоттық сыныбы ашылып, Мұғалжар аудандық Төтенше жағдайлар бөлімімен бірлескен меморандумға қол қойылды.

Информатика пәнінің мұғалімі Ерлан Конысбайұлы Байтулеков робототехника байқауының облыстық кезеңінде үздік нәтиже көрсетіп, жүлделі орынды иеленді.

Бүгінгі таңда біздің оқушыларымыз – үш тілде еркін сөйлеуге қадам басқан, жан-жақты, бәсекеге қабілетті жеке тұлғалар. Бұлай деуге себеп болатын жайттар – оқушыларымыздың түрлі деңгейдегі білім сайыстарында, пәндік олимпиадаларда, ғылыми жоба байқауларында жеңіске жетіп, жүлделі орындарды иеленуі. Атап айтсақ, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде мектебіміздің 3 оқушысы жүлделі I орынды иеленіп, жеңіс тұғырынан көрінді. Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының рейтингісі бойынша «Үздік олимпиадалық команда» номинациясымен жүлделі II орынды иеленіп, ауданның үздік мектептерінің үштігіне енді. «Зерде» және «Дарын» ғылыми жобалар байқауының облыстық кезеңінде екі оқушы жүлделі I орын алды. Сонымен қатар түрлі бағыттағы зияткерлік білім сайыстарында 430 оқушы үздік нәтиже көрсете білді. Оған қоса шығармашылық «Ақберен», «Ділмәр» шешендік байқауы, ақындар мүшәйралары, мәнерлеп оқу, эссе байқауларына 35 оқушы қатысып, жүлделі орындарды қанжығасына байлады. «Жарқын болашақ» олимпиадасының облыстық кезеңінде мектебіміздің оқушысы Якубова Сати жүлделі I орынды иеленіп, республикалық кезеңнен II орынды еншілеп келді.

4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу мектебіміздегі оқыту мен оқу сапасын жақсарту мақсатында дұрыс шешімдер қабылдауымызға ықпалын тигізді. «Магистрлер мектебі» жобасы жүзеге асырылып, мұғалімдердің зерттеушілік білімі, біліктері мен дағдылары шындалуда. Тәжірибелі мамандардың көмектесуді қажет ететін әріптестерін қолдауы нәтижесінде жыл соңындағы білім сапасы өткен жылмен салыстырғанда 5%-ға өскенін көрсетіп отыр.

Жаңа бастама өзгерістерге жол ашады. Мектебімізде биылғы оқу жылынан бастап бастауыш сыныптар бірлестігі бойынша 4 жоба жүзеге асырылды. Атап айтсақ, теле-студия мүмкіндігін пайдалана отырып 1-сынып оқушыларын қазақ тілінде еркін сөйлеуге баулу, мемлекеттік тілге деген құрметін арттыру мақсатындағы «Бала тілі – бал» жобасының әр шығарылымы Youtube-арнасына жүктеледі. 2-сынып оқушыларының ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, елжандылыққа тәрбиелеу мақсатында «Ұлттық құндылықтар» жобасы, 3-сыныптар бойынша балалардың сөйлеу мәнерін жетілдіру, бала бойында көркем-эстетикалық, шығармашылық, моральдік-этикалық нормаларды

қалыптастырып, өнерге баулу мақсатында «Сахна сыры» жобасы, 4-сыныптар бойынша математиканы үйренуге ынтасын арттыру, кез келген есепті өз көзқарасы бойынша өзгертіп шығаруға жаттықтыру мақсатында «Математика – ғылымдар патшасы» жобасы жұмыс жасайды. Химия пәні бойынша оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында бастау алған «Жас зерттеушілер» жобасы аясында білім алушылар қолдан сабын жасау әдістері бойынша сабын түрлерін жасап шығарды.

Ойымыздың түйіні – жоба мақсатын жүзеге асырудың оң жақтары өте көп. Тәжірибе бөлісуден, ізденіс нәтижелеріндегі жаңалықтардан, оқушылар мен педагогтердің қызығушылығынан, оқу жетістіктерінен тек қана ілгерілеудің болатынына көз жеткізіп отырмыз.



Истегулова Анара Гасыровна

*Мектеп директоры
Бестамақ орта мектебі
Ақтөбе облысы, Алға ауданы,
Бестамақ ауылы
anara.istegulova@mail.ru*

Тірек мектептен – жаңашыл мектепке

Бестамақ орта мектебі – Ақтөбе облысында «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасына енгізілген алғашқы тірек мектеп. Мектепте робототехника және STEM-кабинеті, телестудия, ағаш және металл өңдеу кабинеттері, сондай-ақ тігін шеберханасы мен ағаш өңдейтін ұстахана, арт-студия шеберханасы жұмыс жасайды.

Заманауи жабдықтар, тың өзгерістер, керемет жаңарулар мектеп тарихында толағай табыстарға жол ашты. Арт-студия шеберханасы арқылы оқушыларымыз бірнеше байқаулардың жеңімпаздары атанды. Халықаралық робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалі аясында робототехника бойынша «RoboLand – 2023» ашық чемпионатынан оқушымыз жүлделі II орынмен оралды. «Робототехника сабағында ұлттық ойындарды насихаттау», «3D модельдеуді «Көркем еңбек» сабақтарында тәжірибеге енгізу. Тұрмыстық құрал-жабдықтар мен электроарматураны жөндеу. Жеке бөлшектерді өңдеу» тақырыбында облыстық семинар өткізілді. Аталған семинарларда өз қабілеттері мен өнертапқыштығын көрсетіп жүрген оқушыларымыздың саны күн санап артып келеді.

Нәтижеге бағдарланған білім берудің мақсаты – оқушылардың таным қабілеттерін дамытып, алған білімдерін өмірлік жағдайларда пайдалануды қамтамасыз етуді көздейді. Жоба аясында жүргізіліп жатқан жұмыстардың негізгі мақсаты да сол. Атап айтсақ, 4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізіліп, оқушыларға берілген сипаттамалар аясында әр тапсырманы орындауға қатысты толық ақпарат берілді, мықты және осал тұстарына талдау жасалды. Соған сәйкес

мұғалімдердің сараланған жұмыс жоспарларын дайындап, іске асыруы арқылы мектебіміздегі оқыту мен оқу сапасында өсу орын алды.

Пәндік дағдыларды дамытуға бағытталған оқу мақсаттарын жүзеге асыру әдістері мен тәсілдеріне, оқушылардың зерттеу дағдылары мен функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған семинарлардың арқасында 9 команда, 9 зерттеу тобы, 3 тәлімгерлік жұмыс ұйымдастырылды. Нәтижесінде Республикалық аналитикалық олимпиададан мектеп командасы ІІ орын иегері атанды. Ал оқушыларымыз «Дарынды жас ғалым» ғылыми жобалар байқауында, Қ. Жұбанов университетінің жобалар байқауында жүлделі орындарды қанжығаларына байлады. Бірнеше облыстық пәндік олимпиадаларда жүлдегерлер шықты. Жас ұрпаққа жан-жақты білім беруде сапа категориясын бірінші орынға қойып отырған мектеп ұжымында «Озат тәжірибе» мектебі, «Жас маман» мектебі, «Шығармашылық топ» және пән бірлестіктері аталған мәселелерді талқылап, зерттеп, шешу жолдарын анықтауда ұйымшылдықпен табысты еңбек етуде. Бәрінің алдына қойған өзекті мәселесі: «Озық педагогикалық тәжірибені қолдана отырып бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастырып, нәтижелі білім сапасына қол жеткізу». Сапалы білім беруді көздеген ұжым оқушылардың мүмкіндіктерін алдын ала болжауға, модельдеуге ұмтылады, өйткені олар оқушының білім беру нарығында қабілетті болуы үшін ішкі тапсырыс талаптарына сәйкес болу керек екенін жақсы түсінеді. Соған байланысты мектеп деңгейінде сапалы білімге кеңінен қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында Әдістемелік орталықта әдістемелік жұмыстарды бірнеше бағытта жүргізіп келеді. Әдістемелік орталықта пән мұғалімдерінің, жас мамандардың әдістемелік көмек алуын, педагогикалық шеберлігін жетілдіруін, кәсіби бағыт-бағдар алуын негізге ала отырып аталған орталықтың жұмыс жоспары құрылды, «Ulagat» педагогикалық қауымдастығының, «Жас маманға көмек», «Біздің жаңашыл ұстаздар», «IT-тіл» жобасы, оқыту семинарлары, форумдар мен ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастырылып, ғылыми-әдістемелік көмекші кітаптар, баспасөз материалдары арқылы әдістемелік көмек берілуде. Сондай-ақ мектепте сабақтың оқу мақсатына қол жеткізуде нәтижеге бағытталып, оқушылармен бірге пән мұғалімдерінің де қосымша оқу ресурстарымен, платформалармен, электронды оқулықпен, интерактивті тақтамен жұмыс істей алуына ерекше мән беріліп, әртүрлі тақырыптағы сабаққа қажетті аудио-видео таспалар, дискілер, электронды оқулықтармен жабдықталған. Кез келген пән мұғалімі Әдістемелік орталықтан қажетті материалдармен қаруланып, дәстүрлі пәндер шеңберінен шығып, оқушылардың сұранысына, олардың ерекшелігіне сай, жеке басына бағытталған білім беру ісін жоғары деңгейде жүргізу жолында әдістемелік жұмыстар ұйымдастыруда.

Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлерімен жұмыс істеу мұғалімдер жұмысының сапасына оң ықпалын тигізді. 2022, 2023, 2024 жылдары ПШО жас педагогтердің тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастыру мақсатында «Жас ұстаз: табысқа апарар жол» жобасына бастамашы болды. Негізгі фокус – мектептегі білім беруді дамытуда стратегиялық маңызды кадрлық ресурс ретінде жас педагогтермен жүйелі әдістемелік жұмыс жүргізу. Жүйелі жұмыстың арқасында жастар арасында дарынды оқушымен жұмыс бағытында, ғылыми жобалар бағытында, тәрбие бағытында 3 команда құрылды. Lesson Study бойынша 8 зерттеу тобы құрылып, мектептің білім сапасы 52%-дан 55%-ға көтерілді. Мектептің сертификатталған 4 тренері педагогтер арасында 8 сағаттық курстар ұйымдастыруда.

Жаңашыл мектеп болу үшін тек материалдық базаны жаңарту жеткіліксіз. «Мұғалім – мектептің жүрегі», – деп қазақтың бас ұстазы Ыбырай Алтынсарин айтқандай, мектептің жаны да, жүрегі де, тірегі де – жақсы мұғалім. Біздің мектебіміз ұлағатты, шебер, өз ісін сүйетін ұстаздар капиталына өте бай. Мектеп мұғалімдері арасында «STEM», «Аналитиктер», «Тренерлер», «Тәлімгерлер», «Көлденең жоспарлау» тәрізді бірнеше команда жұмыс жасап жатыр. Аталған командалардың біріккен жұмысы білім сапасын көтеруде, мектептің жұмысын жүйелі жүргізуде өте тиімді. Қазір мұғалімдер арасында жағымды бәсекелестік қалыптасқан, олар әр сабағын ерекше етіп өткізеді және үздік тәжірибелерімен бөлісуге тырысады.



Каржауова Динара Хамитовна

*Директор школы
Мартукская общеобразовательная
средняя школа № 1
Село Мартук, Мартукский район,
Актюбинская область
martuk_sh1@mail.kz*

Доступность качественного обучения для учащихся сельских школ – ключевая задача современного образования

Если для народа главное богатство – здоровье, главные богатства для души – знания и искусство. Только при их помощи народы находят свое место в рядах цивилизации.

Главная задача – дать знания молодежи, научить ремеслу, дать им профессию.

Ахмет Байтурсынов

Комфортная школа... STEM-лаборатория, арт-студия, школьная телестудия, учебные мастерские, современная инновационная библиотека. Ещё два года назад это казалось неосуществимой мечтой, а в 2023–2024 учебном году в нашей школе был реализован проект «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности», который привнёс значительные изменения и улучшения в нашу образовательную деятельность.

Одним из ключевых инсайтов, полученных в ходе реализации проекта, стало понимание важности применения цифровых технологий на уроках. Учителя следовали тенденциям, происходящим в современном мире, а также требованиям поколения детей Z. В ходе проведения уроков с целью активизации познавательной деятельности учащихся педагоги применяли ресурсы edu.daryn.online, bilimclass.kz, topiq.kz, использовали приложение Sciencelearning и новые цифровые приложения (www.classstime.com/ru, www.educaplay.com, learningapps.org, wordwall.net/ru и др.).

Благодаря анализу результатов мониторинга в 4 и 8 классах, мы смогли выявить слабые места в обучении и улучшить методику преподавания. Полученные данные были использованы для коррекции учебных планов и программ, а также для индивидуальной работы с учащимися.

Семинары по методам и приёмам реализации целей обучения, проводимые педагогами НИШ, оказали значительное влияние на качество преподавания и обучения в нашей школе. Учителя приобрели новые навыки и умения, которые позволили им более эффективно взаимодействовать с учащимися и развивать их потенциал. Особенно стоит отметить улучшение уровня функциональной грамотности учащихся, которое произошло благодаря внедрению новых методик обучения с использованием цифровых ресурсов.

Работа с тренерами Центра педагогического мастерства, коллегами из НИШ также сыграла важную роль в улучшении качества работы учителей. Педагоги стали понимать важность изменения методики преподавания. Они получили не только новые знания, но и мотивацию для постоянного совершенствования своего мастерства.

Учителя и школа в целом достигли новых высот в образовательном процессе, что отразилось на успехах учащихся. Расширились возможности для их развития в различных областях знаний. Школа впервые приняла участие в республиканском конкурсе по робототехнике, а в республиканской предметной олимпиаде среди учащихся 9–11 классов на областном этапе призовые места заняли пять учащихся (в прошлом учебном году – 1 учащийся). В кабинете технологии, арт-студии, STEM-лаборатории созданы специальные условия для всестороннего развития учащихся.

Наша школа стала действительно «комфортной школой», ведь проект помог нам по-настоящему создать благоприятные условия для получения качественного образования, патриотического воспитания учащихся, развития потенциала педагогического коллектива, создания безопасных условий и благополучного пребывания в школе, а для коллектива это отличная возможность повысить профессиональное мастерство и улучшить школьную практику педагогов.





Машина Венера Мәженқызы

Мектеп директоры

Ы. Алтынсарин атындағы орта мектеп

Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы,

Ырғыз ауылы

altinsarin_irgiz@mail.ru

Тірек мектеп – тиімді тәжірибе

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасының жүзеге асырылуы барысында нақты жоспарлы жұмыстардың атқарылуы, педагог кадрларды қолдау және жетелеу мақсатында жүргізілген семинарлар мен конференциялар, өзге әріптестердің даму барысын тәжірибе жүзінде бақылау, қатыса отырып тәжірибе жинау мектеп өміріне тың жаңалықтар алып келді. Мектеп жұмысын жетілдіру, магниттік мектептермен бірлесе жұмыс істеу қажеттілігі туындағандықтан, ортақ жоспар құрылып, белгілі сұрақтар төңірегіндегі талдаулар ортаға салынды. Оқу ісі жөніндегі орынбасардың жетекшілігімен пән мұғалімдерінің жұмысы бір жүйеге қойылды. Жаңарған, модификацияланған кабинеттерде сабақтар жүргізу мұғалімдерге жауапкершілік жүктеді. Себебі, біріншіден, олар педагог кадрлар алдында магниттік мектеп оқушыларына сабақ жүргізсе, екіншіден, оқытуда жаңа әдістерді қолдану бойынша тәжірибе алмасты. Бұл әрбір пән мұғалімінің кәсіби өсуі мен дамуына өз ықпалын тигізді. Бұдан шығар түйін: жаңалық жаршысы – мұғалім! Итермелеуші күш – жауапкершілік!

4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізудің мектептегі оқыту мен оқу сапасына тигізген әсері зор. Алғашқы алынған бақылау нәтижесі төменгі сапаны көрсеткеннен кейін, отырыс өткізіліп, тиісті қорытынды шығарылды. Оқушылармен жүргізілген жүйелі жұмыстар олардың сабаққа қатысудағы жауапкершілігін күшейтсе, мұғалімнің сабаққа дайындалудағы ыждаһаттылығы артты. Мұғалімдердің сабақтарынан, оқушылардың байқау жеңімпаздары болуларынан кәсіби жетілу байқала бастады. Екінші мониторинг алынған кезде білім сапасында өсімнің бар екендігі анықталды. Бұл ата-ана, мұғалім, оқушы ұштағанына сенім жүктеді. Үздіксіз бірізді дайындалу нәтижесін көрген педагог кадрлар үшінші мониторингте жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Сыныптар арасында бәсекелестік орнап, білімге ерекше ұмтылыс байқалды. Мектептің пән мұғалімдері заманауи трендтерге сай оқытуды жолға қойды және оқытуда жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік туындады. Оқушылардың сабақтағы қызығушылығы артты. Бап та шабады, бақ та шабады, білімге ұмтылған биікте қалады.

Оқушылардың зерттеу дағдылары мен функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған семинарлар мектептегі оқыту мен оқудың сапасының жоғарылауына зор ықпалын тигізді. Семинарға қатысқан оқытушылар өз тәжірибесімен, оқыту траекториясымен бөлісті, заманауи оқыту технологияларының әдістері бойынша тәжірибелік дағдыларын іс жүзінде көрсете отырып, мұғалімдердің шеберліктерін шыңдады. Қазіргі кезде қоғам дарынды әрі қабілетті адамдарды қажет ететіндіктен, білім беру

саласында үздіксіз жаңалық енгізу – мектеп жұмысын дамытудың ең басты факторы. Әрбір семинар өз қызметінде қажетті өзгерістерді, әртүрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды, жаңа әдіс-тәсілдерді дер кезінде көрсетті. Білімін жетілдіріп келген педагог кадрлар жаңалықтарын өз сабақтарында, тәжірибелерінде дұрыс пайдаланып, кәсіби тұрғыда дами отырып оқыту мен оқу сапасын айтарлықтай жетілдірді. Тәжірибе алмасу – сапалы білім негізі.

Жауапкершілік, төзімділік, ұйымдастырушылық, дайындық, сауалдарға ашық болу мұғалімдер бойында бұрыннан бар дағдылар болса, келесі дағдылар: өнер-тапқыштық, жаңа технологияны еркін меңгеру, көпшіл болу, интернет желісімен жүйелі жұмыс жасау, кез келген ортада өзін еркін ұстау, әріптестерінің пікірімен санасу және басқа да дағдылар жұмыс барысында қалыптасты. Мұғалім – мәңгі нұрдың қызметшісі.

Осы семинарларға қатысқан мұғалімдердің оқу нәтижелері бойынша негізгі қорытындыға тоқталсақ, ұстаздардың кәсіби шеберлігі артты, білім сапасы көтерілді, оқушылар сабақта өздерін еркін ұстап, сабақ бойынша кез келген тақырыпта қысылмай жауап бере алатын болды.

Білімін жетілдіруді кез келген адам қай кезде де қажетсінеді. Осы орайда Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлерімен жұмыс істеу мұғалімдер жұмысының сапасына жан-жақты әсер етті. Білім-білігімен бөлісті, тәжірибе алмасты. Алған білімдері жетістікке жету жолындағы қиындықтарды шешуге көмектесті. Білім сапасын арттырудың маңыздылығын көрсетті. Мектеп мұғалімдерінің кәсіби әлеуетін көтеру жолында «Өрлеу» БАҰО, Назарбаев Зияткерлік мектептері, Педагогикалық шеберлік орталығының мамандары үздіксіз жұмыстар атқаруда. Осы оқытулар нәтижесінде мектеп базасындағы мектепшілік, магниттік мектептер жүргізген шаралар, аудандық семинарлар, ашық есік күндері, байқаулар, оқушылардың пәндік олимпиадалары тағы да басқа ауқымды іс-шаралар әдістемелік тұрғыдан жоғары деңгейде өтті. Бірлестіктер арасындағы онкүндіктер, семинарлар барысында оқып келген мұғалімдер өз тәжірибелерімен бөлісті. Түйін: «Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ».

Мектебімізде білім беру жұмысымен қатар оқушылардың білім деңгейін көтеру және оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында «Lesson Study» зерттеу жұмысы жүргізілуде. Педагогикалық шеберлік орталығынан дәріс алған мектеп тренерлері мен деңгейлік курс тыңдаушыларынан құрылған 3 топ қиындық тудырған мәселені талқылай отырып зерттеу сұрақтарын таңдап, сынып оқушыларының ішінен А, В, С топтарындағы оқушыларға зерттеу жұмыстарын жүргізді. Өткізілген зерттеу сабақтары біршама нәтиже берді. Жіберілген кемшіліктердің себептерімен жұмыс жасалып, алдын алу жолдары қарастырылды. «Lesson Study» зерттеу жұмысы алдағы уақытта да өз жұмысын тоқтатпайды.

Зияткерлік мектептер ұйымдастырған тағылымдамалардан кейін мұғалімдер және жалпы мектеп төмендегідей нәтижелерге қол жеткізді. 9 «А» сынып білім алушысы Даниярбек Мағжан аудандық, облыстық пәндік олимпиададан география пәні бойынша I орын, республикалық «Ауыл олимпиадасының» аудандық кезеңінен I орын иеленді. Жетекшісі: А. Т. Сағынбаева. Төмендегі оқушылар олимпиаданың облыстық кезеңінен II орын алды: 11 «Б» сынып білім алушысы Асу Назерке (жетекшісі А. Айдарова), 10 «Б» сынып білім алушысы Жарылғапова Еркеназ (жетекшісі


М. Жайман), 9 «А» сынып білім алушысы Қалмағанбет Нұрила (Д. Саудағалиева), 11 «А» сынып білім алушысы Ертарғын Маржан (жетекшісі А. Атантаева).

Тірек мектептің тағы бір ауыз толтырып айтатын жобасы – телестудия. Бұл оқушыларымыз үшін де тың жаңалық болды. Телестудия үйірмесі оқу жылының басынан бері өз мақсатына жетіп келеді. Қазір оқушылардың қызығушылығын оятқан бұл үйірмеде 2 топ жұмыс жасайды. Тірек мектеп заманауи құрылғылармен жабдықталған сайын өз өнімділігін арттыра түсуде. Мәселен, Қазақстандағы барлық Ы. Алтынсарин атындағы мектептермен телекөпірлерге қатысып, мектеп оқушыларының, өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысын ұйымдастыру бойынша тәжірибе алмасу да оңай бола түсті. Телестудия арқылы магниттік мектептің оқушыларымен де сұхбаттасып үлгердік. Түрлі ойын-сауық, танымдық бағдарламалар ұйымдастырылып, оқушылардың мұғалімдермен байланысы бұрынғыдан да нығая түсті. Мектептің тыныс-тіршілігімен таныстырып, жаңалықтарымен бөлісіп отыратын «Ыбырай жаңалықтары» бағдарламасы да бар. Бұл оқушыларымыздың қызығушылығын арттырып қана қоймай, болашақ мамандықтарын таңдауға үлкен жол ашып отыр.

2024 жылғы 24–26 қыркүйекте өтетін WALС2024 «Сабақ зерттеулері: Оқыту мен оқуды жақсартуға ұмтылыс» тақырыбындағы халықаралық конференцияға мектебіміздің бейін ісі жөніндегі орынбасары Г. Имантаева мен ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Г. Өтемісова «Reflective report on the research lesson of the lesson study» тақырыбында абстракт ұсынып, конференцияға шақырту алды.

Оқушылардың білім сапасын арттыру және оларға рухани тәрбие беру мақсатында цифрландыру кеңістігін еркін меңгеруде қыруар жұмыстар жоспарланған, тірек мектеп – Ы. Алтынсарин атындағы ЖББОМ ұжымы Қазақстанның іргесі бүтін, ертеңі нұрлы болуы үшін, тынбай еңбек ете бермек.





Салиев Сейтжан Аманжолович

Мектеп директоры

*№ 4 Шұбарқұдық жалпы орта білім беретін мектебі
Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарқұдық ауылы
seitgan@mail.ru*

№ 4 Шұбарқұдық жалпы орта мектебінің жетістіктері мен нәтижелері

№ 4 Шұбарқұдық жалпы орта мектебінде жүзеге асырылған жобалар барысында бірқатар маңызды инсайттар алынып, жаңалықтарға қадам жасалды. Мәселен, оқушылардың әртүрлі оқу әдістеріне реакциясын зерттей келе, білім беру процесін даралау қажеттілігі анықталды. Осы инсайт негізінде мектепте жеке оқыту бағдарламалары енгізілді. Сонымен қатар оқушылардың жобалау және зерттеу жұмыстарын орындау барысында сыни ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамыту қажеттілігі туындады. Бұл жаңалықтар мектеп жұмысын жақсарту үшін қолданылып, оқыту әдістемелерін жаңартуға, оқушылардың өзіндік жұмыстарын көбейтуге және оқу материалдарын қызықты әрі қолжетімді етуге мүмкіндік берді.

№ 4 Шұбарқұдық жалпы орта мектебінің 4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу оқыту мен оқу сапасына айтарлықтай әсер етті. Мониторинг нәтижелері негізінде әрбір сынып пен пән бойынша оқу жоспары қайта қаралып, оқушылардың әлсіз тұстарын түзетуге бағытталған шаралар қабылданды. Мысалы, 8-сынып оқушыларында физика пәнінен қиындықтар анықталғандықтан, қосымша сабақтар ұйымдастырылып, оқу бағдарламасы оңтайландырылды. Бұл шаралар оқушылардың үлгерімін жақсартуға, білім сапасын арттыруға септігін тигізді.

Оқу мақсаттарын жүзеге асыру әдістері мен тәсілдері

Әрбір пән бойынша пәндік дағдыларды дамытуға бағытталған оқу мақсаттарын жүзеге асыру әдістері мектепте оқу сапасын айтарлықтай жақсартты. Мысалы, жаратылыстану пәндері бойынша тәжірибелік зерттеулер, тәжірибе жүргізу әдістері қолданылды. Бұл оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытып, функционалдық сауаттылығын арттырды. Сонымен қатар семинарлар мен тренингтер барысында мұғалімдер жаңа оқыту әдістерін меңгеріп, оларды күнделікті сабақтарында тиімді пайдалануда.

Мұғалімдер меңгерген дағдылар мен біліктер

Жоба аясында тірек мектептің физика, химия, биология, ағылшын тілі, математика пәнінің мұғалімдері сабақ кестесіне сәйкес стриминг форматта сабақтар өткізді. Тірек және магниттік мектеп мұғалімдері қысқа мерзімді сабақ жоспарларын бірлесе құрып, сабақтың берілуі мен білім сапасын үнемі бақылап отырды. Айына бір рет тірек мектептің пән мұғалімдері магниттік мектептің оқушыларына офлайн форматта сабақтар, зертханалық жұмыстар ұйымдастырып отырды. Мұғалімдер өзара семинарлар мен тренингтер арқылы бірқатар маңызды дағдылар мен біліктерді меңгерді. Олардың ішінде заманауи білім беру технологияларын қолдану, жобалық оқыту әдістерін енгізу, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқыту

және ынталандыру әдістерін атап айтуға болады. Әсіресе сыни ойлауды дамытуға бағытталған тәсілдер мен инклюзивті білім беру тәжірибесінің маңызы ерекше.

Семинарларға қатысқан мұғалімдердің оқу нәтижелері

Тірек және магниттік мектептердің бірлескен жоспарына сәйкес 2024 жылғы 22 ақпан күні «Тірек және магниттік мектеп – ынтымақтастыққа қолайлы орта» тақырыбындағы аудандық семинар ұйымдастырылды. Семинар барысында мұғалімдер тәжірибелік жұмыстар ұйымдастырып, сабақ өткізуде қолданылатын цифрлық платформалардың тиімділігін көрсетті.

Семинарларға қатысқан мұғалімдердің оқу нәтижелері бойынша бірнеше негізгі қорытындылар жасауға болады. Біріншіден, мұғалімдер арасында кәсіби ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу күшейді. Екіншіден, әр мұғалім өз пәні бойынша оқушылардың оқу нәтижелерін жақсартуға бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді енгізді. Үшіншіден, семинарлар оқушылардың зерттеу дағдыларын, сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлерімен жұмыс істеу нәтижелері

Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлерімен жұмыс істеу мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыруға үлкен септігін тигізді. Тренерлерден алынған білім мен тәжірибе мұғалімдердің сабақ өткізу әдістемелерін жаңартуға, оқушылардың оқу жетістіктерін арттыруға бағытталған жаңа тәсілдерді енгізуге мүмкіндік берді. ПШО аудандағы тірек және магниттік мектептерде жаратылыстану пәндері бойынша бойынша жұмыс атқаруда. Соның ішінде ПШО мектебімізде химия, биология, информатика, математика, физика, орыс тілі пәндері бойынша курс өткізіп тұрады. Мұғалімдеріміздің Ақтөбе қаласындағы НЗМ тарапынан ұйымдастырылған пәндер бойынша шеберлік сабақтарына қатысуы нәтижесінде мектептегі оқыту сапасы айтарлықтай жақсарды.

Зияткерлік мектептер ұйымдастырған тағылымдамалардың нәтижелері

Зияткерлік мектептер ұйымдастырған тағылымдамалардан кейін № 4 Шұбарқұдық жалпы орта мектебінде бірнеше маңызды өзгерістер орын алды. Мұғалімдер жаңа білім беру технологиялары мен инновациялық әдістерді меңгеріп, оларды өз тәжірибесінде қолданды. Әсіресе жаңадан жабдықталған биология, химия, физика, информатика, робототехника, ұлдар және қыздар шеберханалары кабинеттеріндегі құрал-жабдықтармен тәжірибелік және зертханалық жұмыстар жүргізілді, оқушылар бастауыш сыныптар кабинеттеріндегі жаратылыстану бағытындағы құрал-жабдықтарды сабақта қолдану әдістерін үйренді. Бұл оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын жақсартуға мүмкіндік берді. Тағылымдамалар барысында алынған тәжірибе мектептің жалпы жұмысына оң әсерін тигізді, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы ынтымақтастықты нығайтты.

Қорыта келе, № 4 Шұбарқұдық жалпы орта мектебінде жүзеге асырылған жобалар мен іс-шаралар, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған жұмыстар оқу мен оқыту сапасын айтарлықтай жақсартуға ықпал етті. Оқу процесінде инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану арқылы оқушылардың білім деңгейін көтеруге, олардың зерттеу дағдылары мен функционалдық сауаттылығын дамытуға қол жеткізілді. Мұғалімдердің кәсіби тұрғыда өсуі мен тәжірибе алмасуы мектептің білім беру сапасын арттыруға жол ашты.



Срымова Сания Саматовна

*Мектеп директоры
Қобда қазақ орта мектебі
Ақтөбе облысы,
Қобда ауданы, Қобда ауылы
ssrymova@mail.ru*

Мектебіміз өзгермелі заман талабына ілесе алып жатыр ма?

Ел Президенті Қ. К. Тоқаевтың Жолдауындағы білім саласы бойынша алдымызға қойған міндеттердің бірі – қала мектептері мен ауыл мектептері арасындағы білім алшақтығын қысқарту. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша мемлекеттік бағдарламалардан ұлттық жобалар форматына көшіп, оған сәйкес нақты міндеттер, атап айтқанда, орта білім беру сапасын арттыру: Қазақстанның өңірлері, қалалық және ауылдық мектептері арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты қысқарту және мектептерді жайлы, қауіпсіз әрі заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету ісі қолға алынды.

Ағымды оқу жылында Қобда қазақ орта мектебі бірқатар жобаларды белсенді іске асыруда. «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы аясында келесі бағыттар бойынша оң өзгерістерге бет алды:

Мұғалімдерді оқыту: Педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін зерттеу және оқушылардың оқу нәтижелерін талдау негізінде олардың біліктілігін арттыру бойынша мектеп педагогтерінің 91%-ы НЗМ және ПШО негізіндегі курстар мен семинарларға қатысты;

Сапа мониторингі: Мектептің білім беру сапасына тиімді мониторинг қамтамасыз етілді. Мәселен, қараша және наурыз айларында 4 және 8-сыныптарда тест өткізілді, нәтижесінде 4 «А» және 4 «Ә» сыныптарында қазақ тілі, математика, жаратылыстану пәндерінен оң динамика, 8 «А» және 8 «Ә» сыныптарында қазақ, орыс, ағылшын тілдері, химия, физика, биология пәндерінен өсу динамикасы байқалады. Мектеп бойынша жылдық білім сапасының көрсеткіші 4%-ға өсті.

Қосымша білім алу бағыты: телестудия, STEM, робототехника, арт-студия т.б. бағыттар бойынша оқушыларымызбен төмендегідей қызметтерді іске асыруға кірістік: 3D-модельдеу, дизайн және инженерлік графика, биомедициналық инженерия; техникалық жүйелерді автоматтандыру және робототехникамен айналысу; материалдарды өңдеу технологиясын үйрену; бейнелеу және басқа өнер түрлерін меңгеру, соның ішінде хор, домбыра және басқа халық аспаптарында ойнау; тоғызқұмалақ, шахмат бар. Зияткерлік ойындар арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту көзделген.

Үздік тәжірибелермен алмасу: Мектебіміз ауданда үздік педагогикалық тәжірибелермен алмасу бойынша көшбасшы болып отыр. Облыстық деңгейдегі семинарлар мен конференцияларға, облыстық, республикалық, халықаралық педагогикалық олимпиадаларға қатысып, 63 педагог жүлделі орын мен алғыс хатқа ие болды; халықаралық семинарға қатысқан 5 мұғалім сертификат алды, 14 педагог тәжірибе

тарату бойынша әдістемелік құралдарын баспадан шығарып қойды – бұл ұстаздар ұжымының 91%-ын құрайды.

Ағымдағы оқу жылында өңірімізде «Цифрлық технологияларды қолдана отырып, Ақтөбе облысының шағын жинақты ауылдық мектептерінің әлеуетін дамыту» пилоттық жобасын іске асыру басталады. Жобаны «Қазақстан халқына» ҚК, «Білім беру саласын тұрақты дамыту» ҚК, ҚР Оқу-ағарту министрлігі және Ақтөбе облысының әкімдігі жүзеге асыруда. Аталмыш жобаны жүзеге асыру барысында Қобда қазақ орта мектебі «тірек мектеп» мәртебесін алды. «Тірек мектеп – магниттік мектептер» кешенді жобасы аясында мектебіміздің педагогтері магниттік мектептердің 5–11 сынып білім алушыларына апта сайын математика, физика, химия, ағылшын тілі пәндері бойынша арнайы онлайн сабақтар өткізді. Бес пән мұғалімі өз магниттік мектептерінің ассистент-педагогтерімен бірлесіп әзірлеген онлайн сабақтарын өткізді. Оқу жылының қорытындылары бойынша аталған пәндерден білім сапасында оң динамикасы байқалды: 1%-дан 5%-ға дейін өсті.

Мағжан Жұмабаевтың «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға (қазақ жанына) үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады» деген сөзін ұран еткен мектебіміз өзгермелі заман ағымына нық қадам жасай отырып ілесіп келеді.





Тлеулина Айгул Рзаевна

*Мектеп директоры
Т. Жармағамбетов атындағы орта мектеп
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы,
Қарауылкелді ауылы
tobyk_school.06@mail.kz*

Мектеп – білім тірегі, ұстаз – оның жүрегі

Әр баланың болашағына бағыт-бағдар беруші – оның алтын ұя мектебі. Білім ордасы адам тәрбиесіндегі ұлы мекен болып саналады. Алаш ардақтысы Мағжан Жұмабаев: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға (қазақ жанына) үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады», – деген еді. Білім мен ғылым қарыштап дамыған ХХІ ғасыр мектебі бәсекеге қабілетті ұлт болашағын тәрбиелеуге баса назар аударуға тиісті. Ал мұғалім – сол мектептің жүрегі.

Мектептен рухани дүниесі мол, білімді де озық ойлы зияткер тұлғаның даярланып шығуы ондағы ұстазға байланысты.

«Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім», – деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов бекер айтпаса керек.

Иә, мектептің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген білімді де саналы ұрпақ даярлау. Осы ұстанымды негізге алып жүрген жас ұрпаққа білім беруде өз орны бар білім ошақтарының бірі – Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылындағы Тобық Жармағамбетов атындағы орта мектебіміз. Ең алдымен бала білім алу үшін білім ордасының жайлы болуы аса маңызды екені анық. Соған сәйкес «Қазақстан халқына» ҚҚ демеушілігімен құны 250 млн. теңгені құрайтын 24 оқу кабинеті, спорт залы, робототехника, ағаш және темір өңдеу және мата шеберханасының жабдықталуы, кітапхананың және барлық оқу кабинеттерінің парталары мен орындықтарының заманауи үлгідегі жиһаздармен ауыстырылуы мұғалімдердің сапалы білім беруде жан-жақты еңбектенуіне үлкен мүмкіндік жасайды. Сондай-ақ STEM-зертханасы, телестудия, арт-студиясы, домбыра кабинеттері жаңадан ашылды. Сонымен қатар жаңа үлгідегі логопед, психолог, алғашқы әскери дайындық кабинеттері де іске қосылды. Жоба барысында STEM-зертханасы, физика, биология, химия, география, қазақ тілі, орыс тілі, математика, информатика, тарих кабинеттеріне интерактивті панель, бастауыш сынып мектепалды даярлық кабинеттері мен кітапханаға теледидар қойылды. Химия, физика, биология кабинеттерінің зертханалары толығымен жаңартылды. Міне, осы жасалған істердің барлығы – шәкірттеріміздің білім алуына үлкен қолдау. Білім – жас ұрпақтың бәсекеге

қабілеттілігін арттырудың басты тетігі. Бұл іс педагогтер қауымына үлкен жауапкершілік жүктейді.

«Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады», – деген көрнекті педагог В. А. Сухомлинскийдің даналығын әрбір ұстаз жадына берік сақтайтыны сөзсіз. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнерді бір бойына ұштастырған, есімдерін мақтанышпен айта алатын ұстаздарымыз да баршылық. Аяулы ұстаздарымыздың арқасында мектебіміз ауыз толтырып айтарлық биік белестерді бағындырып келеді.

Атап айтқанда, білім ошағымыздың «Үздік мектеп» марафон-байқауында «Облыстың ең үздік жалпы білім беретін мектебі» атағына ие болуы, «Дарынды балалар – Қазақстанның болашағы» атты энциклопедияға енуі, «Ауылдың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі» атты жастар марафон-эстафетасында жастарға патриоттық тәрбие берумен қатар, туған өлкені гүлдендіру мен көріктендіру мақсатындағы жұмыстарды жоғары дәрежеде ұйымдастыра білгені үшін «Үздік білім беру ұйымы» деп танылуы – бәрі-бәрі алтын ұямыздың абыройын асқақтатары анық. Даңқ пен абыройға кенелудің астарында үлкен еңбек жатады. Мектебіміздің мұғалімдері бала жанына даналықтың мәйегін себелеген бағбан секілді еткен еңбектері мен төккен терлерінің жемістерін көріп келеді. Білім мен ғылымның қыр-сырын меңгертіп, ұстаздық жолда қанаттары талмай, ұлтқа қызмет етіп жүрген асыл жандарымыз барлық құрметке де лайық.

«Кемедегінің жаны бір» дегендей, бала тәрбиесіне тікелей себепкер отбасы мен мектептің, қала берді қоғамның алдындағы мақсат біреу – заман талабына сай бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу. Сол мақсатқа жету жолында мектебіміздегі 109 педагогтің еңбегі ұшан-теңіз. Жоғарыда аталған «Ауылдың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі» жастар марафон-эстафетасында «Үздік білім беру ұйымы» деп танылып, облыс әкімдігі тағайындаған «Жигули» автокөлігін иемденуіміз осыған дәлел.

Әрине, ұстаз еңбегі шәкірттерінің жеңістерінен де көрінетіні даусыз. Мектебіміздің мақтанышына айналған оқушыларымыздың есімдерін даралап айтар болсақ: Тәжіғалиева Арайлым, Мырзашов Дидар, Ануаров Ақниет, Жақсылықов Нұрғали, Жұмабекова Айымгүл облыстық «Тахауи тағылымы» байқауында, Тәжіғалиева Арайлым облыстық «Ақберен» өнер байқауында, «Табиғи ресурстарға үнемділік – болашаққа сенімділік» конкурсында, Бақтыгереев Нұрдос «Алтын сақа» «fact-real» облыстық олимпиадасында, сондай-ақ Мысағалиева Еркеназ, Өрдек Айкен облыстық пәндік олимпиадаларда, Авилхасийұлы Мухаммад, Абылова Мерей, Ерболатова Меруерт, Мысағалиев Ерхан, Төлеш Төлеміс, Қыдырбай Аруна, Оразбаева Шарбат, Сұлтанбаева Фатима, Қыдырбек Медина, Ербосынқызы Ғазиза «Алтын қазына» қолданбалы өнер байқауында жүлделі орындар иеленіп, жеңіс тұғырынан көріне білді. Бұдан өзге де оқушыларымыз түрлі додаларда жеңімпаз атанды.

«Атамұра» республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Бояулар құпиясы» байқауында Қайырбай Назерке «Бас жүлде» иеленсе, «Жасөспірімдер

шығармашылығы – 2024» сәндік-қолданбалы шығармашылық байқауында «Ағашқа күйдіру құрылғысымен жасалған бұйымдар» номинациясында Қайырбай Нұрсұлтан жеңіске жетті.

Білім додаларымен қатар спорт, өнер байқауларынан да оқушыларымыз жоғары нәтиже көрсете білді.

II «Қызғалдақтар әлемі» республикалық байқауында «Шаттық» би ұжымы I дәрежелі дипломмен марапатталды. Спорттық сайыстарда тоғызқұмалақтан облыстан жүлделі III орын, 2012–2013 жылы балалар арасында өткізілген футболдың облыстық кезеңінен II орын, 2007 жылы балалар арасында өткізілген волейбол жарысының облыстық кезеңінен Рахметұлы Бекет «Үздік ойыншы» атағымен оралды.

Қазіргі білектінің емес, білімдінің озық тұратын заманында білімнің басты құрал екені бәрімізге аян.

«Оқыса білім бұлағы, оқыса елдің ұланы – тірілтіп, елге жан бітіп, елі үшін жұмақ қылады», – деп жырлаған ақын Бейімбет Майлиннің өлең жолдарында айтылған ой бұл күнде де өзектілігін жойған жоқ.

Мемлекет өскелең ұрпаққа қажетті барлық жағдайды жасап келеді. Сол себепті ұстаздың шәкірттерімен бірлескен іс-әрекетінен нәтиже шығуы тиіс.

Қорыта айтқанда, балаға сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, оның құндылығын халыққа ұғындыра білу – мектептің басты миссиясы. Ұстаздар берген білімінің арқасында мектеп оқушылары болашақта қоғам мен мемлекеттің дамуына сүбелі үлесін қосары хақ.



Изтлеуова Айғаным Қорабайқызы

Мектеп директоры

№ 3 жалпы орта білім беретін мектеп

Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы

iztleuova.2023@mail.ru

Тірек мектеп – сапалы білім мен оқушының әлеуетін арттыру жолы

Ақтөбе облысы Шалқар қаласындағы № 3 жалпы орта білім беретін мектепте «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы 2023 жылғы қыркүйек айынан бастап қолға алынды. Қалалық және ауылдық мектептердің арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты азайту, ауыл мектептеріне тірек мектептердің қамқорлығы арқылы білім алушылардың білім жетістіктерін көтеру, сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, қалалық және ауылдық педагогтер мен білім алушылардың арасындағы ынтымақтастықты дамыту және оқу ынтымақын арттыруға бағыттау арқылы алға мақсат қойылды. Бұл жоба мектеп ұжымына үлкен серпіліс әкелді. Қарапайым ауыл мектебі заманауи білім ордасына айналды. Облыс бойынша

12 тірек мектептің құрамына кіргеннен кейін мектебімізге 3 магниттік мектеп белгіленіп берілді. Олар: Т. Шанов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп, Жаңақоныс жалпы орта білім беретін мектебі, Сарықамыс негізгі орта мектебі. Біздің мектеп ұстаздары осы магниттік мектептермен тығыз байланыста жұмыс жасап, тәжірибе алмасып отырады.

Жоба арқасында шағын жинақты мектеп оқушылары сапалы білім алуға қол жеткізуге мүмкіндік алып отыр. 2023–2024 оқу жылындағы білім сапасының пайыздық көрсеткіші айтарлықтай өсті, мектеп оқушыларының халықаралық олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болу мүмкіндігі артты, мұғалімдердің еңбек жағдайына қанағаттанушылық деңгейі және өз біліміне деген сенімі мен дағдылары сапалы түрде артты. Нәтижесінде жабдықталған жаңа модификациядағы оқу кабинеттеріне оқушылардың қызығушылықтары артып, білім сапасының көтерілуіне үлкен мүмкіндіктер ашылып отыр. Осы жоба ерекшеліктерінің бірі – мектептің мұғалімдері НЗМ-ға барып тәжірибеден өту мүмкіндігіне ие болуы. Мұғалімдер түрлі курстарға, семинарларға қатысып, біліктілігін жетілдіріп, арнайы курстардан өтті.

Мектепте 3 зерттеу тобы жұмыс жасайды. Зерттеу топтарының жетекшілеріне қыркүйек айында бұйрықпен бекітілген 3 «Б», 5 «Б», 7 «А» сыныптарында қазан-наурыз айлары аралығында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Барлық топ мүшелері бірлесіп, 3–4 цикл зерттеу сабақтарын өткізіп, зерттеуге алынған сыныптардың сапа көрсеткішінің 5–6%-ға өсуіне себеп болды. Сабақты зерттеу мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білімін жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екендігіне көзіміз жетті. Сонымен қатар 3 тәлімгерлік жұп жұмыс жасады. Олар өздеріне бекітілген тәлім алушының педагог ретінде қалыптасуына, өз білімін, тәжірибелік іс-амалдарының тиімділігін арттыруға көмектесті. Тәлімгерлік ету барысында тәлімгер өзінің білімімен, тәжірибесімен бөлісе отырып, тәлім алушының еңбек жолында айтулы жетістіктерге жету мақсатында кәсіби дағдыларын дамытып, проблемаларды шешу жолдарын көрсете білді.

Ұжымның ұйымшылдығын, ауызбіршілігін қалыптастыру арқылы табыстылығына, әлеуметтік бейімделуіне ықпал ету, тәжірибе алмасу, сенімділік ояту, командалық рух туғызу мақсатында мектебімізде «Экспериментаторлар», «Көшбасшылар», «Көлденең жоспарлау», «Аналитиктер», «Бақылаушылар», «Зерттеушілер» командалары құрылды. Командалық жұмыстың алғышарттарының бірі – бірлесе жоспарлау, пән мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін жетілдіру арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту, оқу мотивациясын көтеру, білім сапасын арттыру.

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасына байланысты қазан және наурыз айларында 4 және 8-сыныптар арасында білім сапасының мониторингі жүргізілді. Мониторинг барысында 4 және 8-сынып оқушылары базалық пәндер бойынша тест тапсырмаларын орындады. Қазан айындағы мониторингке қарағанда наурыз айында 4 және 8-сыныптар бойынша 6%-ға өсім байқалды. Қаңтар айында 14 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын анықтау мақсатында мониторинг жүргізілді. Оқушылар жаратылыстану-ғылыми сауаттылық, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы бойынша

тест тапсырмаларын орындады. Тапсырмалар қалыптасу деңгейі, қолданылатын саласы, құзыреттілігі, контексті, білім бағыттары бойынша білім деңгейлерін анықтауға бағытталған. Мониторинг қорытындысы бойынша оқушылар қолдану, негіздеу, тұжырымдау, интерпретация тапсырмаларынан қателескен. Мониторинг қорытындысы бойынша пән мұғалімдері жеке оқушылармен пәндік дағдыларды дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізуде. Сонымен қатар 13 мұғалім оқушылардың зерттеу дағдылары мен функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған семинарларға қатысып, мектебімізде оқыту мен оқудың сапасын арттыруға өз үлестерін қосуда.

Бұл жобаның қала мен ауыл мектептерінің алшақтығын жоюда, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда, олардың дағдылары мен құзіреттіліктерін жан- жақты дамытуда маңызы зор. Жобаның мұғалімдердің сапалы білім беру үшін кәсіби өсуіне, теориялық білімін шыңдап, әдістемелік шеберлігін жетілдіруде оң ықпал ететіні сөзсіз. «Білім – әлемдік, тәрбие ұлттық болуы тиіс» деген ұстанымды берік ұстана отырып, мектеп ұстаздары жоғары нәтижеге бағытталған жұмыстарын жалғастыра бермек.





Алимбаева Жайдары Даупасовна

Мектеп директоры

Мектепке дейінгі шағын орталығы бар

Б. Бейсекбаев атындағы мектеп-гимназия

Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылы

alimbaeva68@inbox.ru

Ауыл мектебі: бүгінгі мен болашағы

Елімізде түбегейлі өзгерістер орын алып отырғанда келешек ұрпағымызды білімді етіп тәрбиелеу – қасиетті парызымыз деп білемін. Мен осы тақырып бойынша өз ойымды айтайын. Бұл тақырыптағы басты мәселе – білім беру мазмұнындағы жаңартулар және білім берудің сапалық деңгейін көтеру.

Олай болса, бұл маңызды мәселені шешуге көмектесетін керемет мүмкіндік – біздің мектеп-гимназияның «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасына енуі. Жаңа модификациялық үлгідегі кабинеттер жастардың цифрлық технология тілін жетік меңгеріп, инженерлік технология, химия-биология, математика бағытында, яғни STEM әдісімен ғылыми-зерттеулермен айналысуларына жол ашып отыр. Шәкірттердің дарынын ұштап, цифрлық технологиялар бағытындағы білімін арттыруда, нәтижелі білім беруде білім беру қызметін ақпараттық-компьютерлік басқару үшін «Google бұлтты технологияларын енгізу» әдістемелік әзірлемесі, GoogleApps платформасы тиімді қолданылуда.

4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізіліп, тест тапсырылған пәндер бойынша білім сапасы туралы нақты деректер алынды. Оқу жетістіктеріне жүйелі жүргізілген мониторинг оқушылардың білім алу деңгейі қандай және өмірде пайдалануға қаншалықты дайын деген сұрақтарға жауап алуға және қажетті шешімдер қабылдауға мүмкіндік беріп отыр.

Бұл ретте НЗМ ұйымдастырумен Педагогикалық шеберлік орталығы тренерлерінің жетекшілігімен өткен тағылымдамалардың, «Қазіргі заманғы үрдістер мен тәжірибелер арқылы мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін арттыру», «Бастауыш мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын қалыптастыру», «Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастыру», «Тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған оқу мақсаттарын жүзеге асыру», «Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту» тақырыптары арқау болған оқыту семинарларының маңыздылығын атап өткен жөн. Өткізілген оқыту семинарларындағы цифрлық ресурстар онлайн және офлайн-режимде қолжетімді болды. Сондай-ақ тәжірибелі мұғалімдеріміз «Қазақстандағы STEM-білім беруді дамытудың стратегиясы мен практикасы» республикалық ғылыми конференциясына қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Аталған семинарларға қатысқан мұғалімдер оқу нәтижелері бойынша облыстық және аудандық «Жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқытудағы оқыту құралдарының тиімділігі және модификациялық кабинет мүмкіндіктері» және «Цифрлық технологияларды қолдану тиімділігі» ғылыми-тәжірибелік семинарларында өз тәжірибелерімен бөлісті. «Google forms» бағдарламасын қолдану арқылы ұстаздар арасында оқыту жағдайы бойынша сауалнамалар жүргізілді.

Мектеп оқушылары сабақ кестесіндегі сабақтарымен қатар мектеп оқушылары арасындағы түрлі бағыттағы олимпиадаларға, байқауларға белсене қатысып, жеңімпаздар саны артып келеді. Атап айтсақ, «Robotek Grand Tournament» робототехника бойынша Алматы облыстық чемпионатына қатысып командалық есепте жеңімпаз атанса, облыс мектептері оқушылары арасындағы «QONAEV NEW INNOVATION» ақпараттық технологиялар бойынша жастар ІТ-фестивалінің 3D-модельдеу бағытында 9-сынып оқушылары Жақанша Санжар І орын, Web-дизайн бағытында Темірбек Темірлан ІІ орын иеленді.

Зияткерлік мектеп тарапынан ағымдағы оқу жылында атқарылған жұмыстардың қорытындысы негізінде ұйымдастырылған «Әртүрлі стратегиялар мен әдістерді қолдану арқылы оқыту тәжірибесін жетілдіру» семинар-практикумы аясында өткізілген «Мектептің үздік мұғалімі – 2024» байқауына қатысқан мұғалімдеріміз сарапшылар тарапынан жоғары пікірге ие болды.

Қорытындылай келе, саннан сапаға барар жолдағы ұстаздың жаңа өркениет заманына берер жауабы дайын болу керек деп есептеймін. Талабы жоғары қоғамның ағысы қатты. Сол ағысқа қарсы жүзе алатын шәкірт тәрбиелеу де – ұстаздың парызы.





Макашова Эльмира Абилбековна

Мектеп директоры

Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектебі

және мектеп жанындағы интернатымен

Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы

elmira.makashova@mail.ru

Мұғалімнің кәсіби дамуы мен шындалуы

2022–2023 оқу жылында «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы аясында мектебіміздің материалдық-техникалық базасы жаңартылды. Назарбаев Зияткерлік мектебінің стандартына сәйкес 37 оқу кабинеттері мен шеберхана, сондай-ақ STEM-зертхана, арт-студия, интеллектуалдық холл, мәжіліс залы, спорт залы, кітапхана және телестудия жабдықталды. «Білім беру саласын тұрақты дамыту» ҚҚ мен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ мамандары мектептегі білім беру сапасы мен ортасына қатысты талдау жасады. Оның қорытындысы негізінде білім ордасын тірек мектеп ретінде дамыту бойынша ұсыныстар беріліп, мұғалімдердің біліктілігін арттыру үшін қажетті курстар ұйымдастырылды.

Коучинг, тәлімгерлік, Lesson Study үдерістері мен желілік қоғамдастықтың жұмысын мектептегі оқу үрдісіне өзгеріс енгізудің бірден-бір тетігі деп атауға болады. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру үшін шеберлік сабақтары, коучинг ұйымдастырылады, тәжірибе бөлісу мақсатында тренингтер өткізіледі, мұғалімнің шығармашылық белсенділігін арттыру бағытында сауалнамалар жүргізіледі, сабақтарға қатысу, оларды талдау, талқылау, рефлексия жасау, жас мамандардың жұмысын үйлестіру, оларға жан-жақты әдістемелік көмек беру, тәлімгерімен тығыз байланыс орнату жолға қойылған, сондай-ақ кәсіби сайыстар, апталықтар өткізіліп, жаңа үлгіде жабдықталған кабинеттердің мүмкіншіліктерін пайдалану бойынша жұмыстар атқарылуда. Күнделікті сабақ жоспарын құруда оқу мақсатына сай қалыптастырушы бағалауды орынды жоспарлау, таңдау, қолдану мақсатымен басталып, күтілетін нәтижелер айқындалды. Мектепшілік семинарда ұстаздарымыз пәндерді оқытудағы әдіс-тәсілдерін жетілдірді, оқыту тиімділігін арттырды, бағалауды сабақта қолданудың тиімді жолдарын үйренді.

4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізілді. Бұл оқушылардың дағдылары мен оқу сауаттылығын жоғары дәрежеде бағалауға мүмкіндік берді.

Ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі заманның мәдени жетістіктерімен үйлестіру бағытында іс-шаралар ұйымдастырылды. Дарынды оқушылармен атқарылған жұмыстар да оң нәтиже көрсетті. Оқушыларымыз республикалық, облыстық пән олимпиадаларына қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Мұғалімнің басты мақсаты – оқушыға білімді өздігімен игеру амалдары мен тәсілдерін үйретіп, оның өзіндік дүниетанымын қалыптастыруына жағдай жасау, кеңес және бағыт-бағдар беру болып табылады. Сол мақсатта мектепте ұйымда-

стырылған «Шаңырақ», «Буккросинг», «Оқуға құштар мектеп», «Жас эколог», «Даму» жобаларының іске асырылуынан нәтижелер көріп отырмыз. Оқушылар арасында ең талантты, ең дарынды жас зерттеушілерге қолдау көрсету арқылы ынтымақтастық атмосферасы қалыптасты.

Зияткерлік мектебінің педагогтері «Жылдың үздік мұғалімі – 2024» байқауын өткізді. «Мен тұлғамын, мен мұғаліммін» кезеңінде ұстаздар жеке тұлғалық ұстанымдарын, кәсіби имиджін және оқыту тұжырымдамасын көрсетті. «Педагогикалық жағдаят» айналымында педагогикалық кейстерді шешу жолдарын рөлдік ойын, қойылым арқылы жеткізді. Мұғалімдердің деңгейі шығармашылық, академиялық бағытта жаңа белеске көтерілгені байқалды.



Смагулова Жанаргуль Аипбековна

*Мектеп директоры
Абай атындағы мектеп-гимназия
Алматы облысы, Ұйғыр ауданы,
Шонжы ауылы
abai.mektep@mail.kz*

Білім беру жүйесіндегі жаңашылдық – жетістіктің бастауы

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасына еліміздің ауыл мектептері енгені баршаға мәлім. Бұл жоба ауылдық жерлердегі мектептердің әлеуетін көтеруге елеулі үлес қосты, өйткені басшы ретінде өзім басқарып отырған мектеп ұжымы 2023–2024 оқу жылында жан-жақты әдіс-тәсілдермен алмасып, тәжірибе бөлісті. Әсіресе, жаратылыстану-математикалық бағытта көптеген жұмыстар жүзеге асты.

Мектеп ғимаратындағы әрбір сынып заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілді. Атап айтсақ, физика, биология, математика кабинеттері заман талабына сай жаңа үлгіде жабдықталып, оқушылардың сапалы білім алуына, шығармашылық қабілетінің артуына жол ашылды. Бастауыш сыныптарға жаратылыстану пәнінен қажетті жабдықтар келді. Әр сыныпқа ноутбук беріліп, LED-экрандар қойылды. Логопед пен психолог кабинеттері көз тартарлықтай безендірілді. Бұл жабдықтарды тиімді пайдаланудың арқасында мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз жақсы нәтижелер көрсетуде.

Биылғы оқу жылында 10-сынып оқушысы Әбен Нұрай «Ауыл олимпиадасына» қатысып, республика деңгейінде жүлделі II орынды иеленді. Сондай-ақ IV республикалық «Мәшһүр Жүсіп оқуларының» «Қара өзінді басқаның айнасымен» номинациясы бойынша II дәрежелі дипломмен марапатталды.

9-сынып оқушысы Қабдықалиұлы Бағдар облыстық «Махамбет оқулары» байқауының «Ел құтқарар ер едім...» номинациясы бойынша жүлделі I орынды иеленді.

Қорыта келе айтарым, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-мен бірлесіп жүргізілген жұмыстар мен өткізілген семинарлардың нәтижесі сапалы білімді бетке алып болашаққа қанат қаққан оқушыларымыз арқылы көрінуде. Мектебіміздегі білім беру жүйесі заман талабына сай, бәсекеге қабілетті, білімді, іскер тұлғаны қалыптастыруды негізге алуымен ерекшеленеді.



Толегенова Гулмира Аселбаевна

*Мектеп директоры
Бердібек Соқпақбаев атындағы
орта мектеп-гимназиясы
Алматы облысы, Райымбек ауданы,
Нарынқол ауылы
gulmira64.t@mail.ru*

Ізденіс – табыс тетігі

Білім берудің жаңа құрылымы және оқу-әдістемелік мазмұнының өзгеруі мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін жаңартуын, шығармашылық ізденістерін шыңдауын қажет етеді. Қазіргі ауыл мектебі білім жүйесінің негізі екенін ескерсек, ауыл мектептеріне қолдау көрсету мақсатында «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында игі істер атқарылып келеді.

2023–2024 оқу жылында Бердібек Соқпақбаев атындағы орта мектеп-гимназиясының мұғалімдері Алматы қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектептеріне барып, сабаққа қатысып, тәжірибе жинақтады. «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында өткен семинарға арқау болған әрбір пән бойынша пәндік дағдыларды дамытуға бағытталған оқу мақсаттарын жүзеге асыру әдістерін мұғалімдеріміздің тиімді пайдалануы оқушылардың танымдық қабілетін кеңейтті, олардың сабаққа деген қызығушылығын туғызып, қосымша ізденуіне, жаңа білімді тереңірек түсінуіне ықпал етті. Оқытудағы ең басты нәрсе – оқушылардың танымдық жұмыстары. Оқыту әдістері анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады. Жаратылыстану пәнінен өткізілген сабақта оқушылар зерттеу дағдыларына арналған тапсырмалар бойынша эксперимент жасап, теориядан алған білімін тәжірибемен ұштастырды. Осы негізде биология пәнінің мұғалімі Әлекен Назерке облыстық «Ғылыми жоба» байқауына оқушы қатыстырып, II орынды иеленді. Құқық пәнінен облыстық «Ауыл олимпиадасынан» 11-сынып оқушысы Зейрақын Олжас II орын иеленді, орыс тілі пәнінен өткен облыстық олимпиадада 6-сынып оқушысы Стамшалова Роузана II орын, «Балалар

оқуы» облыстық байқауында 8-сынып оқушысы Әділқызы Іңкәр III орынды иеленіп, марапатталды.

Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлерімен жұмыс істеу мұғалімдер жұмысының ілгерлеуінде өз нәтижесін берді. Серіктес мектептермен өткізген семинарға мектебіміздің ұстаздары жұмылдырылып, оқытудағы зерттеу сабақтарының ерекшелігімен таныстырып, білімді жетілдіруге бағытталған іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл – Lesson Study зерттеу сабағын жүргізді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда мұғалімдер өз тәжірибесіне енгізген дағдылар: сыни тұрғыдан ойлау – ақпаратты талдау, өз пайымдауларын тұжырымдау және оларды дәлелдеу мүмкіндігі, белгілі бір мәселелерді шешудің жолын іздей білу, сөйлеу, оқу және жазу дағдылары, уақытты басқару, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі бақылау дағдысы, басымдық бере алу қабілеті.

Зияткерлік мектептер ұйымдастырған тағылымдамалардан кейін мұғалімдер облыстық олимпиадаға оқушы дайындауға, зерттеу сабағын жүргізуге машықтанды, жас ұстаздарымыз тапсырманы оқу мақсатына сай әзірлеуді қолға алды. Мектепте заман талабына сай нәтижелі білім беру жаңа толқынмен, жаңа серпінмен өтіп жатыр.

Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім түсіне білу керек. Әр ұстаздың ізденісі, өз ісіне деген жауапкершілігі – табысты болудың кепілі. Мұғалімдердің іскерлігін дамытып, жан-жақты ізденуіне, шығармашылық жұмыс жасауына жол ашылса, бұл оқушылардың білім сапасының артуына ықпал етеді деп есептеймін.





Меңдігереева Айман Қалымқызы

Мектеп директоры

Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп

Атырау облысы, Индер ауданы,

Индербор кенті

valihanov_inder@mail.ru

Кемел білім – жарқын болашақтың кепілі

Болашағына сенім артып, зор үмітпен қарайтын кез келген мемлекет жас өрендердің сапалы білім алып, тәлім-тәрбиесі мол азамат болып өсуіне айрықша назар аударады. Бұл орайда мектебімізде 2022–2023 оқу жылында «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы іске қосылып, мектеп базасы толықтай материалдық-техникалық тұрғыда жарақтандырылды. Мектеп педагогтері оқу үдерісінде инновациялық әдіс-тәсілдердің негізгі бағыттарын басшылыққа алады. Жеке тұлғаның даму ерекшеліктерін ескере отырып, оқушыларды қазіргі заман психологиясы мен педагогикасына сай тәрбиелеп, білім мен тәрбиені қатар меңгертуде.

Мектебімізде жобаның жүзеге асырылуы барысында атқарылған маңызды істердің бірі – оқыту кабинеттерінің интерактивті панельдермен жабдықталып, ROQED цифрлық зертханасының енгізілуі, бұл мектеп ұстаздарымен қатар оқушылардың да қызығушылығын туғызып, оқушылардың пәнге белсене қатысуына, білім сапасының артуына септігін тигізді.

Жоба аясында 4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу нәтижесінде 2023–2024 оқу жылында жалпы білім беретін пәндердің оқытылуын жетілдіру мен дайындық жұмыстарының жүйелі жүргізілуінің нәтижесінде 50%-дан жоғары сапа көрсетіліп, білім алушылардың пәндерді игеруінде жетістіктер байқалды.

Мектеп мұғалімдері арасында пәндік дағдыларды меңгеру мен дамытуға бағытталған оқу мақсаттарын жүзеге асыру әдістері мен тәсілдеріне, оқушылардың сауаттылығын дамытуға арналған семинарлардың өткізілуі мұғалімдерді бір серпілтіп тастады. Оқыту семинарлары барысында мұғалімдер тәжірибе жинақтап қана қоймай, өздерінің кәсіби шеберліктерін шыңдап, НЗМ мектептерінен келген оқытушылармен бірлесе сабақ беру арқылы өз тәжірибелерімен алмасып, әріптестерінің қолдауы нәтижесінде өздерінің де, оқушыларының да зерттеу, сараптау дағдыларын қалыптастырып, білім сапасының артуына үлестерін қосуда. Үздік тәжірибені үйрену мақсатында жоба аясында 25 педагог НЗМ базасында тағылымдамадан өтті, пән мұғалімдері үшін 16-ға жуық семинарлар мен вебинарлар ұйымдастырылып, 32 педагог біліктілікті арттыру курстарынан өтсе, педагогтердің 90%-ға жуығы бейіндік конференцияларға қатысып, тәжірибе жинақтады. Мұғалімдер семинарлар мен

вебинарларға, конференцияларға қатысу арқылы кәсіби құзыреттіліктерін арттырып, өз мамандығына қатысты білімдерін, жұмыс істеу шеберлігін арттыра білді. НЗМ базасында тағылымдамалардан өту арқылы пәндерді жүргізу әдістемесін, сол пән арқылы білім алушыларға берілетін білімді терең игерту тәсілдерін меңгерді деуге болады.

Білім ордасының заман талабына сай жаңартылуы келешекте оқушылардың толыққанды білім алуына, өзіндік ой-пікірін қалыптастырып, өз білімін өзі бағалай білуіне ықпал етеді, қисынды ойлау қабілетін арттырады, шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді деген ойдамыз. Мұның алдағы уақытта оқушылардың пәндік олимпиадалар мен байқауларға, сайыстарға қатысуы кезінде өз жемісін береді.



Муксанова Айнур Туршевна

Директор школы

Средняя школа имени Х. Досмұхамедұлы

Село Миялы, Кызылкогинский район,

Атырауская область

dxalel@mail.ru

Образование, доступное каждому


2023–2024 учебный год для нашей школы был годом реализации проекта по оснащению сельских школ. Мы очень рады, что попали в этот проект. В ходе его реализации проекта наши учителя обучались на базе НИШ, где получили возможность обмениваться опытом с коллегами из других школ. По окончании семинара в школе были проведены семинары по обмену опытом между нашими учителями. Это улучшило их педагогическую деятельность, открыло больше возможностей и дало доступ к информации, с помощью которой учащимся было предоставлено доступное получение знаний в области робототехники, лабораторных исследований.

Мониторинг учебных достижений учащихся 4 и 8 классов повлиял на качество преподавания и обучения, так как в этом году у нас была государственная аттестация школы и мониторинг дал нам возможность определить слабые стороны учащихся и усилить подготовку к аттестации. Это помогло нам пройти тестирование и учащиеся показали хороший результат.

Также семинары по методам и приёмам реализации целей обучения, направленных на развитие предметных навыков по каждому предмету, а также по развитию исследовательских навыков и функциональной грамотности учащихся повлияли на качество преподавания и обучения в целом. Учителя, которые посещали семинары, использовали полученный опыт на уроках, проводили внутришкольные семинары.

Я думаю, учителя получили очень хорошие навыки и умения. С использованием нового лабораторного оснащения были проведены лабораторные исследования. Проведён эксперимент по выращиванию растений с помощью гидропоники. Обучение учителей на данных семинарах необходимо и нужно для развития и обмена опытом.

Работа с тренерами Центра педагогического мастерства мотивировала учителей, открыла новые возможности. В целом после организованных Интеллектуальными школами стажировок в школе учителя стараются использовать полученные навыки и знания на своих уроках. Наша общая цель – мотивировать учащихся, заинтересовать их, провести урок так, чтобы каждый учащийся открыл для себя новое, и показать, что получение знаний доступно каждому.



Мукушева Шұға Қайрошқызы

*Мектеп директорының міндетін атқарушы
Қадыр Мырза Әли атындағы жалпы орта мектебі
Атырау облысы, Құрманғазы ауданы,
Сафоновка ауылы
mukusheva64@bk.ru*

Ауыл мектебі: Білім. Ғылым. Тәжірибе

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауына және «Баршаға қолжетімді сапалы білім» ұлттық баяндамасын жүзеге асыру бағытындағы жол картасына сәйкес, қала мен ауыл мектептерінің арасындағы білім беру сапасы алшақтап жатқан уақытта оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында 2022 жылғы қыркүйектен бастап Қадыр Мырза Әли атындағы жалпы орта мектебі «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында жұмыс жасап келеді. Мектебімізде заман талабына сай жаңадан телестудия, арт-студия, STEM, IT, тігін бөлмесі, ас бөлмесі, шеберхана кабинеттері ашылды. Бұл кабинеттерде оқушыларымыз инновациялық технологияларды меңгере отырып, цифрлық басқару жүйелері арқылы баланың өз қолымен әртүрлі нәрселер жасауы пәнге деген қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттерінің артуына көмектесті. Оқушыларымыз сабақта теория мен практиканы ұштастыра алады. Осындай жұмыстар негізінде мектебімізде көптеген жобалар жүзеге асырылып, жақсы нәтижесін беруде.

2023–2024 оқу жылында тірек мектептің жылдық жоспары бойынша мектеп командасы, жастар жобасы, әртүрлі тақырыптағы тәрбие жобалары және магниттік мектептердің оқушыларымен тәжірибелік сабақтар өткізілді. Бұл жұмыстарда ұстаздарымыздың шығармашылық қабілеттері шыңдалып, көрші ауылдың оқушыларымен достық пен ынтымақтастықта жұмыс жасады. Магниттік мектептердің оқушыларына физика, химия, биология, информатика пәндері, бастауыш сынып оқушыларына

жаратылыстану пәні бойынша бекітілген кестеге сәйкес сабақтар жүргізіліп, зертханалық, тәжірибелік жұмыстар жасалды. Сабақ үстінде оқушылар құрылғылармен танысты, оларды ажыратып, зерттеулер жүргізу арқылы эксперименттік жұмыстар жасады. Сонымен қатар тәрбие бағытында оқушылардың достық қатынастарын нығайту, шығармашылыққа баулу, креативті ойлау қабілетін, зейін және шешім қабылдау дағдыларын дамыту мақсатында магниттік мектеп оқушыларының қатысуымен таным сағаттар мен телебағдарламалар өткізілді.

4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктерін мониторингілеу біздің мектеп үшін тиімді болды. Себебі осы мониторинг нәтижесінде 4 және 8-сынып оқушыларының қандай тақырыпта білімдерін жетілдіру керектігі анықталды және сол бағыттағы жұмыстар қолға алынды.

Мұндай жұмыстар өзінің оң нәтижесін берді. Оқушыларымыз білім сайыстарында өзгелерден оза шауып, жүлделі орындарға ие болып мектебіміздің мерейін асқақтатты. «Зерде» республикалық ғылыми жобалар байқауы бойынша 6-сынып оқушысы Абилхайыр Мухамедияр I орын иеленсе, «Мың бала» республикалық зияткерлік олимпиадасынан жеңімпаз атанып, Атырау облысының дарынды оқушылар лицейіне жолдама алды. Өлкетану бағыты бойынша 8-сынып оқушысы Сабитова Жұлдызай сертификат иеленсе, ауыл балаларына арналған олимпиададан 11-сынып оқушысы Харисова Нұрай республикалық кезеңге жолдама алды және Нұрай Ақтау қаласында Yessenov University-де өткен «Yessenov» оқушылардың республикалық олимпиадасында университеттің ішкі грантының 75% сертификатын ұтып алды. 6-сынып оқушысы Баймұрат Ақбөбек қазақ тілі мен әдебиет пәні бойынша облыстық пәндік олимпиадада жүлделі I орынды иеленсе, 6-сынып оқушысы Наурыз Назым «Мың бала» республикалық зияткерлік олимпиадасынан жеңімпаз атанып, Атырау облысының дарынды оқушылар лицейіне жолдама алды. Кали Айсана 11-сынып оқушылары арасында химия пәні бойынша өткен олимпиадада С. Өтебаев атындағы химия және газ университетінің қолдауымен 30% білім грантын ұтып алды.

Астана қаласында өткен «Жас ұстаз: табысқа апарар жол» республикалық жас мұғалімдер форумына мектебіміздің жас ұстаздары: Арай Ергалиева мен Айдана Хасаинова қатысса, мектебіміздің тәжірибелі ұстазы, педагог-зерттеуші Алия Беккалиева Алматы қаласында «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында өткен халықаралық семинарға қатысып келді. Бір топ мұғалімдеріміз Астана қаласында өткен «Ауыл мектебінің өркендеуі – қоғам игілігінің кепілі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысты. Сонымен қатар «Педагогтің зерттеу қызметі: Action Research» облыстық форумында мектебіміздің бір топ мұғалімдері жұмыстарын қорғап, 2024 жылғы қыркүйек айында Астана қаласында өтетін «WALS2024» халықаралық конференциясына «Қазақстан халқына» қорының атынан жолдама алды.

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы әрбір оқушының болашаққа бағдар жасауына ықпал ететін жарқын болашақ кепілі десек, оқушыларды оқуға, өзгермелі жағдайда табысты тұлға болуға бағыттау, білім мен дағдысын шындап, шеберлікті меңгерту, оны өмірде қолдана білуге машықтандыру – біздің басты миссиямыз.



Жұмағали Меруерт Мухамбетқалиқызы

*Мектеп директоры
Қадыр Мырзалиев атындағы
жалпы орта білім беретін мектеп
Батыс Қазақстан облысы,
Сырым ауданы, Жымпиты ауылы
soh_myrzaliev@mail.ru*

Заманға сай мектеп – болашаққа салынған инвестиция

Қай дәуірде, қай заманда болмасын, адам баласының білім алуы және оны өмірде пайдалануы өзекті болып қалатын дүние. Білім беру – қазіргі қоғамның басты міндеті, ал сапалы білім беру – бүгінгі мектептің өзекті мәселесі. Мектеп пен оқушы жетістігі – мемлекеттің мәңгі жасауының басты белгісі. Себебі келешекте мемлекеттің негізін нығайтатын тұлғалар бүгінгі таңда мектеп партасында білім алуда. Қазақстанның білім кеңістігінде қанша мың мектеп бар, қанша миллион тәрбиеленуші бар – осылардың барлығы тиісінше заманға сай жабдықтармен, талапқа сай педагогтермен қамтылуы тиіс. Сонымен қатар еліміздің үздік мектептерімен тәжірибе алмасу жұмыстарын жүргізу – Қазақстан мектептерін жаппай кәсібилендірудің жарқын үлгісі ретінде көрініс тауып отыр. Осы мақсатта мектебіміз «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында жабдықталып, Назарбаев Зияткерлік мектебімен тәжірибе алмасуда.

Жобаның жүзеге асырылуы барысында жабдықталған кабинеттерде жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша өткізілетін тәжірибелік жұмыстар оқушылардың қызулығын оятып, пәндік олимпиадалар, ғылыми жобалар бойынша жетістіктер әкеліп жатыр. Оқушылардың білім деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген мониторинг бойынша 4 және 8-сынып оқушылары тестілеуден өтті. Нәтижесінде 4-сынып оқушылары «Жаратылыстану және дүниетану» пәнінен 50,41%, «Математика» пәнінен 45,73%, «Қазақ тілі» пәнінен 36,29%, «Орыс тілі» пәнінен 50%-ды көрсетсе, 8-сынып оқушыларының көрсеткіші «Қазақ тілінен» 39,92%, «Орыс тілінен» 60,86%, «Ағылшын тілінен» 32%, «Математикадан» 37,11%, «Биологиядан» 35,89%, «Химиядан» 32,34%, «Физикадан» 28,10%-ды құрады. Алынған нәтижелер бойынша оқыту барысындағы оқылықтар анықталып, жиынтық бағалау тапсырмалары жіберілген оқылықтарды шешуге негізделді. Жобаның функционалдық сауаттылықты арттыратын ерекше форматтағы семинарлары ұстаздарымыздың таным көкжиегін кеңейтіп, оң әсерін тигізді. Нәтижесінде мектебімізде педагогтеріміздің ұйымдастыруымен аудандық, облыстық бірнеше семинар өткізілді. Білім мен білікті теңдей дамытатын айтулы жоба педагогтерімізді жаңа бір белеске шығарды десек болады.

«Маған иінтірек беріңіз, мен жерді шыр айналдырамын» деген Архимедтің сөзін «Мектепке заманауи жабдық беріңіз, біз нәтиже көрсетеміз» деп өзгертіп жазғым келіп тұр. Себебі мектеп мұғалімдері аталған жоба аясында айтулы жетістерге жетуде. Оның айқын көрінісі – оқушыларымыздың республикалық жобалардағы жоғары көрсеткіштері.

Қорыта келе, тілге тиек етіп отырған жобамыз сапалы ұрпақ, саналы шәкірт тәрбиелеу жолында өз нәтижесін беріп жатқандығын нық сеніммен айта аламын. Ел іргесінің түзу қалануы – мектептің негізгі қызметі. Ол үшін мектеп заман талабына сай дамуы керек. Осындай керемет жобалардың арқасында білім ордасы сөзсіз дамиды деген ойдамын. Құрметті әріптес, тәрбиеге негізделген жаңаша білім беру – біздің басты мақсатымыз. Сондықтан білімге деген ерекше құштарлықты уақыт өте келе жоғалтып алмайық.



Кушанов Сержан Серикович

*Мектеп директоры
Т. Жароков атындағы
жалпы орта білім беретін мектеп
Батыс Қазақстан облысы,
Жәнібек ауданы, Жәнібек ауылы
serzhan_89@inbox.ru*

Білім берудегі жаңашылдық

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасының басты мақсаты – құзыретті тірек мектеп құру. Осы орайда ауылдық бірқатар білім ошағы жоба жемісін сезіне бастады.

Батыс Қазақстан облысына қарасты Жәнібек ауданындағы Т. Жароков атындағы орта мектеп тірек мектеп ретінде жаңа модификациялық кабинеттермен қамтамасыз етіліп, Назарбаев Зияткерлік мектебінің стандартына сәйкес жабдықталды. Жоба аясында оқу кабинеттері жаңартылып, STEM, арт-студия, интеллектуалды холл және телестудия кабинеттері іске қосылды. Бүгінгі таңда оқу процестері жаңа интерактивті құрылғылармен жүргізілуде. Бұл жаңалық мектеп ұстаздарының шеберлігі мен біліктіліктерін көтеруге мүмкіндік берсе, оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыратыны сөзсіз.

Жоба аясында ағымдағы жылдың 16–24 қазанында мектебіміздегі 4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізілді. Кейін қыс, көктем мезгілдерінде өткізілген мониторинг барысында оқушылардың білім сапасының артып, көрсеткіштердің өскендігі байқалды.

Қараша айында Орал қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқытушылары білім ордамызға келіп, семинар-практикум ұйымдастырды. Мұғалімдердің

ашық сабағына қатысып, әдістемелік алаң өткізді. Кездесу барысында критериалды бағалау, ғылыми жұмыстар мен эссеге қоятын талаптар және саралау тапсырмалары сынды тақырыптар көтеріліп, Зияткерлік мектеп тәлімгерлері табысты тәжірибелерімен бөлісті. Сонымен қатар пән бойынша дағдыларын дамыту, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында Орал, Атырау қалаларында өткен екі күндік семинарға мектеп ұстаздарының 40% қатысып, қарқынды оқу бағдарламасынан өтті. Пән мұғалімдерінің әдістемелік қоржыны молайып, оқыту мен оқу сапасын арттыруда оң әсерін тигізді. Одан бөлек, онлайн-практикумдар мен сабақтарға қатысып, Зияткерлік мектеп ұстаздарымен байланысымыз одан әрі беки түсті.

Білім ордамыздағы тағы бір жаңалық – өзгерістерді басқаратын мектеп командасының құрылуы. Команда жоспарына сай жабдықтау жұмыстарынан кейін аудан деңгейінде бастауыш сынып, қазақ тілі мен әдебиеті, тарих және құқық пәндерінің мұғалімдеріне арналған семинарлар ұйымдастырып, жаңа білім беру технологияларымен ашық сабақтар ұсынылды. Аудан мұғалімдеріне мектептің жаңа базасы таныстырылып, әдістемелік көмек көрсетілді. Аудан мектептерінің оқыту сапасына талдау жүргізіліп, мықты және әлсіз тұстары анықталып, нәтижесі бойынша жұмыс жоспары құрылды.

Жоба аясында ұйымдастырылған курстар мен семинарлар ұстаздарымыз үшін тың жаңалықтар мен өзгерістерге толы болды. Педагогикалық шеберлік орталығының, Зияткерлік мектеп педагогтерінің қолдауы мектебіміз үшін жаңа серпін әкелді. Оқу процесінде, нақтырақ тоқталар болсам, 4, 6, 10-сыныптардың білім сапасының артуы – жобаның игі нәтижесі.





Сембиева Гульмира Талгатовна

*Директор школы
Общеобразовательная школа № 5
Город Аксай, Бурлинский район,
Западно-Казахстанская область
gulmira-talgatovna@mail.ru*

У нас всё получится!

Жизнь наполнена сюрпризами. Чудо происходит, надо только уметь это видеть и замечать. В 2021–2022 учебном году и со школой № 5 г. Аксай случилось чудо. Сообщение о том, что мы попали в проект «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности» сначала восприняли с недоумением и страхом: «Что это? Как это будет? Что за этим последует? Справимся ли мы?» Но, как говорится, глаза боятся – руки делают!

ФУРО и НИШ была проведена огромная работа по обучению педагогов. Тренеры ЦПМ, преподаватели НИШ города Уральск поделились своим опытом, их занятия дали новый толчок для педагогов школы в совершенствовании практики. Семинары в Атырау и Уральске показали нам пути улучшения преподавательской деятельности. Порой за каждодневной рутинной, к сожалению, нам свойственно не замечать явных вещей: ученик – это пластилин, из которого мы лепим Личность. Возможно, он не будет математиком, но он гибко реагирует на трудности: мобильность, гибкость, креативность, саморегуляция – основные качества, необходимые современному подростку. Развитие исследовательских навыков как у детей, так и у педагогов, несомненно, улучшает процесс обучения. Международные и республиканские конференции в городах Астана и Алматы, которые нам довелось посетить, помогли нам по-новому взглянуть на методы преподавания, развитие функциональной грамотности учащихся.

Мониторинг учебных достижений 4, 8 классов повлиял на качество преподавания положительно. Так, в 5 классах (2023–2024 учебный год) адаптация прошла намного быстрее, если сравнить с прошлыми годами; 9 классы сдали тесты государственной аттестации и МОДО на должном уровне, показав 70–82% качества знаний. И самое главное, анализ показал «зоны западания» в преподавании.

Стоит отметить, что и педагоги улучшили свой уровень преподавания, потому что изменили своё мышление и видение. Учителя стали активно проявлять интерес к посещению уроков своих коллег, в рамках Lesson Study передавали и перенимали опыт, пробовали, ошибались, но не останавливались. Я считаю это важным решением, так как зачастую нами управляет страх осуждения, страх сделать что-то неправильно. Анкетирование среди педагогов выявило, что улучшились психолого-педагогические знания и умения, методы и приёмы обучения, коммуникативные навыки. Так, из созданных пяти групп по исследованию урока, две группы успешно обобщили опыт на региональной конференции в городе Уральск (также направили свои работы на международную конференцию, ожидаем ответ). Мы обрели смелость

в трансляции своего опыта: за 2023–2024 учебный год на базе нашей школы было проведено 5 областных семинаров: представлены результаты работы по роботехнике, арт-студии, телестудии, STEM-лаборатории.

Учащиеся занимают призовые места на уровне района, области, а также представляют свои работы на международных конкурсах. Наши ученики с удовольствием участвуют в различных конкурсах, не боятся сцены и телевидения, гордятся тем, что учатся в школе № 5. Анкетирование среди учащихся показало, что необходимо усилить работу по развитию работоспособности и мотивации к достижению цели.

Телеканалом «Хабар 24» снят фильм о данном проекте и результатах работы. Для нашего коллектива это тоже победа. Мы не останавливаемся, впереди много задач, которые необходимо выполнить.

Важный инсайт: не надо бояться выходить из зоны комфорта! У нас всё получится!



Мухатов Фархат Хайроллаевич

Мектеп директоры

М–С. Бабажанов атындағы орта мектеп

Батыс Қазақстан облысы,

Бөкей ордасы ауданы, Сайқын ауылы

salykbabazhan@mail.ru

Көшбасшы мектептің көшіндеміз

Биылғы оқу жылында біз үшін жаңалық болған жайттардың бірі – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасына енуіміз еді. Аталмыш жоба негізінде жыл бойы көшбасшы мектеп – Назарбаев Зияткерлік мектебі ұжымымен үздіксіз байланыста бола жүріп, білмеген «тоқсан тоғызымызды» толтыру жолында қатарларына қосылдық. О бастан жобаның жүзеге асырылуы үшін жоспарлы жұмыс қолға алынды. Мектебіміздің материалдық-техникалық базасы жаңадан жабдықталып, қоғам қажеттілігіне сай заманауи оқу кабинеттері пайда болды.

Бүгінгі таңда білім берудің сапасы – бұл тек мектеп пәндерін игеру, емтихан нәтижелері мен бағалаудың өзге түрлері ғана емес, сонымен бірге мектепте жұмыс істейтіндердің – мұғалімдердің, басшылардың да кәсібилігін арттыруға да негізделеді деп ойлаймын. Біз де мектебімізде оқушыға білім беру мен тәрбиені жан-жақты дамыту үшін мұғалімдердің кәсіби тұрғыда өсуіне көңіл бөлудеміз. Ауданымыздағы тірек мектеп болып жобаға енген сәттен бері жыл басынан біздің мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытып, білімі мен біліктерін арттыру мақсатындағы семинарлар жүйелі түрде өткізілді. Алдымен Орал қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде, кейін Атырау қаласындағы аталмыш мектеп

базаларында бас қосулар ұйымдастырылып, ұжым ұстаздары үш күндік оқу семинарларына қатысып келді. Семинарлардың негізгі мазмұны білім сапасын арттырып, оқушының нәтижесін жақсартуға бағытталды. Күткеніміздей, мектептің білім сапасында да ілгерілеу болып, пайыздық көрсеткішіміз арта түсті. Заман талабына сай жабдықталған мектепте оқыған оқушыларымыздың да ынтасы мен ықыласы артып, зейіні зерделене түскені анық. Демек өзгеріс тек мектеп пен мұғалімге ғана емес, білім алушыларға да әсер етті. «Не өзгерді?» деген сұрақтың бірінші жауабы десем болады. Осы тұста Назарбаев Зияткерлік мектептері өткізген оқыту курстарының маңызды рөл атқарғанын айта кеткенім жөн. Себебі пәндік дағдыларды дамытуға бағытталған оқу мақсаттарын жүзеге асыруда мұғалімдеріміз үйренген әдістері мен тәсілдерін тәжірибелік тұрғыда көрсете отырып, оқушылардың зерттеу дағдылары мен функционалдық сауаттылықтарын дамытуға жұмсауда. Оған жүргізілген мониторингтер де дәлел бола алады. Алғашқы мониторинг нәтижесі мен соңғы қорытынды – оқыту мен оқу сапасының қаншалықты артқандығының айқын көрінісі.

Бұл сөздеріме дәлел ретінде қол жеткізген жетістіктерімізді негіздеуге болады: биылғы оқу жылында тұңғыш рет ауыл мектептерінің оқушыларына арналған олимпиадаға физика пәнінен қатысқан оқушымыз Қабиден Әліби республикалық кезеңде I орын жеңімпазы атанса, аталған оқушымыз облыстық «Апельсин» турнирінің «Үздік физик-теоретик» кезеңінде де I орынды жеңіп алды. Бастауыштық балғындарымыз да зерттеу жобаларына қызығушылық танытып, медицина, психология, экология секциясы бойынша облыстық «Зерде» конкурсынан Берхат Махамбет пен Салаватов Марлен арнайы алғыс хатқа қол жеткізді. Көркем және сәндік-қолданбалы өнер бағыты бойынша мектебіміздегі мүмкіндіктерді көрсеткен оқушымыз Қадыралиева Жұлдызай облыстық «Алтын қазына» көрме байқауында «Ұлттық ою-өрнегі бар халықтық киімдерінің үлгісін жасаудан» I орын иеленсе, «Балдәурен» балалар шығармашылығы фестивалінің облыстық кезеңінен «Сән салоны» бағытында II орын алған болатын. Бұдан бөлек, ұстаздарымыз да жүйелі жұмыс нәтижесін көрсетіп, жеңімпаздар сапынан көрініп жүр. Атап айтсам, «Үздік бастауыш сынып мұғалімі» байқауының облыстық кезеңінде З. Бисембаева III орыннан көрініп, «телеграм-бот» каналы арқылы жүргізілген жұмыс тәжірибесін көрсете білді, ал жас педагогтеріміз болса, «Театр-Жастар-Талант» театр өнерінің облыстық байқауында «Аманат» атты тарихи драманы өздері өңдеп, сахналап, «Үздік ер адамның рөлі», «Үздік екінші пландағы рөл» номинацияларын иеленіп, алғыс хатқа ие болды.

Ұжымдағы мұғалімдерімнің сабақтарын зерделей жүріп, Педагогикалық шеберлік орталығының білікті тренерлерімен тығыз байланыста жұмыс істеулерінің нәтижесінде болған мұғалімдер жұмысының сапасынан мектеп басшысы ретінде оң өзгерістерді байқап та жүрмін. Оның ішінде түрлі тиімді платформалармен жұмыс жасауға мүмкіндік болғандықтан пән мамандарының оларды өз сабақтарында оңтайлы қолдануларын, сондай-ақ жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша зерттеу жұмыстарының толыққанды жүргізілуін табысты мектепке жетудің қадамдары деп санаймын. Қарқын алған осы жұмыс жүйелі жүргізіле түссе, біздің нағыз көшбасшы мектепке айналарымыз хақ.



Кашкимбекова Шарбат Сарчукеновна

*Мектеп директоры
Тұрар Рысқұлов атындағы
тірек мектебі (ресурстық орталық)
Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы,
Мойынқұм ауылы
turar_ryskulov00@mail.ru*

Мектебім – мақтанышым

Т. Рысқұлов атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық) 2023 жылдан бастап заманауи технологиялық жабдықтармен толықтай жасақталды. Әр кабинет компьютер, принтер, интерактивті панель, оқушы мен мұғалімнің үстел орындықтарымен қамтамасыз етілді. Мұғалімге арналған түрлі әдістемелік құралдар, оқушы дайындығына қажетті құрал-жабдықтар берілді.

Мектебімізге берілген осындай материалдық база – оқушылардың зияткерлік қабілеттерін дамытуға, олардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға, ғылыми көзқарасын кеңейтіп, жалпы мәдениеттілігін көтеруге жасалған таптырмас мүмкіндік.

Жобаның мақсаты – Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту. Жоба аясында мектебімізде оқушыларды жан-жақты дамытуға арналған роботехника, STEM, арт-студия, шахмат, музыка кабинеттері заманауи технологиялармен жабдықталды.

2023–2024 оқу жылында Т. Рысқұлов атындағы тірек мектебінің (ресурстық орталық) оқушылары мен ұстаздар ұжымы аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі байқауларда топ жарып, жүлдегер атанғанын айтуға болады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Мажит Ақбота аудандық «Балалар оқуларынан» I орын, 9–11 сынып оқушылары арасындағы Қанипа Бітібаева атындағы республикалық олимпиададан I дәрежелі диплом, облыстық «Тамыры терең – Таразым» кітап оқу байқауынан I орын, аудандық 8–11 сыныптар арасындағы «Абай оқулары» байқауынан I орын, облыстық «Абай оқулары» байқауынан I дәрежелі диплом иеленіп, республикаға жолдама алды. Абай Нарғиза аудандық «Төлеген Айбергенов» байқауынан бас жүлде иеленіп, облыстық кезеңінде алғыс хатпен марапатталды, аудандық «Мұқағали Мақатаев оқуларынан» I орын, аудандық «Мағжан оқуларынан» бас жүлде алып, облыстық кезеңінде алғыс хатпен марапатталды. Асыл Алтынай аудандық «Абай, Шәкәрім оқуларында» қара сөз оқудан I орын алды. Саламат Ақбота аудандық «Абай, Шәкәрім оқуларында» өлең оқып, II орынды қанжығалады.

Мағауия Арайлым «FEST КӨКТЕМ» республикалық жас өнерпаздар байқауынан «Қолөнер» жанры бойынша бас жүлдемен оралды. Жетекшісі: Сандуғаш Ажибекова.

10-сынып оқушылары Райымбек Арнұр мен Нұржан Фархат 2024 жылы өткен «R: ED FEST» роботехника және бағдарламалау бойынша ашық халықаралық фестиваліне қатысып, III орын иеленді. Жетекшілері: Әмірәліқызы Ұлжан.

Жамбыл облысы әкімдігі Білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Менің Отаным – менің бастамам» шығармашылық жобалар сайысында «Жақсылық керуені» жобасы бойынша 10-сынып оқушысы Алмас Диана III орын алды.

Жамбыл облысы әкімдігі Білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен облыстық пікірсайыс турнирінде 10-сынып оқушылары Жолдасбай Шапағат, Алмас Диана III орынды иеленді.

Білікті ұстазымыз Қожахмет Тәукехан «Дарынды балаға – талантты ұстаз» республикалық байқауына қатысып, II дәрежелі диплом алды.

Мұғалімдеріміздің оқу жылында материалдық-техникалық базаны ұтымды пайдалануы оқушылардың білім сапасының көтерілуіне өз септігін тигізді. Биылғы оқу жылында білім сапасының көрсеткіші 71%, яғни 2%-ға көтерілді.

Магниттік мектеп оқушылары сессия кезінде жан-жақты білім алып, шығармашылықпен жұмыс істеді. Мұғалімдер мен оқушылардың еңбектеріне жеке-жеке тоқталып өтсек, көркем еңбек пәнінен Қалымбетова Ақмарал «Жастықша құрау», оқушысы – Баянқұл Талшын; Сарбасова Нұрсұлу «Гобелен – суретті түкті кілем», оқушысы – Қалжан Диана; Ажибекова Сандуғаш «Қазақи үй тұмаршасы», оқушысы – Төлеген Айтоты, Келесбаев Қазбек «Қобдиша жасау», оқушысы – Тұралы Бақдәулет. Роботехникадан Джандарова Назгүл «Roboblog», оқушысы – Әшімбек Тахмина, Әмірәліқызы Ұлжан «Spike», оқушысы – Көпбосын Айсымбат. Сондай-ақ Күлдіманас Мағжан «Шахмат: тактика және стратегия», оқушысы – Әшімбек Марим, Жақсылық Аслан «Алаш алыптары», оқушысы – Мұрат Нұрдәулет, Чайкенов Азамат «Футбол», оқушысы – Әшімбек Ағыбай, Дүзелбай Еркебұлан «Музыкалық шығармаларға деген ізденіс қабілеттерін арттыру», оқушысы – Жарылқасын Мадина.

Ұрпақ – ұлттың болашағы. Ал болашақты бүгінгіден де нұрлы ету жолында адамзатты алға сүйрейтін күш – білім. Сондықтан да болашағымыздың жарқын болуы үшін өскелең ұрпақтың бойына біліммен қатар ұлтжандылықты сіңіріп тәрбиелеуіміз керек.





Сайлаубаев Руслан Бахытович

Мектеп директоры

Әлихан Бөкейхан атындағы № 15

тірек мектеп-лицейі (ресурстық орталық)

Жамбыл облысы, Жуалы ауданы,

Бауыржан Момышұлы ауылы

ruslan_taraz_kz@mail.ru

Ауыл мектебі – ел тірегі

2023–2024 оқу жылында Жамбыл облысы бойынша 2 мектеп «Білім беру саласын тұрақты дамыту» ҚК «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ және «Қазақстан халқына» ҚК-мен бірлесіп жүзеге асыратын «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасына енген болатын. Соның бірі – Жуалы ауданындағы Әлихан Бөкейхан атындағы № 15 тірек мектеп-лицейіміз. Жоба аясында мектептің материалдық-техникалық базасы толықтай жаңартылды. Атап айтқанда, заманауи зертханалар, телестудия, арт-студия, STEM-зертхана т.б. пәндік кабинеттер жабдықталды. «Жаһандану жағдайында ауыл мектеп оқушыларын ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы эксперименттік алаң тұжырымдамасы негізінде мақсат-міндеттері айқындалып, Әлихан Бөкейхан атындағы № 15 тірек мектеп-лицейіне қарасты магниттік мектептер белгіленді. Олар: «№ 22 Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектеп» КММ, «№ 14 Бейімбет Майлин атындағы орта мектеп» КММ, «№ 37 Ынтымақ негізгі мектебі» КММ.

Оқу кезеңдері 3 сессияға бөлінді. Әрбір сессия кезінде оқу сабақтары, қосымша білім және тәрбие жұмыстары, яғни дамыту блогтары өз алдына жеке жоспарланды. Оқыту сессиясы баланың біліміндегі нақты кемшіліктерді жоюға бағытталған. Сондықтан жұмыс қолданбалы, зертханалық-тәжірибелік сабақтар, өз бетімен жұмыс жасау және талдау сипатында және өз бетімен білім алу, өзін-өзі кәсіби тану бағытындағы негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру бағдарымен ұйымдастырылды.

Магниттік мектептен келген балалардан тірек мектептегі оқушылармен бірге микротоптар құрылып, оқушы жаңа ортаға бейімделіп, бірлесе жоспарлау, пікір алмасу жұмыстары жүргізілуде. Оқушылардың теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыруына, білім-білік құзыреттілігін дамытуына жаңадан ашылған телестудия, арт-студия, STEM-зертхана, басқа да заманауи пәндік зертханалар зор септігін тигізуде. Бала мұғалімнің жетекшілігімен ғана тәжірибе жасап қоймай, өз бетімен жұмыс жасауға, ғылыми жобалар әзірлеуге, талдау жүргізіп, қорытынды жасауға дағдылануда. Зертханалық жұмыстар оқушылардың химия, физика, информатика, биология пәндеріне деген қызығушылығын арттырып, олар аудан, облыс, республика деңгейіндегі байқауларда жоғары нәтижелер көрсетіп жүр.

Атап айтсам, 10-сынып оқушысы Базарбек Ерасыл «Robotek Grand Tournament» республикалық турнирінің (екінші) облыстық кезеңінде «X machine» тобында III дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Robotek Grand Tournament» республикалық чемпионатының аудандық кезеңінде «Сұрыптаушы робот» санатына қатысып, жоғары нәтиже көрсеткен «Robotek» тобы I дәрежелі дипломмен марапатталды.

Жуалы ауданының 95 жылдығына орай ұйымдастырылған «IT BALAQA!» атты робототехника бағыты бойынша аудандық жарыстың «Формула 1.1-смартфон арқылы басқару» сайысында «X machine» тобы I дәрежелі дипломмен марапатталса, аталмыш жарыстың «Формула 1-лабиринт» сайысында жеңіске жетіп, I дәрежелі диплом иеленді. Сонымен бірге оқушыларымыз жаратылыстану бағыты бойынша облыстық «Зерде» ғылыми жоба байқауына қатысып, жүлделі II, III орындарды иеленді. Оқушылар 3D-модельдеу бойынша 3D өлшемді фигураларды принтерден басып шығарады және лазерлік білдекпен де жұмыс жасай алады. Оқушылардың роботқа қызығушылығы өте жоғары. Олар үйірме жұмыстарында құрастырып қана қоймай, бағдарламалау, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда.

«Жарық жұлдыз» VIII республикалық байқауында «Көркем сөз» жанры бойынша М. Ғали I орынды иеленсе, «Аспапта ойнау» жанры бойынша домбырашыларымыз бас жүлдені қанжығаларына байлады. Оқушыларды байқауға дайындаған тірек мектеп-лицейінің ұстаздары – З. Абишева мен М. Тойшыбекова.

«Кіші олимпиада мектебі» үйірмесі аясында ұйымдастырылған облыстық олимпиадада М. Тұрлыбек жүлделі III орынды иеленді. Жетекшісі – А. Абешова.

«Қолөнер шебері» үйірмесі бойынша ұйымдастырылып, облыстық «Текстиль» студенттік ғылыми үйірмесі өткізген «Текстиль және дизайн» байқауында Уалихан Дилия I дәрежелі диплом иеленсе, Сейіткерім Сағыныш II дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі – А. Кадырова.

Жоба аясында ұстаздарымыз Назарбаев Зияткерлік мектебінде, Педагогикалық шеберлік орталығында өз біліктіліктерін арттыруға, семинарларға қатысып, тәжірибе алмасуға мол мүмкіндік алды. Қараша айында біздің 50 педагог Зияткерлік мектепке барып, әдістерімен алмасып, семинар-сабақтарға қатысып қайтты. Алдағы үш жылда біліктілігін арттырып отыруға мүмкіндік қарастырылды. Қазіргі таңда сол ұстаздарымыз алған тәжірибелерін өз мектебімізде балаларға білім беру ісінде ұтымды пайдаланып жүр. Сондай-ақ аудандағы магниттік мектеп мұғалімдерімен тәжірибе бөлісуде. Ал өзге мектептің оқушылары біздің білім ошағымызға келіп, шығармашылығын арттыруға мүмкіндік алып отыр.

Тірек мектеп-лицейінде магниттік мектептердің оқушыларын оқыту мен тәрбиелеу мақсатындағы жұмыстардың нәтижесінде бірқатар тиімді көрсеткіштер анықталды:

- Оқушылардың әлеуметтенуін ұйымдастыру қызметін қамтамасыз ететін қосымша білім беру мен тәрбие кеңістігі құрылды;
- Тірек мектептің материалдық-техникалық базасы толықтырылды және жаңартылды;
- Мұғалімдерге қажетті әдістемелік көмек көрсетілді;
- Әлеуметтік педагог пен психологтың қызметін жүйелендіру жұмысына арналған арнайы кешен құрастырылды;
- Тірек мектепте (РО) желілік байланыс орнады, кәсіби-педагогикалық тәжірибе таратылды.

Тірек мектеп-лицейі (РО) және магниттік мектеп оқушыларының жетістіктері мен өзгерістері:

- Оқушылардың білім алуға деген ынтасы жоғарылады;
- Білемін, үйренемін, қолымнан келеді деген ұстанымдары қалыптасты;
- Өзіне және өзгерелерге позитивті көзқараспен қарау қабілеті дамыды;
- Қарым-қатынас мәдениеті қалыптасты;
- Рухани-адамгершілік қасиеттері дамыды және қалыптасты;
- Қоғамдағы өзгерістер мен жаңалықтарды қабылдау және меңгеру дағдылары дамыды;
- Ақпаратты сыни тұрғыда бағалайды;
- Мәдени, діни, саяси әртүрлілікті түсінеді, ұқсастығын, айырмашылығын ажыратады;
- Тілдік кедергілер жойылды;
- Кез келген жағдайға төзімділігі арта бастады;
- Әлеуметтік қарым-қатынасқа қабілеттілігі көтерілді;
- Жаңа технологияларды қолдануға бейімділігі артты;
- Басқалармен қарым-қатынас мәдениетін меңгерді;
- Барлық уақытта жаңа ақпараттарға ашық болуды үйренді.

Тірек мектеп-лицейі (РО) және магниттік мектеп мұғалімдерінің жетістіктері мен өзгерістері:

• Мұғалімнің сабақтағы позициясы өзгерді. Оқушылардың субъектілігін дамыту үшін мұғалім олардың әрекетін ұйымдастырушы, бағыт беруші, дер кезінде көмектесуші рөлінде болуына қарай нақты қадамдар жасалды.

• Сабақты өткізу әдістері мен формаларының жаңашылдығы. Сабақтың дидактикалық элементтерінің тұтастай жаңаруы, соған сай оқушылардың танымдық белсенділігінің артуы, сабаққа деген қызығушылығының, коммуникативті мәдениеті мен сыни ойлауының жоғарылауы орын алды.

• Ұстаздардың әдіснамалық мәдениеті деңгейінің жоғарылауы. Оқыту технологияларын енгізу барысында оқушыларды зерттеу, өз тәжірибесінің жетістіктері мен кемшін тұстарын, өзінің болашақтағы жұмыс бағыттарын айқындай алуы, соған сәйкес түзету әрекеттерін тандай білуі, жұмыс нәтижелерін жинақтай алуы жағынан сапалық өсім байқалды.

- Оқушылардың білімдерін жаңаша бағалауға қол жеткізді.
- Әлемдік мәселелер жайында сыни тұрғыда ойлай біледі.
- Толеранттылығы, коммуникативтілігі артты.
- Медиасауаттылығы дамыды.
- Жаһандық және жергілікті мәселелерді талдай алады, пікір айта біледі.
- Білімін жаңартып, кемелдендіріп отыруға деген ынтасы арта түсті.

Ата-аналардағы өзгеріс:

• Тірек мектеп-лицейінің қызметін тұтынушылар – ата-аналардың білім беру мекемесіне деген жағымды көзқарасы қалыптасты;

• Баланың болашағы үшін тірек мектеп-лицейінің (РО) саясатына қолдау көрсетуге дайын;

- Баланың даралық ерекшелігі мен қабілетіне баса мән бере бастады.



Турсынбекова Фарида Рысановна

*Мектеп директоры
Балтабай Адамбаев атындағы тірек орта мектебі
Жамбыл облысы, Сарысу ауданы,
Саудақент ауылы
b.adambaev.oss@yandex.kz*

Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз

Қазіргі таңда білім беру парагдимасы өзгеріп, білім берудің мазмұны жаңарды, білім беруге деген жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол аша отырып, тәрбие мен білім беру ісін жоғары деңгейге көтеруді қажет етеді.

Жаңаша білім беру жүйесінде оқытудың белсенді әдістерінің жеке тұлғаның қалыптасуында маңызы зор. Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлері жүргізген жұмыс нәтижесінде оқытудың белсенді әдістері – оқу материалын игеру үдерісінде білім алушыларды белсенді ойлау және тәжірибелік әрекетке итермелейтін әдістер кеңінен қолданыла бастады. Белсенді оқыту мұғалімнің дайын білімді баяндауына, оларды есте сақтауы мен қайта жаңғыртуына емес, білім алушылардың белсенді ойлау және тәжірибелік әрекет үдерісінде өз бетінше білімдер мен біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді. Белсенді оқыту әдістерінің ерекшелігі – сол әдістер негізінде практикалық және ойлау әрекетіне деген құлшынысты ояту. Онсыз білімдерді игеру, алға жылжушылық болмайды. Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы мен дамуы оқытуда білім алушыларға білім ғана беріп қоймай, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттердің, шығармашылық ойлаудың, өз бетінше ақыл-ой еңбегінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету, т.б. жаңа міндеттердің қойылуымен байланысты.

Сабақта белсенді әдістер қолдану білім алушының өзіндік рефлексия жасау дағдыларының дамуына, сыныптағы жалпы жұмысқа үлес қосып, қатысқанын сезінуге, оқу үдерісінің белсенді мүшесі болуына, танымдық белсенділігінің артуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ мұғалімнің сабағын қызықты ұйымдастыруына, білім алушылардың танымдық әрекетін күшейтіп, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдай түсуіне ықпал етеді.

Мұғалім шеберлігі қандай болмақ? Зияткерлік мектеп ұйымдастырған тағылымдамалардан кейін мұғалімнің әр сабаққа дайындаған тапсырмасының өзі бірқалыпты деңгейде болмауы тиіс. Сол себепті шығармашыл білім алушыға күрделі әрі сыни тұрғыда ойландыруға жетелейтін тапсырмалар беріп отыру керек. Осылайша біз баланы алған білімін өмірде қолдана алатын тұлға ретінде қалыптастырамыз. Сапалы білім берудегі негізгі міндет те, мақсат та осы. Сол себепті де мен сапалы білім берудегі басты мақсат деп мына үш факторды атап өткім келеді: сыни тұрғыда ойлауға жетелеу; шығармашыл білім алушылардың

талантын ұштау; нәтижесінде алған білімді өмірде қолдана білуге дағдыландыру. Теорияны тәжірибемен ұштастыру! Міне, ұстаздың шеберлігі осында жатыр. Алған білімді бала тек біліп қана қоймай, өмірде қолдана алуы маңызды. Нәтижесінде біз өмірге бейім, кез келген тығырықтан жол таба алатын тұлғаны тәрбиелейміз.

Ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсыновтың «Сендер адаспаңдар – арттарыңнан алаш адасады: арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар» деген сөзін әр ұстаз жадында ұстауы керек. Ендеше әр педагог өз шәкіртін еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын болашағы ретінде тәрбиелеу үшін барын да, жанын да салуы керек.





Арнабекова Нургуль Нургазиевна

Мектеп директоры

Қоғалы орта мектебі

Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы,

Қоғалы ауылы

kogaly-mektep@mail.ru

Тірек мектеп – сапалы білім бастауы

«Мектеп – кеме, білім – теңіз» демекші, шексіз теңізде сапалы білім алу үшін білім ошағының талапқа сай болуы шарт. Әсіресе, заман ағымының тоқтаусыз өзгеріп, күннен-күнге қарқынды дамуын ескеретін болсақ, бәсекелестік заманында өскелең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбиені теңдей беру – басты міндет.

«Қазақстан халқына» қорының білім беру саласындағы қолдаған бастамаларының бірі – «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы. Осы жобаға Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Қоғалы ауылындағы «Қоғалы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2023 жылы енді. Жоба аясында мектебіміздің материалдық-техникалық базасы толығымен жаңартылды, оқу кабинеттері қажетті құралдармен толықтай жабдықталды. Қосымша білім беру кабинеттері ашылды. Химия, физика, биология зертханалары іске қосылды. Сондай-ақ акт залы, би залы, арт-студия, телестудия, кітапхана, робототехника мен STEM-зертханасы да қарастырылған. Мұның бәрі шәкірттердің заман талабына сай білім алуына мол септігін тигізеді сөзсіз.

Мұғалім – шығармашыл, жан-жақты дамыған, адамгершілігі жоғары, белсенді өмірлік ұстанымы бар, өз ісіне, шәкірттерінің тағдырына немқұрайлы қарамайтын жан. Бүгінгі таңда мұғалім заман ағымына ілесуі, жаңа технологияларды меңгеруі керек. Заманауи мұғалім қол жеткізген жетістіктерімен тоқтап қалмайды, әрқашан көп нәрсеге ұмтылады. Білім берудегі жаңалықтарды қадағалап отыруды, педагогикалық шеберлік байқауларына белсене қатысуды өз қызметінің ажырамас бөлігіне айналдырады, өйткені мұндай шаралар мұғалімнің кәсіби әрі тұлғалық өсуіне септігін тигізеді. Сонымен қатар өз жұмысын талдай алуы, тәжірибе алмасып, әріптестерінің тәжірибесін іске жарата білуі, олардың өз жұмысына берген бағасын қабылдай алуы – кемелденуге ұмтылатын ұстаз үшін аса маңызды. Осы мақсатты көздеген Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқытушылары мектебіміздің мұғалімдеріне оқыту семинарларын өткізіп қана қоймай, Талдықорған қаласы Назарбаев Зияткерлік мектебінің педагогтері ұстаздарымыздың сабақтарына қатысып, әдістемелік көмек көрсетуде. Әрбір пән бойынша пәндік дағдыларды дамытуға бағытталған оқу мақсаттарын жүзеге асыру әдістері мен тәсілдеріне, оқушылардың зерттеу дағдылары мен функци-

оналдық сауаттылығын дамытуға арналған семинарлар мектебіміздің оқыту сапасына оң әсерін тигізуде.

Сондай-ақ 4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізілді. Мотиторинг қорытындысы бойынша жоспар құрылып, игеруді қажет ететін оқу мақсаттары бойынша оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізілуде.

Шығыс ойшылы Ж. Баласағұнның «Қанша білсең, ізден тағы, тағы да, білікті адам жетер тілек, бағына» деген сөздерін есте ұстай отырып, заман ағымына қарай жан-жақты ізденген мұғалім болып, білімді әрі озық ойлы шәкірттер тәрбиелеу – Қоғалы орта мектебі ұжымының басты ұраны.

Мектебіміздің «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасына енуі ауыл оқушыларының өздері тұратын жерде сапалы білім алуына, сондай-ақ білім беру ресурстарын шоғырландыруға мүмкіндік берері сөзсіз!



Базарбаева Кулжан Оспановна

Мектеп директоры

Е. Сиқымов атындағы орта мектебі

мектеп жанындағы интернатымен

Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы

e.sihimov@mail.ru

Мектеп мәртебесі – жетістік көзі

Қай саланың болсын өркендеу жолында мамандардың бір-бірімен пікір алмасып, тәжірибе бөліскені аса маңызды. «Білім беру саласын тұрақты дамыту» қоры, «Қазақстан халқына» қоры және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның бірлескен жобасы аясында мектебімізге робототехника, STEM-зертханасы, теле-студия, кітапханадан бөлек психолог, дефектолог, мектепке дейінгі даярлық, тігін және тамақтану мәдениеті шеберханасы, еңбек сабақтарына арналған шеберханалар, арт-студия, спорт жабдықтарымен бірге барлығы 22 сынып бөлмесі жаңартылды. Осы орайда «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның білім жүйесіндегі тиімділікті бөлісу іс-шаралары – ұтымды үрдіс. Бұған мектебімізбен ДББҰ тарапынан орнатылған кері байланыстың нәтижелері дәлел бола алады. Елімізді өркениетке апарар жолдың бастауында мектеп тұрады. Ал мектептің жүрегі – мұғалім екені даусыз. Шәкірт ұстазға қарап өседі. Оқушыны білімге қызықтырып, өз әлеміне баурап алу үшін ұстазға дариядай терең білім, биік парасаттылық, еңбекқорлық керек. Мектебімізде осындай қабілет пен қасиеттерді бойына сіңіре білген ұстаздар жетерлік. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» деген ұстаныммен ұстаздарымыз мағыналы әрі өнегелі тәрбие мен сапалы білім беруде. Бүгінгі күн – осы мектеп пен бүкіл аудан үшін жаңа тараудың басталуы. Біз білімді табысты болашақтың кілті деп санаймыз. Ал тірек мектеп бүкіл облыс үшін сапалы білім берудің үлгісі болмақ. Мұғалімдер күнделікті сабақ жоспарын құрудан бастап сабақ берудің жаңа әдістерін

игеруде, оқушыларды тиімді бағалау бойынша білімдерін жетілдіруде. Әдістеме толық жанарғанын, оқушылардың белсенділігі артқанын сабаққа бақылаушы болып қатысқанда да байқауға болады. Қазір оқушылар ойын айтуға асық, пікірін еркін жеткізеді. Пән апталықтары, онкүндіктер, сабақтан тыс іс-шаралар ұйымдастырылып, әр пәннің оқытылуын бақылауда оқушылардың жалпы белсенділігі байқалып жүр. Бүгінде мектебімізде аталған жоба аясында атқарылған жұмыстар оң нәтиже беріп отырғаны талас тудырмайды. Әлеуетті жобаның жемісін өңірдегі бірқатар ауылдық мектеп те сезіне бастады. Осы ретте «Білім алушылардың білім сапасын көтеру және шешу жолдары» тақырыбында аудандық семинар-практикум өтті.

Мектебіміздегі оқушыларды жан-жақты дамыту мақсатында аталмыш жоба аясында қолға алынған іс өз жалғасын табуда. Атап айтсам, «Robo time», «Жас өркен», «Бетпе-бет», «Art қолөнер» жобалары. Қарағанды қаласында өткен VIII «Roboland – 2023» халықаралық робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалінде А. Батырбек пен А. Ербол өз жұмыстарын ұсынып, сертификатқа ие болды. «Robotek Grand Tournament» облыстық байқауында А. Ербол мен А. Батырбек I орын, А. Әсет, Қ. Бегнұр II орынға ие болды. Талдықорған қаласында өткен «Театрдың ғажайып әлемі» атты облыстық театр өнері фестиваль-байқауында Б. Сұлтаннұр «Образды үздік актерлік бейнелеу» номинациясында марапатқа ие болды. «Ділмар» облыстық пікірсайысынан М. Асылбайқызы, «Бояулар құпиясы» облыстық байқауынан Ұ. Пазылжан I орындарға ие болды. Бүгінгі таңда ауыл мен қала мектептері арасындағы оқушылардың білім сапасындағы алшақтықты жоюдың маңызы зор екені белгілі. Осы мақсатта атқарып жатқан іс-шараларымыздың нәтижелілігінің көрсеткіші – оқушыларымыздың жетістіктері.



Табысты мектептің маңызды қағидаларының бірі – балалардың назарын аудару, барлық өзгерістер – оқушылардың мүддесі үшін, барлық жаңашылдықтар – Отанымыздың болашақ азаматтарының мүддесі үшін. Кемел келешекке үлес қосатын бірден-бір тұлға – ұстаз десек, мұғалімдер бірін-бірі толықтырып, бірлесе дамуға ұмтылуы тиіс. Аталған жоба оң нәтижесін беріп келеді. Алдағы уақытта өзге де өнегелі істер жалғасын табарына кәміл сенемін.

М. Жұмабаев: «Баланы мұғалімнің өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайықтап дайындау керек», – деген екен. Сондықтан қазіргі оқушылар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Отбасының да, мектептің де, қоғамның да мақсат-мүддесі біреу, ол – заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу. Болашақта бұдан да жоғары жетістіктерге қол жеткізіп, білімнің биік шыңдарын бағындыра беру – біздің басты мақсатымыз.



Бершимбекова Жекен Сайлауевна

Директор школы

Школа-гимназия имени Абая

Город Саркан, Сарканский район,

Жетысуская область

abaia_sh@mail.ru

Изменения в школе начинаются с изменения методики преподавания

Школа-гимназия имени Абая – одна из 31 школы Сарканского района, которая соответствует далеко не всем предъявляемым требованиям, но постепенно мы всё быстрее приближаемся к стандартам европейских школ. Сходство проявляется не только в оснащении школы удобной и современной мебелью. Школа стала тем местом, куда хочется приходить, проводить там долгое время и чувствовать себя уютно и комфортно. Но самое главное, изменился сам процесс обучения. Это стало возможным благодаря тому, что школа постоянно пополняется новым оборудованием, современной компьютерной техникой, приборами для проведения всевозможных опытов. Это лучшая мотивация для обучения.

Отдельной благодарности заслуживает предоставление возможности учителям проводить демонстрации на уроках химии и физики, естествознания, биологии. То оборудование, которое мы сейчас имеем, позволяет без затруднений проводить серии опытов и демонстраций. В ходе применения таких наглядных методов ученики лучше делают прогнозы, ищут общее, объясняют закономерности. Последний раз школа получала химические реактивы в 2000 году. Понятно, что материалов, необходимых для проведения опытов и лабораторных работ, уже не осталось. Объяснение тем закреплялось показом рисунков и уравнений реакций. Теперь же учителя и ученики с удовольствием выполняют различные химические опыты, лабораторные работы, проводят различные исследования. Задания, выдаваемые учителем,

стали более сложными. Химия постепенно переходит в разряд «понятных», хотя это довольно сложный предмет.

Приятно, что продумана не только материальная помощь, но и повышение уровня преподавания учителей: посещение Назарбаев Интеллектуальной школы для наших учителей стало желанным и постоянным опытом. Процесс обучения точечный – предметник обменивается опытом с предметником. Такое повышение уровня профессионализма позволяет каждому развиваться и самому определить свои проблемы без наблюдения администрации.

Учителя НИШ во время посещения нашей школы оказывают помощь предметнику, указывают на плюсы и минусы, делают подробный анализ урока, дают рекомендации. Такое взаимодействие щадит самолюбие и поднимает самооценку, способствует желанию меняться. Учителя-лаборанты НИШ города Талдыкорган были удивлены тому, что у нас есть различные датчики в кабинете физики, с которыми они не встречались. Они тут же начали искать принципы работы современных датчиков в интернете. Учились вместе, дружно, дополняя друг друга. Полная электрификация четырёх классов позволяет проводить уроки с использованием оборудования в нескольких точках кабинета, давать групповые экспериментальные задания. При этом задания стали дифференцированными, позволяющими учителю выявлять более способных к научной работе учеников. Уже в этом учебном году было подано восемь заявок для участия в республиканском конкурсе научных проектов «Дарын» и пять проектов – на конкурс «Зерде». Я глубоко убеждена, что дети должны не зубрить материал, а через применение знаний доходить до глубокого его понимания. И в этом нам помогают современное оборудование, новейшие технологии, приборы, имеющиеся в нашей школе.

Современные требования к качеству знаний строятся на умении применять полученные знания, а не заучивать материал учебников. На сегодняшний день поставленная цель по повышению качества образования стала осуществимой благодаря созданным условиям работы.



Смагулова Надира Акилбаевна

*Мектеп директоры
Шестаков атындағы орта мектеп
Жетісу облысы, Ескелді ауданы,
Қарабұлақ ауылы
nadira.smagulova@mail.ru*

Бірлескен жұмыс нәтижеге жетелейді

Чарльз Диккенс: «Адам басқалардың жақсаруына көмектеспейінше, өзі де жақсара алмайды», – деп жазды. Расында да, «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасын құру идеясы мектебіміздегі оқыту мен білім алу үдерісін қайта қарауға мүмкіндік берді.

Әрине, мен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-мен бірлескен жұмыстың бірінші жылының қорытындысы бойынша қол жеткізілген нәтижелерге мысал келтіре алмаймын, бірақ жобаны жүзеге асыру барысында орын алған маңызды жаңалықтар туралы фактілерді тізіп өту қажет: біріншіден, мектебіміздің ұстаздары НЗМ мұғалімдерімен бірлескен жұмыстың арқасында өз тәжірибесінде рефлексия жасауды үйренді және рефлексия қабілеттерін дамытты.

Екіншіден, 4 және 8-сынып оқушыларының білім сапасына жасалған мониторинг деректерін саралай келе, олардың сыни тұрғыдан ойлау, функционалдық сауаттылық, өз бетімен іздену және ақпаратты терең талдау дағдыларын дамыту керектігіне көзіміз жетті.

Үшіншіден, оқу мақсатын жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері бойынша өткізілген сапалы семинарлар біздің мұғалімдерге сабақтың мақсатын түсінуге, сабақтың мақсаты мен оқушылардың ойлау қабілетінің деңгейіне сай тапсырмалар тандауға мән беру керектігін көрсетті.

Мектебіміздегі мұғалімдердің сабақ беру сапасына әсер еткен Педагогикалық шеберлік орталығы тренерлерінің кәсіби қолдауын да атап өткім келеді. Сабақтарды бақылау барысында мұғалімдердің ең алдымен сабақты жоспарлауда, сабақтың тиімділігі мен сапасын бағалауда өзін-өзі дамытқаны байқалды. Сондай-ақ сабақтың мақсаттары мен міндеттерін қоюда, білім беру мазмұнын жүзеге асыруда, мұғалімнің сабақтағы бағалау іс-әрекетінде оң өзгерістер орын алды.

Менің ойымша, Зияткерлік мектептерде ұйымдастырылған тағылымдамалар нәтижелі болды, өйткені қызметінде өзгерістерді қалайтын мұғалімдердің кәсіби және тұлғалық қасиеттерінің айтарлықтай нығая түскені байқалды.

Бірлескен жұмыс нәтижесінде мектебімізде оқыту қызметінің нәтижелі болуына баса назар аударылып, мұғалімдердің оқыту процесіндегі мықты және әлсіз тұстарына баға беру, ондағы түйткілдерді шешу жолға қойылды. Мақсат – жоғары білім сапасына қол жеткізу.

НЗМ тренерлерімен бірлесе жүргізілген жүйелі де мақсатты жұмыс әр пән мұғалімінің жеке өсуіне ғана емес, тұтастай мектеп қызметінің жақсаруына оң ықпал етті. Күн санап өзгерістер орын алған дәуірде оқушыларымыздың бойына заманның өзі талап етіп отырған қасиеттерді сіңіріп, кемел білім беруде осы мүмкіндіктерді кәдемізге жаратуға ниеттіміз.





Акмагамбетова Мара Жанабаевна

Директор школы

Опорная школа (ресурсный центр)

имени Алихана Бокейхана

Посёлок Осакаровка, Осакаровский район,

Карагандинская область

www.osak01@mail.ru

Итоги сотрудничества школы с АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»

Отрадно отметить, что КГУ «Опорная школа (ресурсный центр) имени Алихана Бокейхана» отдела образования Осакаровского района управления образования Карагандинской области вошла в благотворительный проект «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности».

Подходит к концу учебный год, а это значит, что пришло время собирать камни, то есть подводить итоги. Хочется выразить слова огромной благодарности в адрес АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» за тесное сотрудничество в рамках проекта. Проведённые вашей организацией курсы, семинары были очень полезны, ценны и важны для наших педагогов. Целенаправленно, осознанно новые методы и формы работы педагогическим коллективом активно внедряются в учебный процесс. Особенно хочется отметить разные виды чтения, используемые во время проведения уроков, метод «Треугольник», которые не просто вызвали интерес у учащихся, но и повлияли на повышение мотивации. Эффективнее стали использоваться на уроках активные приёмы обучения, приёмы развития креативного мышления, а также инновационные цифровые технологии.

Используя полученные во время обучения знания, в стенах нашей школы был организован и проведён районный семинар с участием представителей школ Аршалинского района, опорных и магнитных школ Осакаровского района, методистов Осакаровского района и опорной школы NIS IB на тему «Обобщение и распространение педагогического опыта по развитию творческих способностей у учащихся путём использования интерактивных форм обучения». Нетрадиционные формы работы, такие как косплей, networking, интеллектуальный баттл, тренинги, семинары-практикумы, театрализация вызвали положительные эмоции и высокие отзывы со стороны приглашённых гостей и представителей школы NIS IB, что свидетельствует о правильном направлении работы школы, о качественном внедрении в учебный процесс полученных во время сотрудничества знаний, умений и навыков.

Организованные школой NIS IB стартовые площадки на базе данной организации помогли педагогическому коллективу увидеть новые возможности и перенять опыт

работы с детьми у педагогов с высокой квалификацией. После посещения семинаров на базе школы были проведены методические недели с целью оказания помощи молодым специалистам по методам и приёмам реализации целей обучения, направленных на развитие предметных навыков по каждому предмету, развитию исследовательских навыков и функциональной грамотности. Серия посещённых уроков, проведённых молодыми специалистами, свидетельствует о повышении качества преподавания, о соблюдении методических требований, о качественном использовании рекомендаций, разработанных педагогами-экспертами, исследователями, мастерами. Это позволило повысить качество предоставляемых образовательных услуг.

С начала учебного года в рамках данного проекта подписан меморандум о совместном сотрудничестве на три года с ведущей школой по робототехнике в Казахстане «Роботек», а также в течение учебного года осуществлялось обучение по программе Fishertechник на конструкторах. В дальнейшем планируется участие учащихся во всех соревнованиях, организованных данной организацией. Команда нашей школы во главе с преподавателем Болатом Бабеком стала победителем Республиканских соревнований по робототехнике «Robotex Kazakstan» и приняла участие в Международном конкурсе «Robotex», что предоставляет нам возможность в следующем учебном году представлять Казахстан на соревнованиях в Италии.

Особого внимания и оценки заслуживает мониторинг учебных достижений учащихся 4 и 8 классов. Детальный отчёт по итогам мониторинга позволяет своевременно проводить коррекционную работу с целью минимизации пробелов в знаниях учащихся, что позволит в дальнейшем осуществить качественный переход четвероклассников в среднее звено, а восьмиклассникам – подготовиться к итоговой аттестации за курс основной школы.

Надеемся на дальнейшее тесное сотрудничество и обмен опытом. Данный вид работы позволяет не только расширить информационные границы, но и наметить дальнейшие шаги в работе, точно отработать «западающие» зоны, своевременно откорректировать учебный материал, что в дальнейшем приведёт к воспитанию конкурентноспособного, функционально грамотного, востребованного на рынке труда выпускника.





Амралина Куралай Айткеновна

*Мектеп директоры
Күләш Байсейітова атындағы
тірек мектебі (ресурстық орталық)
Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы,
Ақтоғай ауылы
amralina-curalai@mail.ru*

Ауыл мектебіндегі өзгеріс

М. Жұмабаев «Баланы мұғалімнің өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайықтап дайындауы керек» деген екен. Сондықтан қазіргі оқушылар заман талабына сай біліммен қаруланып, тәрбиеленуі тиіс. Отбасының да, мектептің де, қоғамның да мақсат- мүддесі біреу, ол – заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу.

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы менің мектебімдегі оқу мен оқытуға біршама өзгерістер әкелді. Төртінші және сегізінші сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне жасалған мониторинг нәтижелерінен кейін сабақты зерттеу циклі жоспарланып, оқыту мен оқу сапасын басты назарға алдық. Әр сыныптағы олқылықтар ескерілді және әр сынып бойынша социометрия құрылды.

Оқушылардың зияткерлік қабілеттерін дамытуға, шығармашылық әлеуетін көтеруге, ғылыми көзқарасын қалыптастыруға және жалпы мәдениеттілігін жоғарылатуға бағытталған оқыту процесі жүзеге асырыла бастады.

Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлері және Назарбаев Зияткерлік мектебі ұйымдастырған семинарлар, тағылымдамалар әріптестерімнің жұмысына тың серпін берді. Креативті ойлау мен өз тәжірибесіне рефлексия жасауға жөн сілтеді.

Бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыру үшін жас ұрпақтың ой-өрісін кеңейтіп, зияткерлігін дамыту жолында мектеп ұжымы орасан зор еңбек етуде. Қазіргі таңда мұғалімдер мен оқушылардың аудан, облыс және республикалық деңгейдегі олимпиадалар мен шығармашылық байқауларда топ жарып, жүлдегер атанып жүргені соның дәлелі.

Сабақты зерттеу бойынша фокус-тобының мүшелері халықаралық, республикалық және облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда өз тәжірибелерімен бөлісті. Әріптестеріміздің бірқатары кәсіби-шығармашылық байқауларда өз біліктілігін паш етіп жүр.

Мектебім – менің мақтанышым, киелі алтын ордам. Арманым көп, алдыма қойған мақсатым да көп. Сол арман-мұратыма білімі мен білігі жоғары әріптестеріммен бірге жететініме сенемін. Басты мақсатымыз – болашақта бұдан да жоғары жетістіктерге қол жеткізіп, білімнің биік шыңдарын бағындыра беру.



Иманкулова Гулден Ерденовна

*Мектеп директоры
Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп
Қарағанды облысы, Саран қаласы
jbb4m@mail.ru*

Мектебім – менің мақтанышым!

Мектеп – баланы тұлға ретінде қалыптастыратын білім ордасы. Мектеп – әр адамның өміріндегі маңызды кезең, бұл жерде оқушылар білім алып, өмірге қажетті дағдыларды меңгереді. Мектеп – бұл оқу орны ғана емес, сонымен қатар оқушының әлеуметтік, рухани тұрғыда және жеке тұлға ретінде дамуына ықпал ететін орта.

Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп 1950 жылы салынып, 1962 жылы мектеп ретінде пайдалануға берілген. Білім беру ұйымы 4 қабатты, жобалық құаттылығы 764 оқушыға арналған. Бүгінгі күні мектебімізде екі ауысымда оқытылатын 830 оқушы бар. Мектепте 57 педагог жұмыс атқарады. Мұғалімдердің барлығы біліктілікті арттыру курстарынан өткен. Мектепте зертханаларды қоса алғанда 23 оқу кабинеті бар.

2023–2024 оқу жылында «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында мектепке 250 млн. теңге қаражат бөлініп, мектептің 20 оқу кабинетімен бірге қосымша білім беру кабинеттері жабдықталған: робототехника, арт-студия, оқушыларға арналған телестудия, сонымен қатар логопед кабинеті ашылып, психолог кабинеттері, кітапхана, асхана мен спорт залы жаңартылды. Оған қоса, мектептің акт залы музыкалық аспаптармен, жарықдиодты экранмен, сахнаға қажетті жаңа жабдықтармен қамтамасыз етілді. Жаңа үлгіде жасақталған оқу кабинеті, оқу құрал-жабдықтары оқушы мен педагогтердің жақсы көңіл-күймен білім алып, жаңаша ойлауына, жақсы нәтижеге қол жеткізуіне мол мүмкіндік берді. Оқушылар мен ұстаздарды мектепке асыға келуге ынталандырып, оларға зор қуаныш сыйлады.

4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізілді. Оқушылардың алып жатқан білімдерін өмірде қалай қолдана алатынына мән беріліп, білімдерін әрі қарай жетілдіре түсу, нәтижеге бағдарлану жолға қойылды.

Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында Lesson Study жүргізілді. Оқыту әдістерін жетілдіруге мүмкіндік беретін жұмыс жоспары жасалды. Күтілетін нәтижелер бірлесіп жоспарланды және топ жұмысының негізгі ережелері белгіленді. Зерттеуге арналған бақылаудың басым бағыттары анықталды: топтық және жұптық жұмыстың, диалогтың оқушылардың ақыл-ой белсенділігінің дамуына әсері. Мұғалімдер оқушылардың үш тобын бақылады: әлсіз, орташа, күшті, бұл болжамды оқытуды нақты нәтижемен салыстыруға мүмкіндік берді. Осылайша Lesson Study жұмысы мұғалімдердің кәсіби қауымдастығын құруға ықпал етті және мұғалімдерге оқушылардың қалай ойлайтынына назар аударуға көмектесті.

Әр пән бойынша пәндік дағдыларды дамытуға бағытталған оқу мақсаттарын жүзеге асыру әдістері мен тәсілдері, оқушылардың зерттеу дағдылары мен функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған семинарлар мектебіміздің оқыту және оқу сапасына оң әсерін тигізді. Оған дәлел – түрлі қалалық семинарлар, пән олимпиадалары, түрлі оқу сайыстары біздің мектепте өткізілді. Білім сапасы көтерілді, түрлі сайыстар мен олимпиадаларға қатысушылардың саны артты және үздік нәтижелерге қол жеткізілді.

Атап айтар болсақ, «Қыран» жастар сыйлығының лауреаттары, «Жыл білім алушысы» қалалық және облыстық сайысының жеңімпаздары, қалалық, облыстық, республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары, «Жарқын болашақ» республикалық олимпиадасы, Ләззат Бәйішқызы атындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен олимпиаданың қалалық, облыстық кезең жеңімпаздары, сонымен қатар математика пәнінен Ә. Ермеков атындағы облыстық олимпиада, «Алтын сақа» олимпиадасының облыстық кезеңі, «Кенгуру – математика барлығы үшін» интеллектуалдық ойын-конкурс, «Ақбота» зияткерлік олимпиадасынан орын алған оқушылар – мектебіміздің мақтанышы. Сондай-ақ оқушыларымыз қалалық және облыстық деңгейдегі ғылыми жоба жеңімпаздары атанып жүр. Республикалық Абай, Әбіш, Мәшһүр Жүсіп, Мағжан, Ілияс Жансүгіров оқуларының қалалық және облыстық кезеңдерінде жеңіске жеткен шәкірттеріміз, түрлі спорт сайыстары: футбол, волейбол, баскетбол, тоғызқұмалақ ойындарының қалалық және облыстық кезеңдерінің жүлдегерлері атанып жүрген оқушыларымыз мектебіміздің мерейін асқақтатуда.

Мұғалімдер жаңа білім пен дағдыларды меңгеріп, сабақ беру үрдісіне енгізді. Ұстаздарымыз түрлі қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық оқыту семинарларына қатысып, өз білімдерін көрсетті, қалалық, облыстық воркшоптар беріп, өздерінің оқу нәтижелері бойынша көптеген жетістіктерге жетті. Атап айтсақ, «Математика сабақтарында танымдық әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыру құралы ретінде бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту» тақырыбындағы қысқы мектеп аясында бастауыш сынып мұғалімдері Асель Жарбаева мен Зухра Жуманова Қарағанды облысының бастауыш сынып мұғалімдеріне «Бастауыш сынып оқушыларымен логикалық тапсырмаларды шешу жолдары» атты оқыту курсы өткізсе, физика пәнінің мұғалімі Алмаш Төлеуова және математика пәнінің мұғалімі Гулзада Сулейменова № 7 магниттік мектеп-интернатының мұғалімдеріне воркшоп өткізіп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен «Зейін» жобасы аясында облыстық воркшопта мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімі Майра Каинбаева «Бастауыш сынып оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру» тақырыбында шеберлік сабағын өткізіп, өз тәжірибесімен бөлісті, математика пәнінің мұғалімі Жарылғапберді Мұхамедназаров 11–13 сәуір аралығында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ұйымдастыруымен Астана қаласында өткен «Ғылыми білім, инновация және тұрақты дамытудың негізі жастар» халықаралық ғылыми форумына қатысып келді.

Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлерімен жұмыс істеу мұғалімдердің жұмыс сапасына оң әсерін берді. Олардың оқытуында жаңаша көзқарас, цифрлық сауаттылықтарының артқаны байқалды. АКТ-ны, дидактикалық материалдарды

сабақта тиімді қолдану жолға қойылып, мұғалімдердің бір-бірімен тәжірибе алмасудағы белсенділіктері артты.

Зияткерлік мектептер ұйымдастырған тағылымдамалардан кейін мұғалімдер жақсы нәтижелерге қол жеткізді. «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК мұрындық болған Білім беру саласындағы әлеуметтік-педагогикалық инновациялардың III Халықаралық жәрмеңкесіне 18 мұғалім қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісті. Шымкент қаласы Білім басқармасының Әдістемелік орталығы және Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ұйымдастыруымен «Оқытуда инновациялық әдістер мен жаңа ақпараттық технологияларды қолдану» тақырыбында өткен халықаралық семинар-практикумға мектебіміздің «Көркем еңбек», «Графика және жобалау» пәнінің ұстаздары Қ. Бекжанова, Ж. Мухархан қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісіп келді.

Қорытындылай келе, «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында өскелең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолында мектебімізге көрсетілген қолдау мен атқарылған игі істер үшін жоба жетекшілеріне алғысымыз шексіз!





Мухутдинова Лилия Павловна

Мектеп директоры

Шоқан Уәлиханов атындағы мектеп-лицейі

Қарағанды облысы, Абай ауданы, Абай қаласы

scool14abay@mail.ru

Тірек мектеп: жаңа мүмкіндіктер бізден басталады

1055 оқушы оқитын, 86 педагог жұмыс істейтін Қарағанды облысы Абай ауданы «Шоқан Уәлиханов атындағы мектеп-лицейі» КММ «Қазақстан халқына» ҚҚ, «Білім беру саласын тұрақты дамыту» ҚҚ және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-мен бірлесіп жүзеге асыратын «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасына енді. Жоба аясында оқушыларымыз бен мұғалімдерге арналған «жайлы мектеп» жасақталды, ең бастысы, білім беру сапасын көтеру мақсатында, озық педагогикалық технологиялар қолданылып, білім ордамыз заманауи материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілді. Мектебіміз жалпы саны 36 оқыту кабинеті және шеберханалармен жабдықталды. Соның ішінде қосымша білім беру кабинеттері мен STEM-зертханасы оқушылардың математика, инженерия, цифрлық технология және жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін тереңдетуге қызығушылығын арттыруда. Арт-студия, робототехника кабинеттерінде шығармашылық тұрғыдан дамуға, эмоционалдық тұрғыдан күш алуға, креативті идеяларды іске асыруға мүмкіндік ашылды. Аудан бойынша біздің мектебімізде ғана бар телестудия мектеп тәжірибесін өңірдегі басқа мектептерге таратуға, оқушылардың цифрлық технологиялар саласындағы біліктіліктерін шыңдауға мүмкіндік беруде.

4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу оң әсерін берді деп есептеймін. Мониторинг нәтижелерін толық саралау оқыту мен оқу сапасын біршама жақсартуға ықпал етті. Тестілеу нәтижелері бойынша жұмыс жасау барысында оқушылардың жаратылыстану ғылымдарына қатысты мәселелерде белсенді азаматтық ұстанымға ие болу қабілетін, жаратылыстану ғылымдары мен технологияларға қатысты мәселелерді дәлелді түрде талқылауға деген ұмтылысын, математикалық ойлай алу, оны тұжырымдау, қолдану және өмірде кездесетін әртүрлі контекстегі есептерді шешуде математикалық тұрғыдан түсіндіре алу қабілетін, мәтіннен қажетті ақпаратты алу, оны түсіну, қолдану және жазбаша мәтіндерді талқылау, веб-сайттарды қолдану арқылы ақпаратты байланыстыру және бағалау қабілеттерін дамытуға ерекше назар аударылды.

Мұғалімдеріміз оқу жылы барысында арнайы ұйымдастырылып отырған семинарлардан алған білім мен тәжірибесін ауқымды түрде қолдана білді дегім келеді. Себебі семинарларда оқушылардың пәндік дағдыларын дамытуға бағытталған оқу мақсаттарын жүзеге асыру жолдары мен әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану бағытында ұжымдық талқылау, топтық жұмыстар ұйымдастырылып, әріптестер арасында жағымды көңіл-күй қалыптастырылды. Сонымен қатар үздіксіз тегін әдістемелік қолдау көрсетіліп, жүйелі түрде мұғалімдердің біліктілігі арттырылды. Бізді қажетті

жабдықтармен қамтамасыз етіп қана қоймай, ең маңыздысы – тірек мектептерін құру және дамыту жобасында озық білім беру әлеуетіне ие НЗМ ресурстарын да пайдалануымызға мүмкіндік берілді. Мектеп ауданымыздың комьюнити орталығына айналды.

Мектебіміз шын мәнінде «жайлы мектепке» айналды, өйткені «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы бізге сапалы білім алуға, оқушыларды тәрбиелеуге, педагогикалық ұжымның әлеуетін дамытуға, мектепте қауіпсіз жағдайды қамтамасыз етуге, ауыл мен қала арасындағы білім сапасының алшақтығын жоюға, ең бастысы, білім сапасын көтеруге көмектесті. Аталмыш жоба біздің ұжым үшін мұғалімдердің кәсіби біліктілігін дамытуға және мектептің тәжірибесін жетілдіруге берілген тамаша мүмкіндік еді. Білім ордамыздың осы жобаның бір бөлшегі ретінде қызмет етуі біз үшін зор ғанибет.



Мыкышева Гульбаршын Ермекқызы

Мектеп директоры

Ж. Ақылбаев атындағы мектеп-гимназия

Қарағанды облысы, Шет ауданы,

Ақсу-Аюлы мекені

gulba_aidar@mail.ru

Білім беру ұйымының заманауи моделі – табысты мектеп

Мемлекет басшысы «Еліміздің дамуы жас ұрпақтың қолында» деп атап өткен болатын. Олай болса, сол жас ұрпақтың білім алуына жағдай жасау – саналы қоғамның борышы деп білемін.

Мектебіміз 2023 жылы «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасына еніп, заманауи құрал-жабдықтармен жасақталды. Бұл жобаның арқасында мектебіміздің жоғары сапада білім беру әлеуеті күшейе түсті.

Назарбаев Зияткерлік мектептері тарапынан мектеп басшылары мен ұстаздарының біліктілігін жетілдіру мақсатында «Білім берудегі көшбасшы бағдары» атты халықаралық басқару интенсиві өткізілді. Педагогикалық шеберлік орталығы тарапынан ұстаздар қауымына әдістемелік қолдау көрсетіліп, вебинарлар, семинарлар ұйымдастырылды. Мәселен, «Сабақты бақылау дағдыларын оқыту және сындарлы кері байланыс беру», «Өз тәжірибесін зерттеу», «Тиімді сабақтарды ұйымдастыру» т.б. іс-шаралар нәтижесінде әр ұстаз өзінің әдістемелік қоржынын креативті жаналықтармен толықтырды. Соның бірі – оқушылардың пәндік дағдыларын дамытуға бағытталған оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері сараланды, сапаны арттыруға негізделген өзгерістер енгізілді. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ұйымдастырған «Ауыл мектептерінің өркендеуі – қоғам игілігінің кепілі» атты халықаралық конференцияға мектептің шығармашыл ұстаздары қатысып, алған тәжірибелерімен бөлісті.

Командалық жұмыс аясында тірек мектеп ретінде 4 магниттік мектеппен бірлесе зерттеу сабақтары мен вебинарлар өткізілді. Оқушылар арасында «Тарих тағлымы»

тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Жыл сайын қатысатын халықаралық «RoboLand-2024» байқауында оқушыларымыз жеңімпаз атанды. Сыныптарға заманауи жабдықтар, STEM-зертханасы, IT, робототехника, 3D-модельдеу принтерлері, 11 Led-дисплей орнатылып, оларды пайдалану жолдарымен таныстық. Осындай жұмыстардың нәтижесінде облыс көлемінде спорт саласы бойынша «Үздік команда – 2024» кубогына ие болдық.

Сөзімді қорытындылай келе, жоба аясында ауыл мектептеріне жасалған жағдайдың арқасында едәуір жетістіктерге қол жеткіздік. Олай болса, өскелең ұрпағымыздың білімі құндылыққа толы болсын демекпін.



Нурғалиева Куралай Акназаровна

Мектеп директоры

Әлихан Бөкейхан атындағы гимназия

Қарағанды облысы, Теміртау қаласы

kuralai1511@mail.ru

Білім мен тәрбие – егіз ұғым

«Мектеп» десе бірден білім мен тәрбие ойға оралады. Бірақ бүгінгі таңда ата-аналар арасында білімге баса назар аударып, тәрбиені бөліп қарауы бізді, мектеп басшылары мен ұстаздар қауымын, алаңдатуда. Себебі білім мен тәрбие – егіз ұғым, екеуін бөліп қарауға болмайды. Білім алушы шәкірттеріміздің жан-жақты дамыған, құндылықтарымызды дәріптейтін, адамгершілігі жоғары, болашақта табысты тұлға болып қалыптасуы үшін тәрбие беру мен оқыту мазмұнын және оқыту әдістемесін таңдау басты мақсатымызға айналды. Әр оқу жылының өзіндік ерекшелігі бар, дегенмен осы оқу жылы гимназия үшін үлкен өзгеріс әкелді. Өйткені «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы аясында гимназиямыздың оқу кабинеттері заманауи құрал-жабдықтармен толықтай жабдықталды. Мұғалімдеріміз НЗМ-ның әдістемелік қолдау жоспарын іске асыру мақсатында, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы ұйымдастырған курстарға қатысып, білімін жетілдірді. Басты мақсатымыз – жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттері мен жалпы адамзаттық құндылықтарды негізінге ала отырып оқыту-тәрбие жұмысын ізгілендіру.


Педагогикалық өлшеулер орталығы 4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне 2 рет мониторинг жүргізді. Аталған шараға 4-сыныптан 85 оқушы, 8-сыныптан 50 оқушы – барлығы 135 оқушы қатысты. Екі мониторинг нәтижелерінің көрсеткіші бойынша салыстырмалы динамиканың өсіп отырғанын көрдік. Бұл нәтиже мұғалімдеріміздің кәсіби тұрғыда дамуына, оқушылардың білімі, білігі мен дағдысына мониторинг өткізудің қалай әсер ететінін көрсететін төте жолдардың бірі болды, яғни оқушы біліміндегі олқылықтарды анықтауға, оқыту барысында жағдайды үздіксіз бақылауға, білім сапасын арттыруға ықпал етті.

Нәтиже тәрбиеге қалай әсер етті? Әрине, өсу динамикасы оқушының жеке жауапкершілігін арттырды. Оқушылар пәнді бірлесіп оқыса, нәтижеге жетуге болатынын байқады, пәнге деген көзқарастары өзгерді, бойларында өзгеге көмектесе алатына сенім пайда болды. Зияткерлік мектептер ұйымдастырған тағылымдамалардан кейін мұғалімдеріміз ерекше серпіліспен сабақтар өткізді, бұл олардың кәсіби тұрғыда өсуіне түрткі болды. Көпшілігі Lesson Study жүйесіне жұмыс істей бастады.

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында атқарылған игі істер, Педагогикалық шеберлік орталығы мұрындық болған іс-шаралар, тренерлермен жұмыс жасау, мектептің материалдық-техникалық базасының нығайтылуы – барлығы мектеп өміріне, ұстаздар қауымы мен оқушыларға ерекше әсер етті, оң өзгерістерге қозғау салды. Болашақта үздік мектептер қатарынан көрінуге ұжым болып талпынудамыз.

Мен эссемді Мағжан Жұмабаевтың «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек заманына лайық қып шығару керек» («Ребенка не нужно воспитывать таким же как сам воспитатель, а нужно воспитать соответствующим будущему») деген сөзімен аяқтағым келеді, себебі бүгінгі оқыту мен тәрбиелеудің бар мәнін осы бір ауыз сөзбен түйіндеуге болады.

Жобаның ұйымдастырушылары мен демеушілеріне алғыс білдіремін!



Осанова Махаббат Куанышевна

Мектеп директоры

С. Сейфуллин атындағы мектеп-гимназия

Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы

osanovamaha@mail.ru

Мектебімнің болашағы

Мектебім – өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беретін киелі орда, ал ең бастысы, жарқын болашаққа бағдар сілтер нұсқаушы. Мектебіміздің жоғары деңгейге көтерілуі үшін, берілетін білім сапасы да, жабдықталуы да заманға сай болуы керек.

Мектептің бүгінгі мен болашағы үшін де ақпараттық технологияларды пайдалану, инновациялар енгізу және жаңа оқу әдістемелерін қолданудың маңызы зор. Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы берілген білім оқушылардың жаңа білімді қабылдау қабілетін дамытып, танымын арттыруға мүмкіндік береді.

Біздің мектеп 2023–2024 оқу жылында «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасына енді. Бұл жоба бізге көп мүмкіндіктерге жол ашып отыр. Мектебіміз толығымен жаңа заманға сай жабдықталды. Осы жобаның көмегімен мұғалімдер әртүрлі пайдалы курстарға қатысып, білімін жетілдірді. Жобаның жүзеге асырылуы барысында маңызды инсайттар жасалып мен жаңалықтар жүзеге асырылды. Оқушылар мен мұғалімдер арасындағы өзара байланысты нығайту,

ақпараттық жетістіктерді қолдану және оқу процесін ұйымдастыру үшін жаңа технологияларды пайдалану жолға қойылды.

4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу мектептің оқыту мен оқу сапасына оң әсер етеді. Мониторинг нәтижелері мектептің жетістіктері мен жетілдіруді қажет ететін тұстарын анықтау, мұғалімдерге көмек көрсету, оқу жоспарларын қайта қарау және жетістіктерді жаңарту жолында дер кезінде көрсетілген қолдау іспетті. Өткізілген тесттер арқылы оқушылардың біліміне талдау жасалады. Оқу жетістіктерін ілгерілету үшін мониторинг нәтижелерімен жұмыс жасалды, оларға талдау жүргізілді. Мониторинг нәтижелері мектептің оқу сапасын жақсартуға, әрі қалай немен жұмыс жасау керек деген сұрақтарға жауап іздеуге басылған жаңа қадам болды.

Мектебіміздегі мұғалімдер тиісті біліктілік пен кәсіби дағдыларды меңгерген. Дегенмен білімді, оқытудағы әдіс-тәсілдерді, жалпы оқыту процесіне деген көзқарасты жаңартып отыру – уақыт талабы. Мұның бәрі оқушыларға заманға сай білім беріп қана қоймай, өз білімін өмірде пайдалана алатын тұлға дайындау үшін, сол мақсатта баланың бойына тұлғалық қасиеттерді сіңіру үшін қажет. Мұғалім – оқу процесіндегі басты тұлға, нұсқаушы.

Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлерімен жұмыс істеу мұғалімдердің жұмысына зор ықпал етті. Олардың оқыту әдістемесіне жаңалықтар әкелді.

Зияткерлік мектептер ұйымдастырған тағылымдамалардан кейін мұғалімдер және жалпы мектеп оң нәтижелерге қол жеткізді. Тренерлердің Зияткерлік мектептерде қол жеткізілген жетістіктер бойынша мұғалімдерімізбен тәжірибе алмасуы оқушылардың білім деңгейін арттыруға көмектесті. Зияткерлік мектептер қоғамдық қатынастарды кеңейтуге қол жеткізеді. Сондай-ақ топпен жұмыс жасау, топтық мәселелерді шешу және өзара тілдесуді дамытуға баса назар аударыла бастады. Бір сөзбен айтқанда, НЗМ-мен бірлесе атқарылған жұмыс мектептің оқыту және оқу сапасын көтеруде, оқу процесінің тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады.



Токейбекова Айгуль Токеновна

Мектеп директоры

Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі

Қарағанды облысы, Балқаш қаласы

aigul.ta67@mail.ru

Педагогикалық жаңашылдықты қабылдауға құлшыныс

Ұлттың білім сапасының қандай екенін мектебінен көруге болады. Ұлттың рухани байлығы – білім, ұстанар бағыты – тәрбие, оның сарқылмас кәусар бұлағы-

ның көзі мектепте. Сондықтан «Қазақстан халқына» ҚК, «Білім беру саласын тұрақты дамыту» ҚК және НЗМ-мен бірлесіп жүзеге асырып жатқан «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасының үздік педагогикалық тәжірибелер мен әдістемелерді енгізуге, тірек мектептерді қажетті материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету арқылы аумақтық және әлеуметтік-экономикалық белгілер бойынша білім беру сапасының алшақтығын қысқартуға ықпалын бағаламау мүмкін емес.

Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «Ә. Бөкейханов атындағы № 15 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі де жобаға кірген басқа мектептер сияқты қомақты материалдық-техникалық жарақтандыруға ие болды. Робототехника және информатика кабинеттері жаңартылды, STEM-зертханасы толықтырылды, арт-студия, FabLab, телестудия ашылды. Мектеп кітапханасы мұғалімдер, оқушылар және тіпті ата-аналар үшін де қосымша білім беру ресурстық алаңына айналды.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламалары орталығының ұйымдастыруымен өткен Қарағанды және Абай қалаларындағы оқыту семинарларына 14 пән бойынша мұғалімдер қатысып қайтты. Мұғалімдер төмендегі тақырыптар бойынша өз білімдерін толықтырып, тәжірибе алмасты: «Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру», «Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру», «Оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыру», «Оқушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыру», «Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастыру», «Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту». Нәтижесінде сабақ процесінде тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, оқушылардың білім сапасын жақсарту, функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Салыстырмалы түрде алсақ, 2021–2022 оқу жылында білім сапасы 54,7% болса, 2022–2023 оқу жылында 56% болды, биылғы оқу жылында 57%-ға жетіп отыр.

Білім сапасына мониторинг жүргізіліп, оның қорытындысымен барлық мұғалімдер танысты, әдістемелік кафедраларда талдау жасалып, әр мұғалім жеке жоспарын құру арқылы оқылықтарды түзеу жұмыстары жалғасып келеді. Басшыларға, мұғалімдерге, оқушылар мен ата-аналарға онлайн-сауалнама жүргізілді. Сол арқылы жұмыстағы жетістіктер мен кемшіліктерге пайымдау жасалды.

Жоба аясында жүргізілген жұмыс мектеп-лицей ұстаздарына білім саласындағы өзгерістерді саралау, оқу процесіне енгізу, үлгілік оқу бағдарлама мақсаттарымен жұмысты жандандыру, әдістемелік жағынан жетілдіру, мұғалімдердің бірлесе әрекеттесуіне, ортақ алаңда жұмыс істеуіне ықпал ету, сабақтағы іс-әрекетті зерттеу қадамдарын меңгере отырып, іс-тәжірибені жетілдіруге ықпал еткені анық. Мектеп-лицей ұжымы командалық жұмысты меңгеріп, оқу үрдісіне заманауи технологияларды енгізе отырып, педагогикалық жаңашылдықты қабылдауға, бағалауға және өз тәжірибесіне енгізуге құлшыныспен кірісті.



Баймурзина Салтанат Исимкуловна

*Директор школы
Школа-лицей имени Абая
Город Житикара, Житикаринский район,
Костанайская область
saltanat-75@mail.ru*

Шаги к позитивным переменам

Наша школа расположена в 250 км от областного центра, в небольшом приграничном моногороде. Но у нас нет недостатка в учениках, все классы укомплектованы, и родители стараются привести к нам своих детей на обучение, потому что доверяют педагогам. Но бывали случаи, когда в определённый момент наиболее успешным детям становилось «тесно» в её стенах. Для продолжения образования успешные родители стали выбирать более престижные школы области, оснащённые современным оборудованием, школу, куда стараются попасть на работу и молодые амбициозные и творческие педагоги.

Реализация проекта «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности» позволила нам переосмыслить программу развития школы. Полученный опыт стажировки в НИШ г. Костанай членов администрации и педагогов побудило нас к организации работы по внедрению проекта «Smart Ustaz»: современный учитель – достойное поколение нации», целью которого является совершенствование своего профессионального мастерства через исследование в практике и исследование в действии. Созданы группы педагогов по внедрению исследования в действии на уроках, направленные на совершенствование знаний в области учительской практики. Исследовательский подход к структуре урока позволил педагогам, преподающим в 4 и 8 классах, устранить шаблонность в проведении уроков, расширил рамки творческого мастерства учителя при методической разработке каждого в отдельности взятого урока, элементами которой были различные виды деятельности учителя и учащихся, их пошаговые движения к достижению, реализации цели урока.

Анализируя результаты мониторинга достижений учащихся 4, 8 классов, педагогами был составлен план работы по повышению качества знаний, оказанию методической помощи педагогам. По результатам итогового мониторинга наблюдается положительная динамика качества знаний как в разрезе предметов, так и целом по классам. В целом по школе в сравнении с началом учебного года качество знаний повысилось с 56% до 61,4%.

12 педагогов школы прошли курсы повышения квалификации при Центре педагогического мастерства города Костанай. 18 педагогов посетили семинары в НИШ г. Кокшетау, где познакомились с приёмами и методиками по развитию исследова-

тельских навыков и функциональной грамотности школьников. Одним из положительных результатов курсовой подготовки и посещения семинаров и мастер-классов является участие школьников с исследовательскими работами на конкурсах областного и республиканского уровней (3 призовых места на областном этапе и участие в республиканском этапе). Учащиеся школы стали призёрами на областном этапе IX Международного фестиваля робототехники, программирования и инновационных технологий «Мини-футбол из управляемых роботов». Воспитанники арт-студии участвовали в областном конкурсе «Қазақстан және әлемде», посвящённом 130-летию М. Жумабаева и заняли второе место. Команда юных шахматистов заняла 2 место на областных соревнованиях. Но это ещё не предел возможностей наших учащихся.


Приобретённый опыт имеет положительные результаты по развитию профессиональной компетентности педагога и является ведущим фактором повышения его педагогического мастерства, устойчивой мотивации к постоянному профессиональному совершенствованию. За данный учебный год 7 педагогами составлены 4 сборника инновационных материалов на развитие функциональной грамотности школьников.

Школа-лицей имени Абая является опорной для четырёх малокомплектных школ района. Обучаясь, педагоги школы делились своим опытом с коллегами на районных семинарах и мастер-классах. Команда педагогов заняла 3 место в олимпиаде «Педагогические технологии», проводимой Назарбаев интеллектуальными школами.

Для педагогического коллектива школы-лицея имени Абая работа над развитием коммуникативных, творческих и критических мыслительных навыков остается одним из приоритетов школьного образования. Главное – уметь видеть проблему и стремиться последовательно её решать.

Благодаря участию в благотворительном проекте «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности» нашим учащимся открываются уникальные образовательные возможности, а педагоги повышают своё профессиональное мастерство.





Балицкая Марина Алексеевна

Директор школы

Узункольская общеобразовательная школа № 1

Село Узунколь, Узункольский район,

Костанайская область

zakupova.marina@mail.ru

Так ли это важно – участвовать в проектах по развитию потенциала школы?

В ходе реализации проекта «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности» наша школа получила несколько важных инсайтов.

Мониторинг учебных достижений учащихся 4 и 8 классов оказал значительное влияние на качество преподавания и обучения в нашей школе. Анализ результатов мониторинга позволил выявить ключевые области, требующие улучшения. Эти данные использовались для корректировки учебных планов и программ, а также для разработки дополнительных занятий и консультаций. В результате уровень успеваемости и понимания учебного материала среди учащихся значительно повысился, что подтверждают показатели качества знаний по итогам года – количество учеников, успешно освоивших образовательные программы, увеличилось на 5%.

Семинары по методам и приемам реализации целей обучения, направленных на развитие предметных навыков, исследовательских умений и функциональной грамотности учащихся, оказали значительное влияние на качество преподавания и обучения в школе. Педагоги школы приняли участие в семинарах на такие темы, как «Формирование цифровой грамотности учащихся на уроках информатики», «Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру», «Развитие функциональной грамотности на уроках физики», «Развитие функциональной грамотности на уроках математики», «Развитие функциональной грамотности на уроках русского языка и литературы» и др. Учителя освоили современные педагогические технологии и методы активного обучения, что способствовало созданию более интерактивной и продуктивной образовательной среды. Особое внимание было уделено развитию критического мышления и способности к самостоятельному решению задач, что заметно улучшило навыки учащихся.

Работа с тренерами Центра педагогического мастерства значительно повысила качество работы учителей. В ходе взаимодействия с тренерами учителя получили возможность углубить свои знания в области современной педагогики, а также ознакомиться с новейшими методиками и подходами к обучению.

Стажировки, организованные Интеллектуальными школами гг. Костанай и Кокшетау, принесли существенные результаты как для учителей, так и для школы в целом. Учителя получили уникальную возможность перенять опыт коллег, работающих в условиях высокого уровня образовательных стандартов.

Таким образом, реализация проекта, регулярный мониторинг учебных достижений, участие в семинарах и стажировках, а также работа с тренерами Центра

педагогического мастерства значительно повлияли на улучшение качества образования в нашей школе. В результате ученики получают более качественное образование, а учителя постоянно развиваются и совершенствуют свои профессиональные навыки. На ежегодном вручении премии «Жас дарын» наши ребята получили самое большое количество статуэток среди школ района – 29. Свои награды они заслужили, занимая призовые места в конкурсах, олимпиадах и соревнованиях областного и республиканского уровней. Эти достижения стали возможны благодаря слаженной работе всего коллектива и стремлению к постоянному улучшению образовательного процесса.



Бірманова Қымбат Исланбекқызы

Мектеп директоры

Б. Майлин атындағы № 7 мектеп-гимназиясы

Қостанай облысы, Рудный қаласы

dikon.77@mail.ru

Жаңа сипаттағы табысты мектеп

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы Қазақстан мектептерінің қозғаушы күші бола білді деп айтсам артық емес. «Тірек мектеп. Әлеуетті дамыту. Қайырымдылық жоба» – осы үш сөз тұтастай тәлім-тәрбие үдерісіне жаңалық әкелді. Бүгінгі жаңа ғасырмен ілесіп, білім мен ғылымның бағыт-бағдары жаңашалана түсуде. Басты мақсат – білім беру сапасын арттыру. Бұл межеге жету бүгінгі күннің өзекті құралы – цифрландыру арқылы жүзеге асатыны баршамызға мәлім. Ал бала нені қажет деп санаса, сол қажеттілікпен жауап бере алған абзал. Осы мақсатта өзара семинар-тренинг, коучингтер және тағы да басқа білімді жетілдіруге бағытталған іс-шаралар өткізіліп отырды. Білім алушылардың жобалық, зерттеушілік қызметі іске асырылды, аналитикалық, зерттеушілік мәдениеттері дамыды. Оқушылардың бейінді пәндердің оқу материалдарын табысты меңгергендері көрініс тапты.

Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлері өткізген семинар-сабақтар арқылы ұстаздар қауымы білік-дағдыларын дамытты. Бұған дәлел ретінде оқушылар алған білімдерін тәжірибеде қолдану арқылы облыстық қалалық, республикалық ғылыми жоба, олимпиадаларда жүлделі орындарды иеленді. Зияткерлік холл, оқу шеберханалары мұғалімдер мен білім алушылардың жеке әлеуетін дамытуға, білім беруде ақпараттандыру ісін кеңейтуге, өзіндік идеяларды іске асыруға эмоционалдық тұрғыда күш беріп, шабыттандырды.

Түбегейлі өзгерістер әрқайсымыздың белсенділігімізді арттырып, ой-өріс, санадағы өрлеуге жол ашып отыр. Сөз жоқ, табысқа қол жеткізу көп жағдайда мұғалімнің жеке қабілетіне, ұмтылысына да байланысты. Осы жоба біздің өзгеруімізге, мектептің

тыныс-тіршілігіне, еңбегіміздің нәтижелілігі мен мектебіміздің табыстылығына негіз болды. Осы уақытқа дейін қолданған әдістерімізді түрлендіріп, тың бағыттарда жұмыс жасаймыз. Арнайы жетілдіру курстарынан тек өзіміздің білім көкжиегімізді кеңейтіп қана қоймай, өзімізбен бірге бір мүддеге жұмыс жасайтын әріптестердің тиімді қызмет етуіне оң ықпал ететініміз анық.

Оқушыларымыздың білімге, өнерге деген құштарлығы артып, мектебімізде талапты да дарынды оқушылардың қатары көбейе түсті. Мәселен, А. Жакиев – тоғызқұмалақтан Азияның 2 дүркін чемпионы, Н. Темірлан – Кикбоксингтен Қазақстанның 4 дүркін чемпионы, ал Халықаралық ІІ Жастар форумында «Темірқазық» педагогикалық клубы бас жүлдені иеленді. Табысты, нәтижелі жұмысымыз үшін Қостанай облысы бойынша ЮНЕСКО клубтарының өкілеттілігі берілді. Қазақстанның 3 өңіріне ғана берілген өкілеттілікті алғанымызға дән ризамыз. Оқушымыз Ш. Кажиков биыл бірінші рет өткізілген «Таяқ тастау» ұлттық ойынында жүлделі 2-орынға ие болды. Қалалық, облыстық Ілияс, Мағжан, Абай, Махамбет, Әбіш оқулары, Яссауи олимпиадасының жеңімпаздары республикалық сайысқа жолдама алды. «АлашSTAR» халықаралық өнер сайысында бас жүлдеге ие болдық. ЮНЕСКО көлемінде оқушыларымыз бірнеше рет жеңімпаз атанды. Роботехника бойынша «Озық ұрпақ» республикалық сайыстарын өткізіп, тәжірибе таратып жүрміз. Бішкек, Мәскеу қалаларында, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола облысында түрлі жобаларға қатысып, кәсіби даму, білім сапасының артуы, шығармашылық қабілеттер, авторлық бағдарламалар, біртұтас тәрбие бағыттары бойынша тәжірибе таратып, үздік деп танылған жұмыстар жинақтарға еніп жүр. Бұл жоба аясындағы қол жеткізген нәтижелердің бір парасы ғана. Білім беру мекемеіміздің имиджі өзгерді. Аталмыш жоба білім беру сапасының үдемелі өсу бағытында тұрақты деңгейін қамтамасыз ететін, ата-ана, оқушы, қоғам бағалайтын ұлттық мектеп сипатына ие болды. Біз де өзгердік, өзгелер де өзгерді. Ізгіліктің есесі қайтпайтыны анық. Өткеннің өнегелісін жалғап, қарышты қадамдар жасап, тек еліміздің, мектебіміздің өркендеуіне қызмет етпекпіз!





Дандыбаев Сагадат Тулегенович

И.о. директора

Урицкая общеобразовательная школа № 1

Поселок Сарыколь, Сарыкольский район,

Костанайская область

USSH1@yandex.kz

Школа нового Казахстана

С 2022–2023 учебного года «Урицкая общеобразовательная школа № 1 отдела образования Сарыкольского района» управления образования акимата Костанайской области участвует в проекте «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности». Проект реализуется АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» совместно с ОФ «Фонд устойчивого развития образования» и ОФ «Қазақстан халқына». В ходе работы была обновлена материально-техническая база школы, всех учебных кабинетов, спортивного зала, актового зала, библиотеки, столовой, а также открыты кабинеты дополнительного образования: арт-студия, лаборатория FabLab, пресс-центр.

Благодаря участию в проекте «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности» педагоги школы получили методическую поддержку, пройдя стажировку на базе НИШ города Костаная по темам эффективного преподавания.

Результатом наблюдений уроков учителей школы тренерами Центра педагогического мастерства явились развёрнутые рекомендации по преподаванию и обучению.

Многочисленные вебинары, семинары, краткосрочные курсы, индивидуальные консультации учителей – всё это явилось стратегией улучшений в практике преподавания.

Рекомендации, данные в ходе проведённого мониторинга учебных достижений учащихся 4 и 8 классов, подробный анализ знаний в разрезе тем, разделов выработали тактику дальнейшей работы с обучающимися, что повлияло на конечный результат: качество преподавания в этих классах по предметам естественно-математического цикла выросло с 52% до 55–56%.

Приобретённые знания по стратегии совершенствования преподавания предметов учителя опорной школы применили в организации и проведении районных семинаров для учителей опорных школ: учителей математики, начальных классов, казахского языка, русского, английского языков, художественного труда и физической культуры, специальных педагогов.


Действующие лаборатории по физике, биологии и химии способствуют качественному выполнению лабораторного практикума, повышению качества знаний в целом и качественной подготовки выпускников к сдаче ЕНТ, так как эти предметы у многих выпускников являются профильными. 3 выпускника из опорной школы и 2 выпускника из магнитных школ получили образовательные гранты на обучение в вузах Казахстана в прошлом учебном году.

Возможности арт-студии, библиотеки, класса кулинарии, швейного цеха, Fab lab, пресс-центра, кабинета робототехники, материальной базы спортзала – всё это

оказывает мощное воспитательное воздействие, влияет на выработку у учащихся эстетического вкуса, усидчивости, внимательности, изобретательности.

Огромный доступ к развивающему, дидактическому материалу, различным играм, пескотерапии получили учащиеся с особыми образовательными потребностями в кабинете логопеда, инклюзии. Эффективность этих пособий, методик способствует лучшему усвоению знаний у детей, требующих дополнительной поддержки.

Всё это отвечает требованиям современного подхода к получению образования.



Козбагарова Карлыгаш Серикбаевна

Мектеп директоры

А. Құнанбаев атындағы

мектеп-гимназиясы

Қостанай облысы, Арқалық қаласы

kozbagarova73@mail.ru

Цифрлық кеңістіктегі заманауи мектеп: жаңа мүмкіндіктер

Біз мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлшегі болуға ұмтылуымыз керек. Осы құндылықтарға негіз болатын және оларды бойға сіңіретін басты орта – мектеп екені даусыз. Мектеп – білім сапасын қалыптастыратын және елдің бүгінгі болмысы мен болашақ әлеуетін айқындайтын бірден-бір орта. «А. Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің материалдық-техникалық базасы толығымен жаңартылып, бүгінгі заман талабына сай жабдықталды. Білім ордасы бұл жағдайға «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасын іске асыру аясында жетіп отыр. Оқушылардың сапалы білімге қол жеткізуіне, педагогикалық ұжымның кәсіби деңгейінің артуына жағдай туды. Мектептің материалдық-техникалық базасы толығымен жаңарғаннан кейін оқушылардың қоғам талабына жылдам бейімделуіне, болашақ кәсіби маман иесі болу жолындағы жаңа өзгерістерді қабылдауына, цифландыру кеңістігін еркін меңгеруіне зор мүмкіндік туды.

Мектеп-гимназиямыздың миссиясы: ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, өмір бойы білім алып, өзін-өзі жетілдіруге қабілетті, жаһандық өзгерістерге бейім жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған мектеп қауымдастығын құру.

Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Мұғалімнің кәсіптік білімінің жоғары болуы және үнемі оны жетілдіріп отыру оқушылардың оқуға деген ынтасына тікелей әсер етеді және білім алуда барған сайын күрделене түсетін дағдыларын дамытуды жеңілдетеді, ұстаз біліктілігінің жоғары болуы оқушылардың қызығушылығының артуына алып келеді. Өз кезегінде мұғалімдер осы межеден шығу үшін, үнемі білімін жетілдіріп отыруы тиіс. «Білім беру саласын тұрақты дамыту» қоры мен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ мамандары мектептегі

білім беру ортасы мен оқыту сапасына талдау жасап, мектеп ұстаздарының кәсіби өсуіне жағдай жасады.

Мұғалімдеріміз «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығында кәсіби білімін жетілдіріп, тағлымдамадан өтті. Заман ағымына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман – уақыт талабы. Осыған орай қазіргі ұстаз заман талабына сай маман иесі болуымен қатар, оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдалану шарттарын жете меңгеріп, әрдайым ізденісте болып, өздігінен білім алудың жағдайын жасап отыруы қажет. Қала, ауыл мектептерінің ұстаздары заманауи құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, ЖОО оқытушыларымен бірлескен ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, облыстық әдістемелік семинарларда тәжірибелерін ортаға салды. Сонымен қатар педагогтер облыстық, республикалық деңгейдегі конференцияларда тәжірибе бөлісіп, жүлделі орындарға ие болды.

Еліміздің өркениетті мемлекет болуы тікелей ұрпаққа байланысты. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу», – деген болатын. Ал ұрпақтың білімді, тәрбиелі, саналы болуы ұстаз бен ата-ананың ықпалдастығына байланысты.

Білім ордасы – мектеп, басты міндеті – өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу. Оқушыларымыз облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі пәндік олимпиадалар, ғылыми жобалар, байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ, республикалық пәндік олимпиада жүлдегері Тойлыбай Гауһар III орынды, «Яссауитану» байқауында Бертағы Бекжан II орынды, халықаралық зерттеу жобасының жүлдегері Болатбек Аяжан III орынды иеленді.

Әр мектеп заманға сай жабдықталып, ұстаздардың құзыреттіліктері биіктен көрінсе ғана мектебіміз аймақтағы жаңашыл білім беру орталығына айналмақ. Ұстаз еңбегінің білім беру жолында иесі – қазақ, киесі – ғажап, адамы – алтын, қадамы – жарқын болар ұрпақтың алдында бағасы биік, өнегесі мол болып қалатыны анық.





Айтжанов Жасулан Маханбетович

*Мектеп директоры
Ж. Әбдірашев атындағы
№ 62 мектеп-лицейі
Қызылорда облысы, Арал қаласы
aytzhанov7979@mail.ru*

Жаңа бастамалар – тың жобалар

Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанмен – тарихтағы ең ұлы істің бірі.
К. Д. Ушинский

«Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана шәкірт жанына нұр құя алады», – деп А. Байтұрсынов айтқандай, мұғалімдер ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың дүниелерімен үнемі ізденіс жолында болу керек деп ойлаймын.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» делінген. «Бала жүрегі – кішкентай күйсандық. Ол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында әр кез сол кілт жүруі керек» деп ақын Мұхтар Шаханов айтқандай, баланың бойында қалыптан тыс ойлай алатын, шығармашыл қабілеті болса, оны көре білу – ұстаздың ұлылығы, әрі қарай дамыту – оның борышы. Көз алдымызда бүгінгі заманның күн санап тез өзгеруі білім беруге деген талапты күшейте түсуде. «Ескіден қол үзбей, жаңаға қол жеткізгендер ғана мұғалім бола алады», – деген екен қытай ойшылы Конфуций. Сондықтан мұғалімнің басты міндеті – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың түрлерін меңгеру.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Білім беру саласын тұрақты дамыту» ҚҚ және «Қазақстан халқына» ҚҚ-мен бірлесіп жүзеге асыратын «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы аясында мектеп-лицей жұмысын жақсарту үшін көптеген жұмыстар жоспарланды. Осы жоспар шеңберінде мұғалімдердің кәсіби тұрғыдан дамуы үшін бірқатар курстар, семинарлар ұйымдастырылды. Жаңа бағытта жасалған жұмыстарды ілгерілетуде мұғалімдер қауымы аянбады. Семинарлар мен арнайы курстардан өткен сайын алған білімдерін оқу сапасын оңтайландыруға жұмсаса, курстардан алған әсерін әріптестермен бөлісіп отырды. Мұғалім құзіреттілігін арттыру курсынан өткен ұстаздар жаңаша бағытта жұмыс жасады.

«Мектеп командасы: тиімді басқару және оқу сапасы» курсы мектеп-лицей тарихында бұрын-соңды болмағандығынан болар, әріптестер қауымы үшін үлкен жаңалық болды. Осы бағытта мұғалімдер бірлесе жұмыс істеп, фокус-топтармен зерттеу жүргізді және жұмыс жағдайынан ұжым мүшелерін хабардар етіп отырды.

«Бірге жиналу – бұл бастама, бірге қалу – бұл алға жылжу, бірге жұмыс істеу – бұл жетістік» дегендей, осы мәселеде мектеп-лицейіміз Назарбаев Зияткерлік мектебімен және Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлерімен байланыс орнатып отыр. Бірігіп жұмыс істеу мұғалімдер жұмысының сапасына қалай әсер етті? Олардың оқытуында қандай өзгерістер болды? Тағылылымдамалар не берді? Үйрете жүріп үйренетін мұғалімдердің тәжірибелері, сабақ беру стильдері, оқушымен тіл табысуы, кәсіби әңгімелесу жолдары басқа бағытқа өзгерді. Ізденуді өздеріне мұрат санады. Жаңаша бағытқа ауысты. Зерттеу жұмыстарын Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімдерімен бастады. Кәсіби одақ құрылып, қоғамдастық пайда болды.

Жүргізілген сауалнама нәтижелеріне сәйкес мұғалімдерге ұжымда кәсіби әріптестерімен топтаса жұмыс істеудің ерекше ұнайтыны анықталды, олар ынтымақтаса, әрі бірін-бірі қолдай оқытудың маңыздылығы мен жағымды әсерін атап көрсетті. Оқушылардың оқу сапасын және функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында мектеп-лицей мұғалімдерінің басым көпшілігі осы жоба аясында Түркістан қаласына оқыту семинарына барып қайтты. Бұл шара мұғалімдердің білім қоржынын толықтыруына ықпал етті. Бағалау тапсырмаларын, саралау тапсырмаларын әзірлеу жолдарын меңгерді. Кейбір жұмыс барысына түсінбей, «Нені, қалай бастасам болады?» – деп, жол таба алмай жүрген жас мамандарымызға нағыз бағдаршам болды деп айта аламын.





Мұнарбаева Гүлжахан Жұмағалиқызы

Мектеп директоры

Т. Көмекбаев атындағы № 250 мектеп-лицейі

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы,

Жосалы ауылы

karm_mektep250@mail.ru

Ізденіс көкжиегі

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ал білім сипаты алуан түрлі. Қазіргі өзгермелі қоғамда білім беру жүйесіне өзгерістер енуде. Әсіресе ауыл мектептерінің білім сапасын көтеру мақсатында елімізде «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы жүзеге асты. Бұл жобаның мақсаты – педагогтердің кәсіби дамуы мен ауыл мектептерін материалдық-техникалық жарақтандыруда тең жағдай жасау есебінен қалалық және ауылдық білім беру арасындағы айырмашылықты қысқарту. Осы орайда мектебіміз 2023 жылы аталған жобаға еніп, мәртебеміз көтерілгендей. Бұл жоба мектебімізге қандай өзгерістер әкелді?

Бұрын мектебімізде 3 информатика кабинеті, 11 интерактивті тақта болған, қазіргі таңда 1 робототехника кабинеті, 17 интерактивті панельдер қосылды. Мұғалімдердің балаларды бағдарламалауға, робототехника құрастыруға үйрету мүмкіндіктері артты. Оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігі жоғарылай бастады.

STEM-кабинеті және жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша заманауи зертханалардағы құрал-жабдықтарды пайдаланып, 3D-модельдеу және VR көзілдіріктерінің мүмкіндіктерін оқушыларға үйрету, Ардуино және IT-Board жинақтарын пайдалана отырып, робототехниканы меңгерту жұмыстары қолға алынды. Оқушылардың зерттеу жұмысына деген қызығушылығы артты.

Бұрын бізде арт-студия, музыка, интеллектум кабинеттері мен телестудия болмаған. Енді балалар бұл кабинеттерде қолөнермен, фото және бейнероликтер дайындаумен айналысса, 22 оқушы домбыра үйірмесіне қатысуда. Қазіргі таңда оқушылар «250 TV news», «Топжарған», «Ұстаз ұстанымы» бағдарламаларын әзірлеп жүргізуде.

Оқу жылының басында 4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізіліп, оқу жылының II жартыжылдығымен салыстырғанда білім сапасының әлдеқайда артқанын аңғардым.

Қызылорда қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің ұстаздары ай сайын мектепке келіп, семинар-тренинг, шеберлік сабақтарын, практикумдар өткізіп, мұғалімдерге әдістемелік көмек беріп келеді. Әдістемелік көмек берудегі негізгі бағыт – түйткілді мәселелерді мұғалімдердің сабақтарына кіру, сауалнама жүргізу, кездесулер өткізу арқылы анықтай келе, жұмыс жоспары құрылды. Осылайша мектептің әл-ауқатын жақсарту мақсатында тиімді жұмыс моделі жасалды. Аталған шараларға жай қатысып қана қоймай, тиісті өзгерістерді өз тәжірибемізге енгізіп, жүйелі де қарқынды жұмыс жасаудамыз. Бұл

мұғалімдеріміз үшін жаңашылдықты бағдар еткен мектеп қалыптастыру жолында үлкен серпіліс болды. Менің байқауымша, былтырғы оқу жылымен салыстырғанда 2022–2023 оқу жылында 13 оқушы республикалық деңгейде, 38 оқушы облыстық деңгейде өткен олимпиада мен конкурстардың жеңімпаздары болса, 2023–2024 оқу жылында 10 оқушы республикалық, 58 оқушы облыстық деңгейде жүлделі орындарға ие болды. Мұны, әрине, мектебіміздің дамуының көрінісі деп білемін. Әр оқушы жетістігінің артында мұғалімнің еңбегі жатқаны баршамызға аян. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, өзін-өзі тұрақты түрде жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға. Мұғалімдеріміз «алдымен оқушының не істейтініне назар аударып, артынша қандай да бір дағды қалыптастыруға үлес қосамын, тек осыдан соң ғана білім беремін» деген қағидаға толығымен көшті.

Қорытындылай келе, осы жоба арқылы мектебіміздің білім сапасы мен оқу жетістіктері артқанын аңғардым. Біздің мектепке жаңашылдықтың ізгі бастама-сын салып берген тағылымдық жобаның ізін жалғастырып, одан да биік белестерді бағындырамыз деген мақсатымыз бар. Мектебіміздің де, мұғалімдеріміздің де, оқушыларымыздың да әлі талай белестерді бағындыратынына кәміл сенемін.



Налибаева Лаззат Имашевна

Мектеп директоры

№ 286 орта мектебі

Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы,

Жаңақорған ауылы

286_shkola@mail.ru

Болашақтың кілті – білімдінің қолында

Цифрлық трансформациялау идеясы әлемдік трендке айналғандай. Цифрлық технологиялар көптеген елдердің экономикасын дамытуда маңызды рөлге ие. XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры десек, ақпараттық технология дамыған заманда жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен ыждаһаттылықты талап етеді. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Қазақстан халқына» қоры және «Білім беру саласын тұрақты дамыту» қорымен бірлесіп жүзеге асырып жатқан «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасына № 286 орта мектебі енгізілді.

Әлемнің ұлы көшінен қалмай, «тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу» үшін білім саласында елеулі өзгерістер орын алуда. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. Міржақып Дулатов

айтқан «Надан жұрттың күні – қараң, келешегі – тұман» деген аталы сөздің маңызын түсіндік. Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Білім беру ісінде шәкірттің білімге құштарлығын арттыру, өздігінен ойлау қабілетін жандандыру, еңбек етуге баулу, жалпы оқушы бойына жауапкершілік сезімін қалыптастыру – ешқашан күн тәртібінен түспейтін, мұғалімдерге қойылатын басты талап.

Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана ұстаздығын сақтап қалмақ. Өзгеріс енгізу үдерісін басқару оңай емес, өйткені оның барысында жұмыста әртүрлі қиындықтар мен келіспеушіліктер туындап жатуы ықтимал.

Әрбір пән бойынша пәндік дағдыларды дамытуға бағытталған оқу мақсаттарын жүзеге асыру әдістері мен тәсілдеріне, оқушылардың зерттеу дағдылары мен функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған семинарлар мектебіміздегі оқыту мен оқудың сапасына оң әсерін тигізді.

Мектепте нақты өзгерістерді іске асыру үшін қажеттіліктер қалай анықталды?

Мұғалімдер мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып «Өз мектебінде өзгеріс енгізу үшін не істеу керек?» деген тақырыпта дөңгелек үстел өткіздік. Мектептің бастапқы ахуалын анықтау үшін жұмыс тобы мүшелерімен біріге отырып сауалнама құрастырдық. Мұғалімдерден, ата-аналардан, оқушылардан алынған сауалнама нәтижесі бойынша талдау жасадық.

Мұғалімдер мен оқушылар арасында сенімді қарым-қатынас орнаған.

Оқушылардың ата-аналарына жүргізілген сауалнама бойынша жалпы мектепте достық қарым-қатынас орнағанына, балалар мен мұғалімдер арақатынасы жақсы екеніне көз жеткізуге болады. Ата-аналар білім беру сапасына қанағаттанады, бірақ балаларының объективті бағалануы керек деп есептейді.

Жұмыс тобы мүшелері оқыту үрдісін бағалауға баса назар аудару қажеттігін талқылады. Дөңгелек үстел өткізу барысында мектептің даму жоспарына өзгертулер енгізілді.

Мектептің даму үдерісін жүзеге асыру

Мектептің даму жоспарына өзгерістер енгізілді. Мектептің даму жоспарының тақырыбы: «Оқушылардың оқуға деген ынтасын бағалау арқылы арттыру».

Негізгі жұмыс түрлері мен әдістері: менторинг, коучинг, сабақтарды зерттеу, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеу, сауалнама, рефлексия, бағалау және мониторинг болды. Мектептің даму жоспарын жүзеге асыру үшін, мерзімдері көрсетілген іс-шаралар, оған жауаптылар, ресурстар, күтілетін нәтижелер мен сәттілік критерийлері құрылды.

Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлерімен мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін арттыру мақсатында жүргізілген жұмыстар ұстаздарымыздың кәсіби тұрғыда өсуіне ықпал етіп, оларға шығармашылық шабыт берді. Мұғалімдеріміз игерген білімі мен біліктерін өз қызметінде тиімді пайдаланды. Негізгі мақсат орындалды – білім сапасы көтерілді әрі оқушыларының өз бетімен білім алу белсенділігі артты. Білім беру жүйесінде коллаборативті орта қалыптасты, мұғалімдердің, оқушылардың және олардың ата-аналарының оқыту туралы ойлары өзгерді. Орта буында ұйымдастырылған Lesson Study мектеп тәжірибесіне, оқу және оқыту үрдісіне өзінің жағымды ықпалын тигізді.


«Пәндерге кіріктіру арқылы сыни ойлау мен цифрлық сауаттылықты қалыптастыруға арналған қауіпсіз STEM жобасы» шеберлік сабағында робототехника үйірмесінің қатысушылары, химия-биология пәнінің үздіктері, бастауыш сынып оқушыларының қоршаған орта және табиғат тақырыбындағы зерттеу жұмысы көрермендерді таңғалдырды. «Ұлттық құндылық шаңырағы» ұстаздар бұрышын таныстырған Гүлзада Искакованың ұлттық құндылықтарға деген шын жанашырлығын көрген көпшілік тәнті болды. Мектептің күнделікті өмірінен сыр шертіп, білім көкжиегіндегі тынымсыз тіршілікті көрсететін «Тірек мектеп тынысы» журналының тұсаукесері өтті. «Жас маман» мектебінің ашылу салтанатында осы мектептегі 25 жас маманнан құралған би тобы өнер көрсетті.

Тірек мектептерін дамыту жобасына сәйкес педагогтеріміз өз тәжірибесін арттырып қана қоймай, өз тәжірибелерін ауыл мектептеріне таратуға да міндетті. Бұл орайда жыл басынан бері «Тірек мектеп таныстырылымы» республикалық семинары ұйымдастырылды. Педагогикалық шеберлік орталығының Қызылорда облыстық филиалымен бірлескен «Заманауи мектеп моделі» тақырыбындағы облыстық семинарын ұйымдастырып, ауыл мектептерімен тәжірибе бөлісу шарасы өтті. Тарих апталығы аясында аудандық семинар, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевқа арналған шығармашылық кеш, дене шынықтыру пәні бойынша шахматтан аудандық турнир ұйымдастырылып, ауыл мектептеріне тәжірибе таратылды. Жыл бойынша оқу, мәдени-тәрбиелік шаралар бойынша көш бастап, Жаңақорған ауданы мектептері арасынан «Жылдың ең үздік білім беру ұйымы» атағын иелендік. Оқу жылын осындай жағымды жаңалықтармен жалғастырып, «Digital дәуіріндегі заманауи мектеп» тақырыбындағы облыстық семинармен аяқтадық.

Әрине, мұның бәрі жоба аясында мектепті озық инновациялық базамен қамтамасыз ету және педагогтерді қолдауға бағытталған жұмыстардың нәтижесі.

Қорыта айтқанда, «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы біздің мектеп үшін барлық қолайлы жағдайды жасады. Нақты мақсаттар мен межелер нәтижесінде тың тәжірибенің бастамашысы болудамыз. «Тірек мектеп тынысы» атауымен педагогикалық журналымыз жарық көріп, мектеп тынысы туралы облыстық «Қазақстан-Қызылорда», «Қазақстан», «Хабар», «Хабар 24» телеарналарында хабар таралып, арнайы телебағдарламалар да түсірілді. Мұның бәрі тірек мектептердің әлеуетін дамыту жобасы аясындағы ілкімді істер.

Иә, әрбір өркениетке ұмтылған, дамыған елдердің білім көкжиегінде тірек мектептердің бәсі қашанда биік тұрады. Өйткені заманауи құралдармен жабдықталып, цифрландыру жүйесімен білім беруді тереңірек меңгерген мектептердің ұтары көп. Оның бастауында білікті басшылық тұрса, қозғаушы күші – ұлағатты ұстаздар мен білімді жас мамандар. Нәтижесінде табысты білім ордасынан сусындап, болашаққа сеніммен қанат қаққан кез келген шәкірт үлкен өмірде өрісін еркін жаяды, елдің еңсесін биік етіп, ұлттық құндылығын ұлықтайды, болашаққа қадамын нық басады.



Бисекенова Токжан Муттахиевна

*Мектеп директоры
Нұн Жұбаев атындағы
жалпы білім беретін мектеп
Маңғыстау облысы,
Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы
shetpe_zhubaev@mail.ru*

Жаңашылдықпен көшбасшылыққа

Азаматтардың рухани, танымдық және өзге де гуманистік қажеттіліктерін қалыптастыру мен қанағаттандыру үшін қоғамдық денсаулық, білім, ғылым, мәдениет, өнер, ағарту салаларындағы қайырымдылық жобаларын іске асыруды мақсат тұтқан «Қазақстан халқына» ҚК, «Білім беру саласын тұрақты дамыту қоры» ҚК және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бірлесе отырып «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырылымдылық жобасын жүзеге асырған болатын. Осы жоба аясында мектебімізде қысқа уақыт аралығында бірізді және кешенді жұмыстар жүргізілді. Жобаның жүзеге асырылуы барысында мектеп жұмысы біршама жақсарып, қарқындай түсті. Біздің мектеп аталған жоба негізінде жайлы мектеп алаңына айналды. Мектептің материалдық базасын жаңартып қана қоймай, ұжымға өз шеберлігі мен біліктілігін арттыруға мүмкіндіктер берілді. Пәндік кабинеттерден басқа, мектепте робототехника және информатика кабинеттері, STEM-зертхана кабинеті, арт-студия, тіпті жеке телестудиясы ашылды. Мектеп кітапханасы мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар үшін қосымша білім беру ресурстық алаңына айналып, электронды кітапхана жүйесі енгізілді.

Жобаның жүзеге асырылуы барысында Назарбаев Зияткерлік мектептері базасында ұйымдастырылған тағылымдамалар мен өзара тәжірибе алмасулар ұстаздарымыздың кәсіби құзіреттіліктерін дамытып, жақсы нәтижеге қол жеткізулеріне ықпал етті. Атап айтсақ, «Олимпиада есептерін шығару», «Олимпиадалық есептерді шешу және оқушыларды олимпиадаға тиімді дайындау» тақырыбында семинарлар. Ағымдағы оқу жылында пәндік олимпиададан мектеп оқушыларының жоғары деңгей көрсетіп, математика, физика пәндерінен облыстық, республикалық олимпиадаларға жолдамалар алуы осы жұмыстардың көрсеткіштері деп білеміз. Қараша айында Астана қаласында өткен «Ауыл мектептерінің өркендеуі – қоғам игілігінің кепілі» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік конференциядан кейін үш бағытта жұмыстар ұйымдастыру жүргізілді.

Біріншіден, мектептегі басқарудың жаңа формасы енгізіліп, әдістемелік бірлестіктердің жұмысын жаңаша ұйымдастыру жоспарланды, өзара кәсіби бәсекеле-

стік қалыптастыру жолға қойылды. Мектебіміздің стратегиялық даму жоспарына өзгерістер енгізілді.

Екіншіден, ата-аналарға педагогикалық қолдау жұмыстары аясында арнайы сабақтар өткізілді. Мектептегі буллинг, зорлық-зомбылық бойынша оқушылардан сауалнамалар алынып, зерттеулер жүргізілді.

Үшіншіден, сабақ процесінде жаңа инновациялық технологияларды қолдануда икемді дағдылар мен эмоционалды интеллектке басымдық берілді. Қазан және қаңтар айларында 4 және 8-сыныптардан PISA халықаралық зерттеу жұмыстары негізінде білім алушылардан бақылау тестілері алынып, қорытындыларын талдау жұмыстары жүргізілді. Білім алушылардың функционалдық сауаттылық деңгейлерін анықтап, оларды жақсарту барысында мұғалімдеріміз кәсіби дағдыларын жетілдірді. Сонымен қатар білім сапасын жақсартуда оқушылардың қызығушылық әлеуетін арттыру мақсатында 4-сыныптарда «Негізгі сынып пен бастауыш сыныптар арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыра отырып, білім сапасын көтеру» зерттеу тақырыбы аясында «Lesson Study» зерттеу сабақтары өткізілді. Педагогтердің кәсіби дағдыларын жақсарту үшін «Қосарлана оқыту» жобасы өткізіліп, оған аудан және Ақтау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімдері қатысып, өзара тәжірибе алмасу арқылы білім-біліктерін жетілдірудеміз, себебі осы жоба аясында аудандық, облыстық семинарлар өткізу жоспарлануда. Оқушылар мен педагогтердің білім сапасын жақсартуға қолайлы жағдай жасау оларға қойылатын талаптардың да жауапкершілік жүгін көтерді, жақсы көрсеткіштер мен нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндіктеріміз арта түсуде.





Малбасов Молдахан Султангалиевич

*Мектеп директоры
Күйкен жалпы білім беретін мектебі
Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы,
Бейнеу ауылы
malbasov@mail.ru*

Мектеп мерейі

Мектеп – өмір бастауы, білім кемесі, даналықтың мұрасы екені сөзсіз. Өскелең ұрпаққа стандартқа сай білім беру мен тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыратын алтын орда – мектеп. Жас буынның қанатын қатайтып, үлкен өмірге жолдама беретін де сол мектеп. Түзу жолда тұсау салдырмас талай мықтыны шығарған білім ордасының өткені мен бүгіні – өскелең ұрпаққа өнеге.

Аудан орталығында Күйкен жалпы білім беретін мектебіміздің 11 жылдық тарихы бар, қаймағы бұзылмаған ұлттық тәлім мен тәрбиенің қара шаңырағы.

Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында: «Келесі бір маңызды міндет – қалалық және ауылдық мектептер арасындағы алшақтықты азайту. Балалардың барлығы тұрғылықты жеріне немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан сапалы білімге қол жеткізуі керек», – десе, 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Жайлы мектеп» жобасы аясында 400-ге жуық мектеп салынды, «Ұлттық қор – балаларға» жобасы қолға алынды. Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы, білім берудің цифрлы ресурстары тегін және қолжетімді болуы шарт», – деп атап көрсеткен болатын. Осы бағытта республикада 17 мектептің бірі, облыста алғашқы білім ордасы болып Күйкен ЖББМ «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасына еніп, мектептің материалдық-техникалық базасы толыққанды жаңартылды. Атап айтар болсақ, бастауыш сыныптарға арналған соңғы үлгідегі 12 кабинет, зертханалары бар физика, химия, биология кабинеттері және ағылшын тілі, тарих, математика, информатика, география сияқты 27 кабинет жұмыс жасауда. Ұлдар мен қыздарға арналған көркем еңбек кабинеті мен шеберханасы, STEM-зертхана, арт-студия, онлайн-сабақтар мен шеберлік сабақтарын жазуға арналған телестудия, инклюзив, музыка кабинеттері мұғалімдер мен оқушылардың қызу жұмыс алаңына айналды.

2022–2023 оқу жылында мектеп бітірген 64 түлектің үшеуі грант иегерлері атанып, 47-сі ЖОО-ға түсті. Оның ішінде 2 оқушы «Алтын белгі», 5 оқушы «Үздік аттестат» иегері атанды. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 21 сыртқы, 98 ішкі бейнекамера жұмыс жасап тұр. Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында әр аптаның бесінші күні дәстүрлі түрде «Кітап оқу минуттары» жүргізіліп келеді. 2023 жылғы қараша-желтоқсан айларында Ақтау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде 39 мұғалім тағылымдамадан өтті. «Ауыл мектебінің өркендеуі – қоғам игілігінің кепілі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына 4 мұғалім,

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы өткізген «Жетекші мектеп: сабақты зерттеу үдерісін ұйымдастыру және басқару» тақырыбындағы форумға 4 мұғалім қатысты. Педагогикалық шеберлік орталығымен тығыз байланыста жұмыс жасауымыздың нәтижесінде жеткен жетістіктеріміз де аз емес, соның ішінде ерекше жетістікке жеткен оқушымыз Таңқаев Елдарға 2023 жылғы 3–4 қараша күндері Қарағанды қаласы «Жастар» спорт кешенінде өткен «RoboLand 2023» VIII Халықаралық фестивалінде ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың алғыс хаты табысталды.

Қорытындылай келе, оқушылар мен оқытушыларымыздың НЗМ мектептерімен тығыз қарым-қатынаста үздіксіз жұмыс жасауының нәтижесінде мектебіміздің жақсы жетістіктерге жетуі, күннен-күнге қарыштап дамып жатқаны көңіл марқайтатынын айтқым келеді.





Сақтағанова Ақмарал Данебаевна

*Мектеп директорының міндетін атқарушы
№ 6 жалпы білім беретін мектеп
Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы,
Құрық ауылы
akmaral80–80@inbox.ru*

Шынайы білім – жарқын болашақ кепілі

Білім – адамзат мәдениетінің ең көрнекті және ауқымды ұғымдарының бірі. Сонымен қатар қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылықты сақтап тұрушы негізгі фактор. Әуелі адам баласының басқа жаратылыстан ерекшелігі саналылығы болса, сол саналы жаратылыс иелерін бірінен-бірін үстем көрсетіп, бір-бірінің алдында шынайы құрмет пен атақ-абыройға бөлейтін осы білімнің жемісі болмақ. Осы орайда Қарақия ауданы білім бөлімінің «№ 6 жалпы білім беретін мектеп» КММ 2023 жылғы қыркүйек айынан бастап «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Білім беру саласын тұрақты дамыту қоры» ҚҚ және «Қазақстан халқына» ҚҚ-мен бірлесіп жүзеге асыратын «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасына енген болатын. Жоба бойынша мектебіміздің материалдық-техникалық базасы жаңартылды. Атаулы кабинеттер ашылды. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің стандарттарына сәйкес жабдықталған. НЗМ жабдықтау стандарты бойынша 45 оқу кабинеті мен шеберхана, сондай-ақ STEM-зертхана, арт-студия, кітапхана және телестудия, жылыжай, қыш-құмыра, музыка кабинеті жаңартылды. Мектебімізге орнатылған жаңа жабдықтар оқушылардың сапалы білім алуына ықпал етуде.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ұйымдастыруымен 4 және 8-сынып оқушыларынан оқу жетістіктеріне бақылау тесті алынды. Тест нәтижелерін саралау оқыту мен оқу сапасына оң әсерін тигізуде.

Мектебімізде 68 мұғалім бар. Жобаға енбес бұрын 68 педагогтің біліміне келсек, жоғары білімі бар мұғалімдер саны – 51 (магистратура бітірген – 2), арнаулы орта білімі бар мұғалімдер саны – 17, мұғалімдеріміздің білімі – 75%, ал біліктілігі жағынан педагог-зерттеушілер саны – 15, педагог-сарапшылар саны – 10, педагог-модераторлар саны – 19, яғни мұғалімдеріміздің біліктілігінің көрсеткіші – 36,7% болатын, қазіргі таңда жоғары білімі бар педагогтер саны – 51 (магистратура бітірген мұғалімдер саны – 2), арнаулы орта білімі бар педагогтер саны – 17, мұғалімдеріміздің білімі – 75%, ал біліктілігіне келетін болсақ, педагог-зерттеушілер саны – 15, педагог-сарапшылар саны – 12, педагог-модераторлар саны – 20, яғни мұғалімдеріміздің біліктілігінің көрсеткіші – 39,7% болды. Демек 2%-ға өсу байқалады.

Әрбір пән бойынша Астана, Атырау, Ақтау қалаларында ұйымдастырылған семинарларға 40 мұғалім қатысты. Олар семинарлардан алған тәжірибелерімен бөлісіп, кері байланыс жасады. I және II оқу тоқсанының қорытындысы бойынша мектепте білім сапасы төмен сыныптар анықталды. Екі сынып (7 «Б» 50% және 8 «А» 33,3%) «Lesson Study» сабақты зерттеу әдісімен бақылауға алынды. Зерттеу әдісінің нәтижесінде аталған екі сыныптың III тоқсандағы оқу сапасы 66,7%, өсім 33,3% болды.



Ахметжанова Гульнара Мусаевна

*Директор школы
Средняя общеобразовательная школа № 3
имени Катшы Оспановой
Село Тереңкөл, район Тереңкөл,
Павлодарская область
sosh3@terenkol.edu.kz*

Достижения и результаты школы в рамках проекта

«Школа, школа, школа... Она даёт новый старт и новые возможности в нашей школьной жизни». Так написал в своём эссе ученик 6 класса. Успешная школа с материальными техническими возможностями имеет большое значение для реализации программы и усовершенствования поставленных целей.

Многое определилось в процессе проекта «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности». Школа ориентирована на будущее, создает условия для развития потенциала учащихся, соответствует современным тенденциям гуманизации, информатизации, интеграции и глобализации.

К счастью, наша школа была отобрана и включена в проект «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности» и нам создали условия: школу оснастили кабинетами новой модификации, STEAM кабинетами, кабинетом робототехники, арт-студией и телестудией, различными лабораториями.

Нам с 2023 года был присвоен статус опорной школы.

Запросы у детей и их родителей разные: одним необходим высокий уровень обучения в школе, другим важна возможность найти занятие по душе вне уроков, третьи обращают внимание на уют, комфорт, но главная задача школы заключается в получении полноценного образования, в том числе путём подготовки к профильному обучению.

Работая совместно с НИШ нашего города Павлодар, мы совершенствуем методическую работу в школе нового типа, которая приобретает особое значение и актуальность. К нам приезжают оказывать методическую помощь, дают открытые уроки, семинары, делятся новыми технологиями в области образования, оказывают помощь учителям в улучшении организации образовательного процесса и внедрении передового педагогического опыта, повышении теоретического уровня и педагогической квалификации педагогов.

Планируя методическую работу, мы стремимся отобрать те формы, которые реально позволили бы решать проблемы и задачи, стоящие перед базовой опорной школой.

Работа в опорной школе, достижения высокой результативности требуют от учителей не только хороших знаний, но и практических умений, педагогических навыков.

В связи с этим наши учителя повышают квалификацию, учатся в других городах Казахстана. На многих встречах мы советуемся друг с другом, задаём вопросы, решаем проблемы. Это вдохновляет нас постоянно развиваться, чтобы помогать другим и улучшать качество образования и в этом нам помогает НИШ. Благодаря НИШ учителя развиваются не только сами, но также вовлекают в этот процесс магнитные школы, делясь ценным опытом внедрения новых подходов, распространяя наработки среди педагогических коллективов, способствуя повышению компетентности педагогического сообщества.

Благодаря курсам Центра педагогического мастерства учителя повысили свой профессиональный уровень, обрели новые навыки, совершенствование формы, методы и средства обучения, принимая активное участие в работе. В результате улучшился результат преподавания, повысилось качество образования.

И в заключение хотелось бы сказать, что педагогическое мастерство, проявляясь ежедневно, ежеминутно, часто внешне незаметно, имеет дело с самым дорогим материалом – детьми, формируя в них человека, поэтому наша общая задача – устранить последствия педагогического несовершенства учителя, сформировать и развить неповторимость его педагогического стиля.





Қамбаров Руслан Ақынболатович

Мектеп директоры

*Аққулы ауылының жалпы білім беретін мектебі
Павлодар облысы, Аққулы ауданы, Аққулы ауылы
lebiagie.sh@mail.ru*

Тірек мектеп: сапалы білім, ынтымақтастық және қолайлы орта

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы білім сапасын арттыруға, озық педагогикалық тәжірибелер мен әдістемелерді енгізуге және тірек мектептерді қажетті материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етуге бағытталған. Материалдық базаны жаңарту үшін аталған жобаның қайырымдылық бағдарламасы аясында 250 млн. теңгеге жуық қаражат жұмсалды.

Жобаның міндеті – ауылдық аймақта ауданның өзге де оқу орындары үшін құзыреттілік орталығына айналатын тірек мектептерін құру. Сондықтан барлық оқу кабинеттері мен қосымша білім беру кабинеттері заманауи талаптарға сәйкес жабдықталды, ал мұғалімдерге білім технологияларын жетілдіру мен тәжірибесін өңір мектептеріне одан әрі тарату мақсатында, оқыту курстары ұйымдастырылды.

4 және 8-сынып сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу мектептің оқыту мен оқу сапасына әсер етті. Себебі мониторинг өткізген соң нәтижелеріне пән бойынша сапалық, сандық талдаулар жасалып, меңгерілмеген тақырыптар нақтыланып, оқушылармен жұмыстар жүргізілді. Павлодар және Семей қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептері әрбір пән бойынша пәндік дағдыларды дамытуға бағытталған оқу мақсаттарын жүзеге асыру әдістері мен тәсілдеріне, оқушылардың зерттеу дағдылары мен функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған семинарлар өткізді. Семинардың мақсаты – оқушылардың танымдық, шығармашылық, зерттеушілік дағдыларын дамыту, мұғалімдердің табысты тәжірибелерімен бөлісу. Мектеп мұғалімдерінің сабақтары НЗМ мұғалімдері тарапынан талқыланып, әдістемелік көмек көрсетілді.

Ерекше атап өтетін жайт, осы семинарлардан кейін мектептегі атмосфера өзгерді. Мұғалімдеріміз НЗМ-ға оқуға барып, білімін жетілдірді. Мектепке қажетті барлық жаңа құрал-жабдықтар дайын. Мұғалімдеріміздің әр сабағын оқушыны қызықтырып, ерекше өткізуіне еш кедергі жоқ. STEM-зертхана мен телестудия, қыздар және ұлдар шеберханасы іске қосылды. Мұғалімдер цифрлық платформаларды қолдану арқылы сабақтарын қызықты етіп өткізе бастады. Шын мәнінде, керемет өзгерістер орын алды. Барлығы 37 оқу кабинеті жабдықталды.

Зияткерлік мектептер ұйымдастырған тағылымдамалардан кейін мұғалімдер заманауи кабинеттерде жұмыс істеп, әдістемелік қолдауға ие болды. Білім сапасының көрсеткіші айтарлықтай өсті, мектеп оқушыларының олимпиадаларға, байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болу мүмкіндігі молайды.

Мұғалімдердің еңбек жағдайына қанағаттанушылық деңгейі артып, бұл оларды білік-дағдыларын жетілдіріп отыруға ынталандырды. Жұмыла көтерген жүк жеңіл дегендей, жоба аясында көрсетілген жан-жақты қолдау білім ордамыздың алға жылжып, жалпы білім беру сапасының көтерілуіне оң ықпал еткенін аңғаруға болады.



Сарсенова Айну́р Токтаровна

Мектеп директоры

№ 4 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі

Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Ертіс ауылы

sars_doni@mail.ru

Оқыту мен оқуды ұйымдастырудағы мұғалім құзыреттілігінің дамуы

№ 4 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Білім беру саласын тұрақты дамыту» ҚҚ және «Қазақстан халқына» ҚҚ-мен бірлесіп жүзеге асыратын «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы аясында биыл екінші оқу жылын аяқтады.

Жобаны жүзеге асыру барысында мектеп ұжымы мынадай жетістіктерге қол жеткізді: 2023 жылы оқушылар түрлі аудандық олимпиадалар мен шығармашылық конкурстардан, ғылыми жобалардан 38 орын, облыстық деңгейде 12 орын алса, бұл көрсеткіш 2024 жылы аудандық кезеңнен 45 орын, облыстық деңгейден 19 орынға жетті.

Сонымен қатар мұғалімдердің мектептегі әріптестерімен ынтымақтастықта жұмыс істеуі және көшбасшылықты дамытудағы кәсіби құзыреттіліктері артып, мұғалімдердің кәсіби дамуы байқалды. Нәтижесінде 2023 жылғы наурыз айында Павлодар қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде өткізілген ІХ «Мұғалімнің кәсіби практикасындағы зерттеулер: тәжірибе және мүмкіндіктер» аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференциясында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі С. М. Жансеитова ІІІ орынға ие болса, математика пәнінің мұғалімі А. К. Тукбергенов «Таңдау» номинациясында жеңіске жетті, 2024 жылғы наурыз айында математика пәнінің мұғалімі Г. Ж. Алкенова Павлодар қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде өткізілген «Мұғалімнің кәсіби практикасындағы зерттеулер: тәжірибе және мүмкіндіктер» Х ғылыми-тәжірибелік конференциясында ІІІ орынды иеленді. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі Е. А. Серякова «Ең үздік мектепке дейінгі тәрбиеші» аудандық конкурсында І орынға ие болды.

4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне жүргізілген мониторинг нәтижесін талдай отырып, әр пән мұғалімі қиындық туғызған тақырыптарды анықтап, түзету жұмыстарының жоспарын құрып, олқылықтарды жою бойынша жеке жұмыс

жүргізді. Өткен жылы 4-сыныптарда оқу сапасы 45%-ды құрады, ал 8-сыныптарда 29%-ды көрсетті. 2023–2024 оқу жылында 5-сыныптарда 55%, ал 9-сыныптарда 40% оң динамика көрсетіп отыр. Сабақта оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін қолдану, заманауи кабинеттердің мүмкіндіктерін пайдалану оқыту сапасы мен білім деңгейін көтеруге өз ықпалын тигізді.

Мұғалімдердің рефлексиялық ойлау дағдысы, тәжірибелік дағдылары дамып, оқыту үдерісін жоспарлауға қоятын талаптары мен өзін-өзі жетілдіруге деген құлшынысы артты. Олар коучинг және тәлімгерлікті жүзеге асыру дағдыларын меңгерді, сондай-ақ кәсіби қоғамдастықта жұмыс істеу шеберліктері артты.

Мен құзыретті мұғалімдердің оқыту мен оқу сапасын көтеру үшін, өз тәжірибелерін зерделей отырып басқа мұғалімдердің идеяларын жүзеге асыруға қолдау көрсететіндерін ерекше атап өтемін.

Семинарларға қатысқан мұғалімдердің оқу нәтижелері бойынша мынадай негізгі қорытындылар жасауға болады:

- инновациялық тәсілдер мен әдістерді іске асыру;
- мұғалімнің оқыту және оқу үдерістерін терең түсінуге мән беруі;
- оқыту және оқу үдерістерін әріптестерімен талқылау, ортақ шешім шығару;
- оқудың қажетті ауқымын стандартты жетілдірумен шектелмеу;
- өзіне деген сенімділіктің артуы;
- оқыту мен оқу үдерістеріне ата-аналар мен тиісті мүдделі адамдарды тарту.

Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлерімен жұмыс істеу мұғалімдер жұмысының сапасын өзгертті, бір қадам алға басты деп айтуға болады. Семинарлар мұғалімдердің қызметіндегі бірқатар іс-шараларға қозғау салды. Мәселен, семинарлардан кейінгі әріптестер арасындағы пікірталастар өткізілді, өздерінің іс-тәжірибелері туралы оқушыларың пікірлері ескеріле бастады, мұғалімдер өз әріптестерімен тәжірибе алмасу мақсатында басқа сыныптардың сабақтарына қатысу арқылы өз сабағындағы артық-кем тұстарды бірлесе талқылауды қолға алды. Білім беруде қандай құндылықтарды негізге алу керек деген сұрақ күн тәртібіне қойылды. Мектепте білім беру сапасын көтеру үшін қандай өзгерістер енгізу керек екендігі туралы әріптестердің кеңестері ескерілді. Білім беру қызметіндегі басымдықтарды анықтау мен келісу бойынша атқарылған жұмыстардан соң, мектептегі мәжілісте қаралып, мақұлданды.

Зияткерлік мектептер ұйымдастырған тағылымдамалардан кейін мұғалімдер және жалпы мектеп мынадай нәтижелерге қол жеткізді деп айта аламын:

- оқу сапасын арттыру бойынша жұмыстар нәтижесінде оқу үлгерімі 5%-ға артты;
- мектептің ішкі эволюциясы үдерісіне қолдау көрсетілді;
- атқаратын қызметі мен мәртебесіне қарамастан барлық қызметкерлер мектептің дамуына ықпал етіп, атсалысты.

Ағылшын ғалымы Джеймс «Оқушы табысты білім алуы үшін мұғалімнің де оқуын жалғастыруы негізгі талап болып табылады» деп атап көрсеткендей, мұғалімдердің білімі мен кәсіби мәдениетінің жүйелі түрде дамуы аса маңызды деп санаймын.



Шомаков Абылайхан Серикбаевич

Директордың міндетін атқарушы

Зейтін Ақышев атындағы

жалпы орта білім беру мектебі

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы,

Баянауыл ауылы

abylayhan.shomakov_1990@mail.ru

Жаңашылдыққа ұмтылу – білім берудің негізгі мақсаты

Мектебіміз жобаға енген күннен бастап «жайлы мектепке» айналды. Олай дейтінім, «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы бізге сапалы білім алуға, оқушыларды тәрбиелеуге, педагогикалық ұжымның әлеуетін дамытуға, мектептегі қауіпсіз жағдайды одан әрі қамтамасыз етуге көмектесті. Жоба арқылы мектеп ұстаздарының кәсіби біліктілігі дамыды және тәжірибе алмасу жандана түсті. Мектебіміз білім берудегі үздік бастаманың бір бөлшегі болғанына қуаныштымыз, себебі басты мақсат – оқушылар үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету. Сонымен қатар жоба мақсаты озық педагогикалық тәжірибелер мен әдістемелерді енгізуге және тірек мектептерін қажетті материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етуге бағытталған.

Мектебіміздің ұстаздары Назарбаев Зияткерлік мектептерінің мұғалімдерімен тығыз қарым-қатынас орнатты. Пәндер бойынша критериалды бағалау жүргізу, цифрлық сауаттылық, күрделі тақырыптарды меңгеру, оқытушыларға арналған оқыту семинарлары, әдістемелік сағаттар ұйымдастырылды. Пәндік дағдыларды дамытуға бағытталған оқу мақсаттарын жүзеге асыру әдістері мен тәсілдеріне, оқушылардың зерттеу дағдылары мен функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған тақырыптық жұмыстар оқыту мен оқу сапасының жоғарылауына әсер етті. Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлері тарапынан да мектеп мұғалімдеріне әдістемелік сүйемелдеу бағытында бірлескен жұмыстар атқарылды.


4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу нәтижелері арқылы пәндерді оқытуда қандай олқылықтар бар екені анықталды және оқушылардан кері байланыс ала отырып жоспарлы жұмыс жүргізілуде. Жобаға ену бізден үздіксіз өзгерісті талап етеді. Мектебімізде 3 зерттеу тобы ұйымдастырылды. Өзара тәжірибе алмасу мақсатында сабақ жоспарын бірлесе құру, сабақты бірлесе зерттеу, оқыту мәселелерін бірлесе шешу басты назарға алынды. Оқушының сабақты жақсы меңгеруі үшін мұғалімнің бірнеше әдіс-тәсілді қолдануы, күрделі тақырыптар бойынша оқу мақсаттарының толық орындалуы зерттелді.

Мектеп оқушыларының шығармашылығын дамытуда қосымша білім берудің маңызы зор. Осы тұрғыда «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы біз үшін кең мүмкіндіктер ашты. Мектепте арт-студия, телестудия, домбыра, робототехника, ұлдар және қыздардың қол еңбектерін дамытуға арналған кабинеттер жұмыс жасайды. Биылғы оқу жылында оқушыларымыз қолөнерден облыс деңгейінде 5 орын иеленсе, бір оқушымыз Семей қаласында өткен республикалық

сайысқа қатысты. Сонымен қатар робототехника бағытында оқушыларымыз VIII «Roboland – 2023» халықаралық конкурсында II орын, IX «Roboland – 2024» халықаралық конкурсында екі I орын, Орталық Азиядағы First чемпионатында (CAFC2024) робот ойынынан I орын иеленді.

Қазіргі таңда мектептің атмосферасы жақсы жаққа қарай өзгерген. Мұғалімдердің бойында жетістікке ұмтылу, қолда бар мүмкіндікті пайдалану арқылы шығармашылық ізденістерін дамыту құлшынысы анық байқалады. Сапалы білім беруге қол жеткізіп қана қоймай, тұрақты білім сапасын сақтап қалу үшін әлі де қажырлы еңбек етуіміз қажет.





Айтқожина Асель Жаксыбаевна

Директор школы

Мамлютская школа-гимназия № 1

Город Мамлютка, Мамлютский район,

Северо-Казахстанская область

tamlutgimnazy@mail.ru

Даже путь в тысячу ли начинается с первого шага

Современный мир неукоснительно диктует нам правила реальности: хочешь быть успешным – двигайся в ногу со временем, будь открытым к новому и готовым взять на себя ответственность. В этом смысле участие в проекте «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности» стало ресурсной площадкой для изменений той среды, которая прочно устоялась за годы работы. Что же мы имеем на сегодняшний день, какие достижения можем отметить уже сейчас?

Анализируя работу в проекте, отметим, что ведущей для школы стала работа по развитию профессионального сообщества. Над практикой исследования урока педагогический коллектив работает с 2014 года, за это время реализовано порядка 8 циклов исследования LS: 13 классов прошли исследование, 41% педагогов успешно реализовали практику LS, в школе работают 5 тренеров. Вместе с тем, в коллективе давно назрела необходимость в развитии взаимодействия посредством новых путей, таким для нашей школы стало исследование в действии. На сегодняшний день «Action Research» реализуют 53% педагогов, что позволило суммарно с исследованием в практике создать прочную основу для создания среды «саморазвивающейся» школы.

Посещение Международной научно-практической конференции «Процветание сельских школ – залог благополучия общества» в г. Астана, тесное взаимодействие с представителями НИШ г. Петропавловск позволило определить для школы ещё одну перспективу развития – распределённое лидерство. Было принято решение создать для педагогов методическую площадку по диссеминации педагогического опыта. За время работы в проекте организовано 6 методических площадок, в том числе инициированные педагогическим коллективом встречи с педагогами магнитных школ. Тематика работы данных площадок определялась педагогами: школьная команда как ресурс «саморазвивающейся» школы, развитие функциональной грамотности школьников, творчество и инновации в сельской школе, вовлечённость обучающихся в образовательный процесс.

Кроме того, текущей инициативой «в поедании слона» стал для нас мониторинг учебных достижений учащихся 4 и 8 классов. Уже после стартового мониторинга стало понятно, что не все обучающиеся оправдали ожидания педагогов. Был проведён

анализ причин и выверен дальнейший план по устранению пробелов и совместной работе педагогов по улучшению практики преподавания.

Большим достижением для школы стал отклик родительской общественности на участие в проекте: благодаря трансформационным процессам (обучение педагогов, активное профессиональное взаимодействие внутри школы, изменение практики преподавания и точный курс на инновационность образовательной среды, материальное оснащение школы) многие представители родительской общественности изменили своё отношение к школе и педагогическому коллективу, стали проявлять активное участие в жизни школы.

В заключение хочется сказать, что шаги, проделанные нами в сторону развития образовательной среды школы, уверенные и быстрые, проект позволил увидеть перспективы и дал прочную основу для реализации далеко идущих планов.





Исмахамбетова Жанна Бисембаевна

Директор школы

Школа-гимназия имени Батыр Баяна

Город Булаево, район Магжана Жумабаева,

Северо-Казахстанская область

bulaevog1@mail.ru

Наша школа – сердце города и гордость района!

Переход к новому проекту «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности», который, в свою очередь, связан с принципиальными изменениями деятельности педагога, реализующего новый стандарт, даёт толчок для совершенствования деятельности всей системы. Поменялась и технология обучения, открылись значительные возможности расширения образовательных рамок по каждому предмету в образовательном и воспитательном направлении, что позволило привести в совокупность все формы, методы, приёмы и средства.

Понятие качества преподавания является настолько многоаспектным, что при проведении мониторинга учебных достижений учащихся 4 и 8 классов повлияло на подход к наиболее значимым показателям, которыми овладели учащиеся в результате обучения, и на уровни их освоения. Задания базового уровня предназначены для диагностики умений учащихся выполнять репродуктивную деятельность на уроках. Задания высокого уровня сложности используются для оценки сформированности умений применять знания в незнакомой ситуации. Таким образом, тип деятельности, которым овладел учащийся при изучении математических и естественно-научных дисциплин, можно рассматривать как один из показателей качества образования в данных образовательных областях. Будем называть этот показатель показателем результативности. Данный мониторинг позволяет нам проектировать учебную деятельность, как отдельного ученика, так и класса в целом.

Проводимые семинары по методам и приёмам реализации целей обучения, направленных на развитие предметных навыков по каждому предмету, развитие исследовательских навыков и функциональной грамотности учащихся, позволили повысить профессиональную компетентность наших педагогов, способствовали развитию интеллектуальной и творческой инициативы педагогов, выработке единой педагогической позиции. Комфортная среда создаёт атмосферу сотрудничества, помогает выстраивать дружественное общение с учениками и способствует организации эффективного образовательного процесса. Если учитель всё сделал правильно, ученик готов свободно высказывать собственное мнение. Среди множества точек зрения, возражений и дискуссий рождается истина, ребенок учится её находить. Качество учебной деятельности оценивают по уровню вовлечённости детей в учебный процесс. Вот такими навыками и умениями обладают наши педагоги. Знания в современном мире расширяются и приобретают новые форматы, поэтому наши учителя уделяют время самообразованию.

Если учитель понимает важность своей профессиональной компетентности и стремится к самообразованию, он успешно использует все возможности, предложенные ему тренерами Центра педагогического мастерства. После интеллектуальных стажировок наши учителя способны подобрать оптимальный инструмент для передачи знаний, чувствовать настроение класса и управлять им, повышая эффективность обучения. Педагоги постоянно работают с людьми, поэтому без любви к работе будет сложно демонстрировать достойный пример своим ученикам. Стать хорошим учителем, постоянно обучаться новому и развиваться можно, только если любишь свою профессию. Дети чутко воспринимают настроение взрослых, подкупить их невозможно. Любовь к детям и своему предмету – не требование, а необходимость для учителя.



Мусабаяев Байыржан Балтабаяевич

*Мектеп директоры
Қожаберген жырау атындағы
жалпы орта білім беретін мектеп
Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы,
Пресновка ауылы
musabaevb@inbox.ru*

Тірек мектептердің әлеуетін дамыту – оқушының өмірлік дағдысын шыңдау

Ауыл мектептерінің білім сапасын көтеруде «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасының маңызы зор әрі мүмкіндігі ұшан-теңіз.

Жобаны іске асыру бағытында ауыл оқушыларына қандай да бір жерге көшпей, өзге мектептерге іріктеуден өтпей-ақ, олар тұратын жерде сапалы білім алуға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Ұстаздар қауымы үшін оқу деңгейін көтеріп, сапалы білім арқылы саналы да саламатты ұрпақ қалыптастыру – үлкен мақсаттың бірі. Ал қазіргі таңда мақсатқа жету мүмкіндіктері жасалуда.

2023–2024 оқу жылында мектебіміз техникалық құрылғылармен жабдықталып, STEM-зертхана, зияткерлікті дамыту кабинеті, мектеп телестудиясы, арт-студия, информатика, робототехника, тарих, география, биология, химия, алғашқы әскери дайындық, орыс тілі мен әдебиеті, психология, қазақ тілі мен әдебиеті, физика, математика, домбыра, ағылшын тілі, логопед, мектепке дейінгі даярлық және бастауыш сынып кабинеттері заман талабына сай жаңартылды. Сондай-ақ тігін, тамақтану мәдениеті, ұл балаларға арналған технология шеберханалары, кітапхана, асхана, мәжіліс залы, спорт зал толығымен заманауи үлгіде жабдықталды. Заман талабына сай жабдықталған мектебіміздің атмосферасы өзгеріп, оқушылардың сабаққа дайындығы, құзыреттері арта түсті.

Химия, физика, биология кабинеттерінде оқушылардың зертханалық зерттеулер жүргізуіне толыққанды мүмкіндіктер жасалуда. Сабақ барысында оқушылар ізденім-

паздықпен, қызығушылықпен жұмыс жасайды. Оқыту мен оқу сапасына заманауи жабдықталған кабинеттердің оң әсері өте көп. Әрбір пән бойынша пәндік дағдыларды дамытуға бағытталған оқу мақсаттарын жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдері сабақ барысында қолданылуда. Оқушылардың зерттеу дағдылары мен функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған семинарлар, коучингтер, шеберлік сабақтары оқыту мен оқудың сапасына жақсы ықпал етуде.

Арт-студия, телестудия кабинеттері де заманға лайықталып жүйеленген. Балалар бұл кабинеттерде қолөнермен, фото және бейнероликтер дайындаумен айналысады. Мектепте өтетін түрлі іс-шара, семинарларда өздерін журналист ретінде танытып, репортаж жасап, сұхбат алады. Жүйелі түрде мектеп өмірінде болып жатқан өзгерістер, жетістіктер жайлы жаңалықтар легін дайындайды. Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндіктер туындады. Ал оқушылар болса сол мүмкіндікті үлкен қызығушылықпен пайдалануда.

Домбыра кабинетіне түрлі аспап түрлері әкелінді. Оқушылар домбыра үйірмесіне қатысады. Ұстаздар қауымы да мектепте «Ұстаздар ансамблін» құрып, аудандық мәдениет үйінде мерекелік концерттерде өнер көрсетіп жүр.

Қорытындылай келе, мемлекет тарапынан болашақ ұрпақ үшін бар жағдай жасалуда деп айта аламын. Аталмыш жобаның елдің бүкіл аймағын қамтитын нәтижелі жобаға айналып келе жатқанына сенімім мол.



Сайткен Медет Нурғалиұлы

Директор школы

Кишкенекольская средняя школа № 2

с пришкольным интернатом

Село Кишкенеколь, Уалихановский район,

Северо-Казахстанская область

medetsaitken@mail.ru

Решение – внедрение – изменение

В ходе вхождения в проект «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности» наша школа получила множество полезных инсайтов в области образования. Я думаю, на тот момент необходимо было проинформировать педагогический коллектив о положительном опыте педагогов республики, пытаюсь внедрить идеи распространения передового педагогического опыта в школу. Для этого стоило навести коллектив на мысль о необходимости нововведений по причине того, чтобы они сами предложили дальнейшие пути внедрения новшеств для улучшения педагогической и инноваторской деятельности школы. Даже этот шаг, по моему мнению, уже важный инсайт, нашедший себе применение. В дальнейшем коллеги решили внедрить навыки применения научного подхода в изучении урока при помощи 100%

участия в проведении Lesson Study, Action Research, что, в свою очередь, отвечает современным требованиям аттестации.

По моему мнению, необходимо было внести организацию различных проектов в сфере образования. К примеру, были инициированы метод кейсов, проекты «100 кітап», «Оқуға қуштар мектеп», «20 минуттық оқу», «100 ән», «TED-X», «RED-X», многие из которых были нами заимствованы у НИШ ХБН г. Петропавловска и приспособлены к условиям нашей школы.

Согласно результатам мониторинга учебных достижений учащихся было выяснено, что уровень функциональной грамотности у учащихся низок, и нами было принято решение назначить отдельных координаторов для развития функциональной грамотности, поэтому, как мне кажется, необходимо было делегировать полномочия профориентатору школы для контроля за 3, 4, 8, 9 классами с целью контроля за успешным внедрением профильных предметов в образовательный процесс. Также с прошлого года появились координаторы по развитию читательской, математической и естественнонаучной грамотности, цифровизации, внедрению инновационных методов, совместному планированию уроков Lesson Study и Action Research, а также по внедрению рефлексивного обучения. Таким образом, каждый координатор, занимаясь по своему направлению, способствует росту функциональной грамотности учащихся школы, направляет и координирует работу учителей в данном контексте для развития основных навыков XXI века, что как раз и является миссией моей школы.

Также велась работа и с учителями. Так, в течение учебного года тренерами Центра педагогического мастерства посредством мониторинга были выявлены пробелы в методической компетенции учителей, в основном проблема была в развитии функциональной грамотности, планировании КСП и рефлексии после урока. Учитывая данные мониторинга, наши коллеги проходили стажировку в НИШ, занимались самообразованием, посещали различные курсы, обменивались опытом с коллегами, участвовали в районных и областных семинарах по функциональной грамотности, Lesson Study, цифровизации, подготовке к ЕНТ и МОДО. Это было большим опытом для исследования самих педагогов, они увидели, как готовятся педагоги других школ, районов, научились навыкам саморефлексии, излагать мысли кратко, по структуре, приобрели положительный опыт выступлений.

Я думаю, что систематическое и обязательное взаимопосещение уроков, активное участие во всевозможных методических семинарах и конференциях создали предпосылки для «встряски» педагогов, побудили их активнее заняться самообразованием, в какой-то мере самим стать учителями-новаторами.

Результаты эффективности применения образовательных ресурсов я периодически замечал во время посещения и изучения уроков Lesson Study, по возросшей заинтересованности учеников в обучении и высокой мотивированности заниматься внеклассной и воспитательной работой при помощи специальной аппаратуры, оснащённой ФУРО, по повышению квалификации преподавателей, использованию учащимися различного цифрового контента и т.д.



Сураганов Айдар Аскорович

*Мектеп директоры
Кинорежиссер А. Шәжімбаев атындағы
№ 3 Явленка орта мектебі
Солтүстік Қазақстан облысы,
Есіл ауданы, Явленка селосы
aidar-ainaqul88@mail.ru*

Жаңашыл мектеп – білім сапасының кепілі

Өркениеттің өлшемі де, мемлекеттің келешегі де қашан да қоғамдағы білім деңгейіне тәуелді. Ілім мен ғылым – бұл қоғамдық мүдде. Ұрпақтың жұлдызын жағып, мәртебесін биіктететін де, танымын кеңейтетін де – ұстаз. Ахмет Байтұрсынұлының «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақ» деген сөзі еске түседі. Осы бір аталы ұғым біз үшін әрқашан басты ұстаным болуы шарт. Ал білімнің қайнар көзі – мектеп.

2023–2024 оқу жылы оқушылар, ата-аналар, ұстаздар үшін керемет қуанышты жыл болып басталды. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасына аудан орталығында орналасқан, жерлес ағамыз кинорежиссер Аяған Шәжімбаев атындағы білім ордасы да енді. Жоба арқылы мектебімізге жаңа серпіліс келіп, білім ордасы қайта бой көтергендей болды. Көпшілік қызыға да қызғана да қарады десек артық айтылмаған болар.

Білім алушылардың білім сапасын көтеру және жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңіріп өсіру мақсатында ұжымда 3 бағыт бойынша (мектеп командасы, тәрбие жобалары, магниттік мектептер) жоба жұмысы ұйымдастырылды.

Бірінші топ – «Аналитиктер» тобы педагог-шебер, педагог-зерттеушілер, еңбек өтілі мол, білім беруде озық тәжірибелерімен көзге түскен педагогтер қатарынан құрылса, екінші топ «Тренерлер» тобы деп аталып, түрлі курстар тамамдаған, жаңа, озық технологияларды іс-тәжірибелерінде кеңінен қолданып жүрген педагогтер қатарынан құрылды. Мектебіміздегі жас буын мамандарын алға тарту, әдістемелік көмек көрсету және тиімді тәсілдерді қолдану дағдыларын жетілдіру мақсатында үшінші «Тәлімгерлер» тобы жұмыс жасауда.

Аталған жоба жылдар бойы қалыптасып, атқарылып келе жатқан жұмысымызды оңтайландыруға оң әсер етті. Білім сапасы өткен оқу жылдарымен салыстырғанда біршама жоғарылап, бүгінгі таңда көрсеткіш 52%-ды құрады. Құрылған топтар жұмыстарын сапалы жоспарлап, жұмыс жасауда. Әрбір пән бойынша отырыстарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулардың, тоқсандық жиынтық бағалаудың қорытындысы талқыланып, қол жеткізе алмаған оқу мақсаттарына жеке тоқталып, білім алушылармен қосымша жұмыс жасауға мектебімізде барлық жағдай жасалған. Lesson Study бойынша жұмыс жасап келе жатқан топ сабақтың сапасын жақсартуда жақсы жетістіктерге қол жеткізді.

Ағымдағы жылдың қаңтар айында «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында математика, информатика, физика сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша семинар ұйымдастырылып, аудандық білім бөлімі тарапынан жоғары бағаға ие болды. Наурыз айында Солтүстік Қазақстан облысының «Ауылдық тірек және шағын жинақты мектептерде жекелеген пәндерді оқытудың инновациялық әдістерін енгізу» пилоттық жобасы аясында «Шағын жинақты ауыл мектептеріндегі білім беру процесін цифрландыруда «Microsoft Teams» платформасының мүмкіндіктерін тиімді пайдалану» («Microsoft-Kazakhstan» жобасын масштабтау негізінде) республикалық семинар-практикумы өткізілді. Білім алушылар биіктен көрініп облыстық, республикалық деңгейде жақсы жетістіктерге қол жеткізді. «Театрдың ғажайып әлемі» республикалық фестиваль-конкурсының облыстық кезеңінде мектебіміздің «Мектеп театры және шешендік өнер» үйірмесі гран-при иеленіп, республикалық кезеңге жолдама алды. Үйірме жетекшісі Ф. Т. Мустафина республикалық кезеңге қатысып, сертификат алды. «Шексіз өнер» облыстық фестивалінде 4-сынып оқушысы Баймахан Кәусар «Көркем өнер» номинациясына қатысып, жүлделі I орын иеленді. 3-сынып оқушысы Алпысбай Айзере облыстық фестивальдің «Көркем өнер» номинациясына қатысып, жүлделі II орынды қанжығасына байлады. 8–11 сыныптар арасындағы шығармашыл оқушылар арасындағы «Ақберен» республикалық өнер байқауының облыстық кезеңінде 10-сынып оқушысы Кабдуова Дана I орынды иеленсе, 10-сынып оқушысы Құрманғазы Айбарыс II орын алды, ал 11-сынып оқушысы Мырзахмет Ақботаға III орын бұйырды. Мырзахметова Ақбота республикалық негізгі пәндер бойынша өткен олимпиаданың облыстық кезеңінде қазақ тілі мен әдебиетінен III орын иеленді.

Ғабит Мүсіреповтің 120 жылдығына орай өткізілген «Сұлу сөздің зергері» облыстық байқауының облыстық кезеңі бойынша Балтабай Гүлдана II дәрежелі диплом алды. Жетекшісі: А. Н. Қойшыбаева.

Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына арналған «Мен жастарға сенемін» байқауында Жуматаева Камила I орын иеленді. Жетекшісі: Л. Д. Абылкасова.

7–11 сынып оқушылары арасындағы «Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі мен әдебиеті олимпиадасының облыстық кезеңінде «Жас қаламгер» номинациясы бойынша Жарылқасын Ақниет III дәрежелі дипломға ие болды. Жетекшісі – Қ. Р. Бекенова.

Республикалық «Мақатаев оқуларында» 6-сынып оқушысы Еслямбекова Алина I орын алды. Жетекшісі: М. Ш. Ерманова.

«Ауыл олимпиадасында» орыс тілі мен әдебиеті пәнінен Оразалин Жарас, Кенбай Расул – I орын. Жетекшісі – М. Ш. Ерманова. Математика пәнінен Серкешев Дидар – I орын. Жетекшісі: А. С. Шайхы.

5–6 сынып оқушылары арасындағы пән олимпиадаларының аудандық кезеңінде орыс тілі мен әдебиетінен 5-сынып оқушысы Мейірман Мөлдір I орын алса, облыстық кезеңде III орынды иеленді. Жетекшісі: Ж. А. Рахметова.

Бүгінгі мектеп оқушылары – ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар. Ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің басты көрсеткіші де осылар. Білімнің дамуы – бұл қоғамның алға жылжуы, адамзат өркениетінің өнегелі өлшемі. Ал жаңашыл мектеп – ұрпағымыздың жарқын болашағының кепілі!



Алиева Мереке Кенжетайқызы

*Мектеп директоры
Әшірбек Сығай атындағы
жалпы білім беретін мектеп
Түркістан облысы, Сауран ауданы,
Қазақстанның ХХХ жылдығы ауылы
sauran13mektap@mail.ru*

Тірек мектеп: жайлы жағдай, сапалы білім

«Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға /қазақ жанына/ үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады», – дейді алаш арысы Мағжан Жұмабаев. Ұлт қамын ойлайтын, кемел келешек пен жарқын болашақтың тізгінін ұстар жас шәкіртке дәстүрлі білімнің орнына инновациялық технологиялар негізінде жаңаша білім беру әр ұстазға, әр білім ордасына жүктелген міндет деп ойлаймыз.

Мектебіміз «Қазақстан халқына» қоры, «Білім беру саласын тұрақты дамыту» қоры және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бірлесіп жүзеге асыратын «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасына еніп, материалдық-техникалық тұрғыдан қайта жабдықталды. Атап айтқанда, STEM-зертханасы, арт-студия мен қосымша білім беру кабинеттері ашылып, барлық оқу кабинеттері, кітапхана мен спорт залы заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Қазіргі таңда мектебімізде 673 оқушы білім алуда, оған 115 ұстаз сабақ беруде. Тірек мектептердің әлеуетін арттыру жобасы аясында мектебіміз жаңаша келбетке еніп, оқушыларымыздың сапалы білім алумен қатар шығармашылық қабілеттерін дамытуға керемет мүмкіндік туды.

Жаратылыстану-математикалық бағытындағы пәндер STEM-зертханасында зертханалық жұмыстар жүргізіп, оқушыларымыз робототехника бойынша білімін жетілдіруге мүмкіндік алды.

Назарбаев Зияткерлік мектебі білім беру үдерісіне талдау жүргізіп, мұғалімдердің кәсіби қиындықтары мен педагогикалық қажеттіліктерін анықтады. Соның нәтижесінде мектеп мұғалімдері өңірдегі Түркістан және Шымкент қалаларының Зияткерлік мектебінде тағылымдамадан өтіп, біліктілікті арттыру курстарында әдістемелік қоржындарын тың идеялармен толықтырып отырды.

2023–2024 оқу жылында қараша, ақпан, сәуір айларында мұғалімдеріміз НЗМ педагогтерімен бірлескен сабақтар жүргізіп, олимпиада мен ғылыми-зерттеу жобаларына дайындау бағытында семинар-тренингтер өткізілді. Сондай-ақ сабақты жоспарлау, оқушыларды бағалау бойынша тәжірибе алмасу жүргізіліп, заманауи

зертханаларда жұмыс жасау бойынша кеңес беру алаңдары ұйымдастырылды, сапалы оқу үдерісін ұйымдастыруға қажетті қолдау көрсетілді.


Мектебімізде 4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізіліп, оқушылардың білім сапасына талдау жасалды. Нәтижесінде оқушыларға қиындық тудырған тақырыптар бойынша қайта қосымша сабақтар өткізіліп, сәуір айында оқушылардың оқу жетістіктеріне алынған мониторинг бойынша білім сапасының көтерілгені байқалды.

Мұғалімдеріміз функционалдық сауаттылық бойынша арнайы семинарлар мен практикумдарға қатысып, ББЖМ, PISA бойынша оқушыларды үнемі тестілеуден өткізіп отырды. Сондай-ақ ақпараттық технологияларды сабақ барысында жиі қолданып, сабақтың сапасы көтерілді. Мұғалімнің кәсіби дамуын қамтамасыз ету мақсатында, мектебімізде желілік қоғамдастық құрылды. Жақын орналасқан мектептермен, атап айтар болсақ, Түркістан қаласындағы НЗМ, Облыстық әдістемелік орталық, № 28 мектеп, Т. Айтжанов атындағы мектеппен және Молда Мұса атындағы мектеппен желілік қоғамдастық құрылып, бірлесіп жұмыс атқарудамыз. Мектебіміздің желілік жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізіліп, мұғалімдер Педагогикалық шеберлік орталығының portal.kz порталында өз тәжірибелерімен бөлісіп отырады.

2023–2024 оқу жылында оқушыларымыз бен мұғалімдеріміз біршама жетістікке жетті. Атап айтқанда, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Бабалар салған ізбенен» іс-шарасын іске асыру мақсатында «Дала данышпандары» республикалық байқауының ғылыми жоба номинациясы бойынша мектебіміздің 11-сынып оқушысы Дадаханов Мансур жүлделі ІІ орынмен марапатталды. Жетекшісі: Мереке Алиева. Мектебіміздегі қазақ тілі бірлестігінің ұйымдастыруымен «Аралас мектептерде мемлекеттік тілдің оқытылу сапасын жетілдіру» жобасы аясында «Сабақты тиімді жоспарлау және оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері» тақырыбында республикалық семинар өткізілді. 9-сынып оқушысы Пазылакова Мадина «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты республикалық конференцияға шақырту алды. Жетекшісі: Юсупова Уғилжан. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінен информатика пәні бойынша 7-сынып оқушысы Усанова Шохсанам арнайы алғыс хатқа ие болса, ұстаздар арасындағы «Үздік ІТ турнир» байқауының облыстық кезеңінен информатика пәні мұғалімі Гульмира Ерниязова жүлделі ІІІ орынды еншіледі. Математика пәні мұғалімі Ардақ Жәнібекова «Педагогикалық идеялар фестивалі» байқауының облыстық кезеңіне қатысып, жүлделі І орынды иеленді.

Алдағы уақытта НЗМ мектептерімен әдістемелік жұмыстар ары қарай жанданып, өз жалғасын табады деген сенімдеміз.





Апекова Калзат Жусипбековна

*Мектеп директоры
Садық Әбдіжаппаров атындағы
жалпы білім беретін мектеп-интернаты
Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Шаян ауылы
apekova67@inbox.ru*

Қарапайым ауыл мектебі – заманауи білім ордасы

Әрбір елдің өркендеуі де, тұғырының берік болуы да білімге келіп тіреледі. Егемендік алған тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениетке жетудегі бірден-бір дара жолы – білім жүйесі. Оқушыларымыздың жетістікке қол жеткізіп, түрлі байқауларда, білім бәйгелерінде биіктерді бағындыруы сол мұраттарға жету жолындағы алғашқы қадам.

Шәкірт жетістігі мектептің, ұстаздың, тіпті елдің абыройы екені анық. Осы тұрғыда мектеп оқушылары түрлі сайыстарда өздерінің білімділігін көрсетіп келеді. Атап айтқанда, биылғы 2023–2024 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша 5–6 сынып оқушыларының облыстық олимпиадасына 3 оқушы қатысып, 2 оқушы жүлделі орын, 7–8 сыныптар бойынша 3 оқушы қатысып, 2 оқушы жүлделі орын, 9–11 сыныптар бойынша облыстық кезеңіне 5 оқушы қатысып, 4 оқушы жүлделі орынға ие болды. «Ауыл олимпиадасының» облыстық кезеңінде 6 оқушы – I орын, 7 оқушы – II орын, 8 оқушы III орын алса, 1 оқушы (Ержігіт Нұрилла, химия пәні, жетекшісі: Ұ. Қалдыбаева) республикалық кезеңде I орын иеленді. «Алтын түлек-2024» 10–11 сыныптарға арналған пәндік олимпиадан 1 оқушы (Жүнісбек Қасымжомарт, математика пәні, жетекшісі: Г. Омарова) республикалық кезеңде II орын иеленді. 2–7 сынып оқушылары арасындағы «Зерде» зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстар конкурсының аудандық кезеңінен 2 оқушы – I орын, 4 оқушы II орын алса, 1 оқушы алғыс хатпен марапатталды. 9–11 сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар байқауының аудандық кезеңінен 1 оқушы – I орын, 1 оқушы – II орын, 3 оқушы III орын иеленіп, 1 оқушы алғыс хатпен марапатталды. Кіші ғылым академиясының облыстық сырттай байқауынан 3 оқушы – I орын, 1 оқушы – II орын, 7 оқушы III орын алды. Бұдан басқа да түрлі халықаралық, республикалық деңгейдегі байқауларда жеткен жетістіктеріміз көп.


Қазір ауыл мектебі мен қала мектебінің арасындағы алшақтық басты проблемаға айналған. Бұл тек материалдық-техникалық базамен ғана шектелмейді. «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында мектебімізде STEM-зертханасы, робототехника, интеллектум, химия, биология, физика, теле-студия, арт-студия т.б. пән кабинеттері жабдықталып, заманауи құрылғылармен толықтырылды. Педагогикалық ұжым мүшелерінің кәсіби дамуы мен шығармашылық әлеуетін көтеру мақсатында Шымкент қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімдері мен мектеп ұстаздары арасында тәжірибе алмасу дәстүрге айналды. Бірнеше ұстаз аталған мектепке барып, қала

мектебінің тыныс-тіршілігімен танысып, тәжірибе жинап қайтты. Сапалы білім беруде мектептің материалдық-техникалық базасының рөлі айрықша. Мектебіміздің осындай материалдық базамен жабдықталуы түрлі бағыттағы облыстық семинарлар өткізуге жол ашты.

2023–2024 оқу жылында мектепте көркем еңбек, биология, математика, тәрбие ісі бойынша облыстық семинарлар өткізілді. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болуға қажетті дағдыларды дарыту үшін, әрбір мұғалім оқушыны жеке тұлға ретінде жетілдіруге, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасауы қажет. Семинар барысында ұсынылған оқытудың жаңашыл, тиімді деп табылған әдістері көрініс тапқан заманауи сабақ үлгілерінің мұғалім тәжірибесін жетілдіруге ықпалы зор болды.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы тарапынан 4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізіліп, оның нәтижелерімен жасалған жұмыс оқыту мен оқу сапасына оң ықпал етті, білім алушылардың өз әрекетін бақылау және бағалай білу, функционалдық сауаттылығын және кең спектрлі дағдыларын қалыптастырудағы оқыту процесінде туындайтын қиындықтардың себептерін анықтау және жоя білу қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Аталған мониторинг нәтижелері туралы ақпарат білім алушыларға, ата-аналарға немесе баланың заңды өкілдеріне қағаз немесе электронды түрде берілді.

Жаңа оқу жылы да көптеген жаңалықпен басталғалы тұр. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес, жас ұрпақты тәрбиелеуді құндылыққа бағдарланған тәсіл арқылы іске асыру көзделген. Осы бағытта бірнеше жобамен жұмыс істеуді жоспарлап отырмыз.





Арипбеков Адилхан Асылханович

Мектеп директоры

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы

№ 4 лицей-интернат

Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылы

a.aripbekov@bk.ru

Білім – ырыстың тізгіні

Мағжан ақын «Қазақтың қаны да, жаны да бір, жолбасшысы – мұғалім, сол жолбасшылық жолда өзімді көшбасшы сезінемін» деген қанатты сөзінде жолбасшылық пен көшбасшылықты қолға алған адам немқұрайлы қарамау керектігін меңзейді-ау! Ұрпағының тәлімі мен біліміне ыждаһаттылықпен қараған ақынымның сезімінен айналдым. Ақын нұсқаған қос ұғым мені де селт еткізіп, ұжымымның көшбасшысы ретінде жауапкершілік жүгін сезіндірері анық. «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы аясында болашақ ұрпақтың заманға сай тәлім-тәрбие алуына жасалған қамқорлық дер кезінде қолға алынған игі іс деп білемін. Бұл менің де басшы әрі педагог ретіндегі жолымды саралап, өз қызметіме сырт көзбен қарауыма, ой елегінен өткізуіме түрткі болды.

2019–2022 оқу жылында ұстаздарымыз бен оқушыларымыз білім мен тәрбие саласындағы түрлі байқаулар мен олимпиадаларда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, мен басқаратын Ө. Жәнібеков атындағы № 4 лицей-интернаты «Үздік мектеп» номинациясын иеленді және облыстық «Үздік ресурстық орталық» байқауының жеңімпазы атанды. 2022 жылы мектебіміз «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасына қатысушы мектептердің бірі болып іріктелді.

Аталған жобаның мақсаты – еліміздегі ең үздік мектептермен тығыз серіктестік орнатып, ауыл мектептерінің тиімділігін арттыру. Сондай-ақ кәсіби білім беру саласында тең жағдай жасау арқылы қала мен ауыл арасындағы білім сапасының алшақтығын азайтуға көмектесу, педагогтердің кәсіби шеберлігі мен шығармашылығын шыңдау.

Жоба аясында мектебіміздегі 18 кабинетке интерактивті LED-панельдер орнатылды, үстелдер мен орындықтар жаңартылды. Химия, биология, физика, география, екі IT сыныптары қажетті құрылғылармен толықтырылып, заманауи стандарттарға сай жабдықталды. Бұдан бөлек, ұлдар және қыздар шеберханасы, кітапхана, STEM-зертханасы, информатика, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен ағылшын тілі сыныптары да заманауи жабдықтармен жасақталды. Сонымен қатар арт-студия, сурет салу, домбыра, шахмат, тоғызқұмалақтан қосымша үйірмелер іске қосылды.

2022–2023 оқу жылында «Алтын белгі» иегерлері – 10 оқушы, «Үздік аттестат» иегерлері – 12 оқушы. Бұл – өңірімізге үлгі боларлық көрсеткіш. Бітіруші қарлығаштарымыз білімдегі ізденістерін дәлелдеп, ең айтулы деген оқу орындарына мемлекеттік грант ұтып алды. Әріптесіміз Б. Кәдірбек «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт»

кітапхана жобасына қатысып, облыстық деңгейде марапатқа лайық деп танылды. Математика, биология, информатика пәні мұғалімдері А. Мылтықбаева, А. Молбаева, Н. Әуелбекұлы «Ұлт келбеті – жас маман» форумына қатысып, облыстық марапатты иеленді. «Мағжан оқулары» байқауының аудандық, облыстық кезеңдерінде 8-сынып оқушысы Б. Мұсаханұлы бас жүлдені еншілеп, республикалық кезеңнен алғыс хатпен оралды. Президенттік олимпиаданың аудандық, облыстық кезеңінде оқушымыз А. Қалдыбай жүлдегер атанып, «Зерде», «IQANAT» олимпиадасында бірнеше оқушы, 5–6 сынып оқушылары арасындағы республикалық пәндік олимпиадада 12 оқушымыз жүлдегер атанса, «Күлтегін» зияткерлік сайысында Ұ. Пернеш бас жүлде (300 мың теңге) иеленді. «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық, облыстық кезеңдерінен I орынмен оралған 5-сынып оқушысы Бектас Хамза ұстаздарын қуанышқа бөледі. Облыстық кезеңде құқықтану, математика, физика, биология пәндерінен топ жарған жүлдегерлер: Ш. Қашқынбай, Н. Қалаш, Ж. Әбдірахман, Г. Қалдыбай, А. Әсілхан. Шәкірттеріміздің жүлдегер атануы білім сапасының көтерілгенін аңғартты. Бітіруші түлегіміз Қалаш Нұртөре Әл-Фараби атындағы халықаралық олимпиадада топ жарып, мемлекеттік грантты жеңіп алды. «Білім – ырыс қазығы» демей ме қазағым. Мектебіміздің ырысты, несібелі, мақтаулы болуы ұжымның жетістікке жетуді мақсат бір адамдай етуінен деп ойлаймын.

Ойымды қорыта келе, ауыл мектебімен тығыз серіктестік құрып, кәсіби дамуымызға жаңа қарқын берген жобаға алғыс білдіремін. Адамзат баласына ұстаздық етіп, білім үйреткеннен артық бақыт жоқ дегім келеді.





Ашекова Дамеш Абеновна

Мектеп директоры

Амангелді Иманов атындағы

жалпы білім беретін мектеп

Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан ауылы

ashekova1968@mail.ru

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы – білім сапасын көтерудің бірден-бір кепілі

Кез келген қоғамда өскелең ұрпақтың білім деңгейі мен білім сапасына, тәрбиесіне қатысты мәселелер ешқашан да өзектілігін жоймаған. Өйткені желкілдеп өсіп келе жатқан жас жеткіншектердің бүгінгі алған білімі ертеңгі ел игілігіне қызмет ететіні ақиқат. Білім – бүтін бір ұлттың болашағын жарқын ететін қуатты құрал. Республика бойынша 7500-ден астам білім ошағы болатын болса, соның 6 мыңға жуығы ауыл мектептері. Адами капиталдың негізі білімде екені даусыз. Ал білімде жаңа серпіліс, оң өзгерістер болмаса инновациялық даму нәтижелі болмайды. Сондықтан да бүгінгі таңда ауыл мектептерінің білім сапасын, деңгейін көтеру өте маңызды. Егеменді еліміздің президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев білім бөлімдеріне ауыл мектептерінің әлеуетін көтеруге ерекше көңіл бөліп, заманауи құрал-жабдықтармен жабдықтау, мұғалімдердің құзыреттілігін арттыру бағытында жұмыс жасауды тапсырып отыр. Осы орайда «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы іске қосылды. Аталған жобаға «Білім беру саласын тұрақты дамыту» қоғамдық қоры, «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры серіктес болып, ауыл мектептеріндегі білім сапасын арттыру бағытында қаржылай қолдау көрсетіп отыр.

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасының мақсаты – еліміздің ең мықты мектептерімен тығыз серіктестік құрғызу арқылы ауыл мектептерінің білім сапасын арттыру. Сонымен қатар ауыл мектептерін материалдық-техникалық құралдармен жабдықтап, мұғалімдердің біліктілігін арттыруға жағдай жасау. Ауылдық мектептердің білім сапасын көтеруде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ үлкен қолдау көрсетіп отырғанын тілге тиек еткім келеді.

Биылғы 2023–2024 оқу жылында Түркістан облысы Ордабасы ауданы Амангелді Иманов атындағы жалпы білім беретін мектеп «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасына енді. Қыркүйек айында «Амангелді Иманов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен «Қазақстан халқына» қайырымдылық қоры келісімшартқа қол қойды. Нәтижесінде жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша физика, химия, биология пәндері зертханалары, STEM-зертханасы, көркем еңбек (ұлдарға және қыздарға) кабинеті, кітапхана, акт залы, фойе жабдықталды, сондай-ақ дене шынықтыру пәніне арналған спорттық құралдар қамтамасыз етілді.

Биылғы оқу жылының қыркүйек айында мектебімізге Назарбаев Зияткерлік мектебінің директоры мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасары арнайы ат басын бұрып,

мектептің жай-күйімен танысты. Назарбаев Зияткерлік мектебінің тарих, ағылшын тілі және жаратылыстану пәндерінің мұғалімдері аталған пәндер бойынша семинар өткізді. Семинар соңында әдістемелік бірлестік жетекшілері мен бірлестік мүшелері тиімді жұмыс жүргізу жолдары бойынша тәжірибе алмасты. Жоба аясында мектеп мұғалімдері НЗМ мектептерінің тәжірибесін тарату мақсатында бірқатар конференциялар мен семинарлар өткізді.

Мектеп директоры, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары және жаратылыстану бағыты бойынша екі мұғалім Астана қаласында қараша айының басында өткен «Ауыл мектебінің өркендеуі – қоғам игілігінің кепілі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып, сертификат иеленді. Мектеп директоры Астана, Алматы қалаларында өткен «Кез келген уақытта және кез келген жерде бәріне бірдей қол жетімді» атты халықаралық конференцияға қатысып, тәжірибе алмасты. Сонымен қатар Түркістан қаласында НЗМ мұғалімдері «Химия пәні аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбында семинар өткізді. Семинар барысында химия пәні бойынша құбылыстар ғылыми тұрғыдан түсіндірілді, ғылыми жаратылыстану зерттеулерінің ерекшеліктері және қолданылатын әдістер туралы деректер ұсынылды, ғылыми дәлелдерді қолдану бойынша тың ақпараттар беріліп, таныстырылым жасалды. Зертханалық жұмыстар көрестіліп, ҚМЖ жоспарларда функционалдық сауаттылық тапсырмаларын қамту қажеттілігі айтылды. Білім сапасын арттыру мақсатында жүргізіліп жатқан игі іс-шаралардан мектебіміздің оқушылары да шет қалған жоқ.

2023 жылғы желтоқсан айының басында өткен «Код сағаты» бүкіләлемдік акциясына мектебіміздің оқушылары үн қосты. Сонымен қатар НЗМ мұғалімдері мен оқушылары тәжірибе алмасу мақсатында мектебімізге арнайы келді. Халқымызда «жүз рет естігенше, бір рет көр» деген нақыл бар. Мектеп оқушылары НЗМ оқушылары өткізген тәжірибе жұмыстарын көзбен көріп, өз қарым-қабілеттерін сынап, сертификаттармен марапатталды.

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында Назарбаев Зияткерлік мектебі мұғалімдерімен жүргізілген жұмыстардың барлығы да өз нәтижесін беріп жатыр.

Мұғалімнің кәсіби дамуына қолдау көрсету – педагог мәртебесін көтерудің бір сатысы екені ақиқат. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық сенім кеңесінің үшінші отырысында ауыл мен қала мектептерінің болашағы туралы: «Келесі бір маңызды міндет – қалалық және ауылдық мектептер арасындағы алшақтықты азайту. PISA (Халықаралық оқушы қабілетін бағалау бағдарламасы) мәліметтері бойынша қазір арадағы алшақтық 1,5 жылды құрайды. Балалардың барлығы тұрғылықты жеріне немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан сапалы білімге қол жеткізуі керек», – деген еді. Олай болса, «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы – білім сапасын көтерудің бірден-бір кепілі. XXI ғасыр басындағы жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды ертеңгі нұрлы болашаққа, кемел келешекке апаратын жол – сапалы білім. Ендеше сапалы білім беру жолында табандылық танытып, Отанымыздың тәуелсіздік тұғырынан таймауы үшін келешегіміздің кемелденуіне үлес қоса берейік!



Орынбаев Жамбыл Әзімханұлы

*Мектеп директоры
№ 7 ІТ мектеп-лицейі
Түркістан облысы,
Төле би ауданы, Леңгір қаласы
7.shkola.10@mail.ru*

Мектептің материалдық-техникалық базасын жаңарту – білім сапасын арттырудың кепілі

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы – ауыл мектептеріндегі оқыту сапасын арттыруға ықпал ететін және педагогтердің үздіксіз дамуына жағдай жасайтын бірден-бір кешенді бағдарлама болып табылады.

Қазіргі таңда мектебімізге Назарбаев Зияткерлік мектептерінің стандартына сай соңғы үлгідегі жиһаз бен жабдықтар жиынтығы, оқытудың техникалық құралдары, сәндік-көркемдік бұйымдар, баспа құралдары, панельдер, моноблоктар т.б. пайдалануға берілді. Мұндай жабдықтандыру ұстаздар мен оқушылардың игілігіне жарап тұр. Қазір сабақтарымыз интерактивті панельдер, жаңа құрылғылар мен көрнекі материалдарды қолдана отырып жүргізіледі, бұл білім алушы шәкірттеріміздің күнделікті сабаққа деген қызығушылығы мен ынтасын одан сайын арттыруда.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы мектептегі білім беру ортасы мен оқыту сапасына талдау жүргізу мақсатында мектебіміздегі 4 және 8-сынып оқушыларының оқу нәтижелерінің мониторингін жүргізді. Осы үдеріске қатысқан әрбір оқушының қорытынды нәтижелері сараланып талданды. Мониторинг нәтижесінде толық меңгерілген және қиындық тудыратын тақырыптар анықталып, осы бағыттар бойынша қосымша жұмыстар жүргізілді. Оның өзі әрбір пән бойынша қосымша оқыту сапасын арттыруға оң әсер етуде. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның жоба аясында жүзеге асырып жатқан әдістемелік қолдауы пән мұғалімдерінің де функционалдық сауаттылығын дамытуға, пән бойынша пәндік дағдыларды дамытуға бағытталған оқу мақсаттарын жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін меңгерулеріне оң ықпал ететіні сөзсіз. Зертханалық және пәндік кабинеттерді пайдалану, тәжірибе жұмыстарын ұйымдастыру бойынша өткізілген семинарлар да ұстаздардың жұмысын оңтайландырды.

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында мектептер арасында кіріктірілген сабақтар мен шеберлік сабақтары өткізілді. Бұл сабақтардың ұтымды тұстарына мұғалім сабағының талданбауын, тек бағыт-бағдар беріліп, әдіс-тәсілдердің көрсетілуін және жоспарды бірлесе құруды жатқызуға болады. Бұл, әрине, мұғалімдердің қызығушылығын оятып, үздіксіз білім алуына жол ашады.

Мектеп оқушыларының биылғы жылғы жетістіктеріне тоқталар болсақ, шәкірттеріміз аудандық және облыстық ғылыми жоба сайыстарынан, пән олимпиадаларынан, робототехника және көркем сөз сайыстарынан облыс көлемінде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуде.

Қорытындылай келе, еліміздің жарқын болашағы білімді, жан-жақты тәрбие алған ұрпақтың қолында екенін атап өткім келеді. Бүгінгі таңда бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан біздің мақсат – білімді, озық ойлы азаматтарды тәрбиелеу. Адам капиталын дамытудың негізі болып саналатын білім саласындағы бұл жұмыстардың барлығы еліміздің ертеңі – балалар үшін жасалып отырған игі амал.



Сағындықов Әуесхан Әлкенұлы

Мектеп директоры

Асқар Сүлейменов атындағы

жалпы білім беретін мектеп

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы

872546@mail.ru

Ауыл мектептерін қолдау – басты назарда

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы – педагогтердің кәсіби дамуы мен ауыл мектептерін материалдық-техникалық жабдықтауға жасалған зор мүмкіндік. Осы мүмкіндікке ие болған Түркістан облысы Созақ ауданындағы А. Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектептің бүгінгі тыныс-тіршілігі көз қуантады. Педагогтердің кәсіби дамуы мен мектептерді материалдық-техникалық қамсыздандыру арқылы оқушылардың білім сапасының артуына ықпал жасау – кезек күттірмейтін мәселе. Бұл тұрғыда біздің де білім ордамыз назардан тыс қалмады.

Аталған білім ордасының соңғы үлгіде жабдықталуы баршамызды қуантқаны рас. Мектеп парталары мен орындықтар, панельдер, шкафтар, моноблоктар, принтерлер, зертханалық жабдықтар жаңартылды, атап айтсақ, химия, биология, физика кабинеттері, STEM-зертханасы заман талабына сай жабдықталды. Сонымен қатар заманауи үлгіде робототехника, арт-студия, телестудия, интеллектум кабинеттері іске қосылды. Акт залы мен мәжіліс залы жабдықталып, пайдалануға берілді. Барлық құрал-жабдықтар оқу үдерісіне кедергі келтірместен кезең-кезеңімен орнатылып, іске қосылды. Мектепте материалдық құндылықтардың қолжетімді болуының арқасында мектеп мұғалімдерінің АКТ құзыреттіліктері дами түсті, білім алушы шәкірттеріміздің күнделікті сабаққа қажетті құрал-жабдықтарды қолдану мүмкіндігі олардың сабаққа деген қызығушылығы мен ынтасын арттырды. Бұл бізге ғылым мен техника дамыған заманда білім ордамыздың көштен қалмауы үшін жасалған жағдайды білім беру сапасын арттыру жолында оңынан пайдалану міндетін жүктейді.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Білім беру саласын тұрақты дамыту» қоғамдық қоры және «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен бірлесіп қолға алған аталмыш жоба ауылдық мектептердің білім беру стандарттарын арттыруға деген ұмтылысын қолдай отырып, өңірлердегі білім беру әлеуетін нығайтуға елеулі үлес

қосып келеді. Жобаға қатысушы тірек мектеп ретінде біздің де серіктес мектептермен бірлесіп жасап жатқан жұмыстарымыз сан алуан. Әрбір пән бойынша пәндік дағдыларды дамытуға бағытталған оқу мақсаттарын жүзеге асыру әдістері мен тәсілдеріне, оқушылардың зерттеу дағдылары мен функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған семинарларлардың мектебіміздегі оқыту мен оқудың сапасына тигізген әсері зор. «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында Назарбаев Зияткерлік мектебі мұғалімдерінің әдістемелік қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырған семинарлардың бірінде пән мұғалімдері қоғамдық-гуманитарлық, математикалық-жаратылыстану бағыттағы ашық сабақтар өткізді, педагогикалық идеялар талқыланып, ортаға ұсынылды. НЗМ мамандарының ұсыныстары мен пікірлерін ескеріп, қолдауларына ұжым болып ризашылық таныттық. Бұл, әрине, біліктілік пен жауапкершілікті қажет ететін маңызды семинарлардың бірі еді. Осындай семинарларға қатысу мұғалімдеріміздің шабытын еселеп, жігерін жаныды. Мұғалімдерімізге жан-жақты қолдау көрсетілді.

4 және 9-сынып білім алушыларының оқу жетістіктері де айтарлықтай жақсы нәтиже көрсетті. Білім алушылардың оқу сапасының жоғары болғандығы біздің педагогтеріміздің кәсіби дамуының арқасы деп нық сеніммен айта аламын. Мұғалімнің кәсіби дамуы тынымсыз ізденісті талап етеді. Осы орайда 4-сынып пен 9-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерінің көрсеткіші сол үздіксіз ізденісте жүріп, сапалы білім беруді мақсат еткен мұғалімдеріміздің еңбегі деп білемін.

Зияткерлік мектептер ұйымдастырған тағылымдамалардан кейін айтарлықтай нәтижелерге қол жеткіздік. Шәкірттеріміз пәндік олимпиадалар мен байқауларда өз бақтарын сынап, білімнің биік шыңынан көрініп, жоғары көрсеткіштерге ие болды. Биылғы оқу жылының ерекшелігі де осы.

Қорытындылай келе айтарым, еліміздің ең мықты мектептерімен тығыз серіктестік құру – ауыл мектептерін дамытудың тиімділігін арттырудың кепілі. Сондай-ақ аумақтық және әлеуметтік-экономикалық сипаттамалар бойынша білім сапасын арттыру мен материалдық-техникалық жарақтандыру және мұғалімдердің біліктілігін арттыруға жағдай жасау – қазіргі білім беру мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін ең тиімді жол. Бұл істер әлі де жалғасын таба бермек.





Сулейменов Сакен Бекболатович

Мектеп директоры

Б. Момышұлы атындағы № 12

жалпы білім беретін мектеп

Түркістан облысы, Кентау қаласы

saken_suleimenov1969@mail.ru

Сапалы білім – болашағымыздың кепілі

Білімді ұрпақ – еліміздің болашағы, ертеңі. Сол жастардың сапалы білім алып, тәрбиелі, парасатты азамат болып қалыптасуына қоғамның, оның ішінде ұстаздардың ықпалы зор. «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы аясында Кентау қаласындағы Б. Момышұлы атындағы № 12 жалпы білім беретін мектеп тірек мектептердің қатарына енді. Түркістан қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі мен Б. Момышұлы атындағы № 12 жалпы білім беретін мектептің бірлескен қызметінің нәтижесінде біршама жұмыстар атқарылды.

«Мұғалім көп әдісті білуге тырысу керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», – деп А. Байтұрсынов айтқандай, НЗМ мұғалімдері мен ұстаздарымыздың бірлескен сабақтары мен семинарларының нәтижесінде мұғалімдер оқу-тәрбие процесін нәтижелі ұйымдастыруды, күнделікті сабақ барысында пәндердің ерекшелігіне орай түрлі платформаларды тиімді пайдалануды үйренді. Оқушыларды дамыту бағытында физика, химия, биология, STEM-кабинеттеріндегі құралдарды пайдаланып, зертханалық жұмыстар жүргізудің тиімділігін көрді.

2023 жылғы 10 қазанда өткен «Сабақты тиімді жоспарлау және оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері» тақырыбындағы тағылымдамаға 17 мұғалім, педагог-психологтар мен кітапханашылар қатысты. 2023 жылғы 14–15 қазан күндері 14 пән бойынша 48 мұғалім Түркістан қаласындағы химия-биология бағытындағы НЗМ-да білімін жетілдірді. 2024 жылғы 8 ақпанда 13 мұғаліміміз Түркістан қаласындағы НЗМ-да өткен «Сабақта цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану» тақырыбындағы тағылымдамаға қатысты.

2023 жылғы 20 қарашада «Сабақтағы критериалды бағалауды ұйымдастыру және жүргізу» тақырыбы бойынша тірек мектеп мұғалімдері мен НЗМ мұғалімдерінің бірлескен ашық сабақтары мен тренингтертері жоғары деңгейде өтті. 2024 жылғы 9 сәуірде «Зертханалық жұмыстар және оқушыларға кері байланыс беру» тақырыбында зертханалық құралдарды тиімді пайдалану жолдарын түсіндіру және оларды қолдану мақсатында өткен әдістемелік күн ұстаздарымызға ерекше шабыт берді.

Білім алушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, шығармашылықпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Телестудия», «Интеллектум», «Робототехника» кабинеттері ашылып, оқушылармен жүйелі жұмыстар жүргізілді. Бұл оқушылардың креативті ойлау дағдыларын жетілдіру, өзін-өзі қалыптастыру,

ғылымға деген құштарлығын арттыру бойынша түрлі жұмыстар ұйымдастыруға жол ашты.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалының ұйымдастыруымен 4 және 8-сынып оқушыларының біліміне мониторинг жүргізілді. Қазан айындағы алынған бақылау тестінің нәтижесіне пән мұғалімдері талдаулар жүргізді. Сәуір айында екінші рет алынған бақылау нәтижесі талданып, бірінші бақылау жұмысымен салыстырылды. Әрбір пән бойынша жүргізілген тақырыптық талдаулармен жасалған жұмыс оқушылардың білім сапасына оң әсерін тигізіп, мұғалімдердің жоспарлы жұмыс жасауына мүмкіндік туғызды.

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана нәрсе емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» деп Ж. Аймауытов айтқандай, жаңалыққа жаны құмар ұстаздарымыздың құзыреттілігі мен АКТ пайдаланудағы шеберліктері артты. Жаңашылдыққа ұмтылған ұстаздарымыз даму жолындағы нық бағытынан таймақ емес.





Айтжанова Айзада Халыковна

*Директордың міндетін атқарушы
Б. Аманбеков атындағы тірек мектебі
(ресурстық орталық)
Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы,
Жаңаарқа ауылы
zhnr-mekteramalbekov@mail.ru*

Бірлескен жұмыс шеберлікті шыңдайды

Ауыл мектептерінің білім сапасын көтеруде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы «Қазақстан халқына» қоры және «Білім саласын тұрақты дамыту» қорымен бірлесіп жүзеге асыратын «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасының маңызы зор. Аталған жоба мектебімізге де оң ықпалын тигізіп келеді.

Мектебімізде 4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу біздің мектептің оқыту мен оқу сапасына өте тиімді әсер етті, себебі тоқсан сайын 4-сыныптарда жаратылыстану, қазақ тілі және математика пәндерінен және 8-сыныптарда ағылшын тілі, биология, қазақ тілі, математика, орыс тілі мен әдебиеті, физика және химия пәндерінен берілген тақырыптар бағалау критерийлері мен тексерілетін дағдылардың нәтижелері бойынша әр мұғалім әр оқушымен осы пәндер бойынша тарау-тарауға талдау жасап, олқылықтарды жоюға жақсы мүмкіндік алды. Мектеп мұғалімдері мен оқушыларының әр тақырып бойынша жіберілген қателерді қарастыруына жол ашылды. Алдағы уақытта осы тест әр тоқсан сайын білім сапасының нақты көрсеткішін анықтауға, оқушылардың білім сапасындағы алшақтықты жоюға және оқушылардың осы пәндерден білім сапасын арттыруға мүмкіндік берері анық. Мұндай жұмыстар алдағы уақытта да жүргізілсе екен деген ұсынысымыз бар.

К. Д. Ушинский айтқандай, «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады». Иә, мұғалім білім деңгейін көтеріп, сапалы білім арқылы саналы да саламатты ұрпақ қалыптастыруды мақсат тұтады. Осы тұста 2023 жылғы қараша айында біздің әріптестерімізді қолдау мақсатында НЗМ командасы келіп өткізген оқыту семинары үлкен тәжірибе болды. Алдымен жаратылыстану пәндері бойынша зертханалық жұмыстарды оңтайлы ұйымдастыру бойынша әдістемелік көмек ұсынылды. Қазіргі таңда оқушылар тіршілік иелерін микроскоп арқылы көріп, зерттеп білуге арналған микропрепараттарды, өсімдіктің құрылысын игеруге арналған муляждар мен тұқымдастарды толық қамтитын гербарийлерді, адам қаңқасының құрылысын, сезім мүшелерінің макеттерін қолдануда. Химия, физика,

география пәндері кабинеттерінде, STEM-зертханасында көптеген зертханалық жұмыстарды орындайтын құрал-жабдықтар бар.

Бұған қоса, мектебіміздің педагогтері электрондық кітапханаға қатысты және робототехника үйірмесінің шеңберінде туындаған сұрақтарына жауап алды.


НЗМ командасы оқушыларымыздың ғылыми жобалар жәрмеңкесін тамашалап, оқушылар мен мұғалімдерге зерттеу дағдыларын дамытудың тиімді тәсілдері жөнінде өз ойларын ортаға салды. Lesson study бойынша зерттеу жұмыстарына талдау жасап, білім ұясының әлеуетін дамыту жайында пікірлерін білдірді. Екі мектеп мұғалімдері кәсіби ашық диалог құрып, тәжірибе алмасты.

2023–2024 оқу жылында биология пәні бойынша білім сапасы көтерілді. Түрлі деңгейдегі ғылыми жобаларға, олимпиадаларға қатысып, оқушыларымыз жұлдегер атанды.

Жалпы біз Назарбаев Зияткерлік мектептері желісінің білім беру жүйесіндегі үздік тәжірибені өз игілігімізге жаратып, ол тәжірибені тарата алдық. Биылғы оқу жылында мектебіміз аудан көлемінде екі семинар өткізді, біреуі – химия және биология пәндерінен, екіншісі – география пәнінен. Ол семинарлардың сәтті өтуі аудан мұғалімдеріне оқыту пәндерінің жаңа заманауи аспектілері мен мүмкіндіктерін көрсетуден деп білеміз. Бұл да осы жоба аясында жинақтаған тәжірибенің нәтижесі.

Кемел келешекке үлескер бірден-бір тұлға – ұстаз десек, біздің мұғалімдер білімдерін толықтырып, бірге дамуы тиіс. Аталған жоба оң нәтижесін беріп жатыр. Алдағы уақытта өзге де өнегелі істер жалғасын табарына кәміл сенеміз.





Тулегенова Жанар Бейсеновна

Мектеп директоры

№ 1 тірек мектебі (ресурстық орталық)

Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау ауылы

ulyt-sch1@edu.kz

Мұғалімнің еңбегі – оқушының жетістігі

Мектеп – білім алудың, тұлғалық қалыптасудың және болашаққа дайындықтың негізгі кезеңі. Өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беру жолында өз қызметін заман талабына сай ғылыммен ұштастыра білетін, оқыту мен тәрбие берудің әдістемелерін жетілдіру, дамыту мақсатында жан-жақты ғылыми ізденісте жүрген ұлағатты ұстаздарымыз баршылық. Осындай мұғалімдерден тәлім алған шәкірттердің халықаралық, республикалық және облыстық білім сайыстары мен пәндік олимпиадаларда, шығармашылық байқауларда үздік жетістіктерге қол жеткізіп жүргені осының айғағы. Себебі мұндай білім додаларында білімнің өзектілігі, жаңашылдығы мен заманға сай болуы сыналады.

Соңғы жылдары жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанып, мектебіміздің мерейін асқақтатып жүрген мұғалімдеріміз бен оқушыларымызға ерекше тоқталғанымыз жөн. Атап айтқанда, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінен мектебіміз «Үздік олимпиадалық команда – 2024» атағына алып, I дәрежелі диплом иеленсе, жаратылыстану-математикалық бағыттағы республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінен «Үздік олимпиадалық команда – 2024» атағы мен II дәрежелі дипломды еншіледі, ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде «Үздік олимпиадалық команда – 2024» атағына ие болып, II дәрежелі дипломмен марапатталды. «Табысты мектеп – командалық жұмыстың нәтижесі» тақырыбындағы Ш. Бейсенбекова атындағы IV облыстық педагогикалық байқауында мектебіміз «Lesson Study әдісін мектеп тәжірибесінде қолдану тиімділігі» бағыты бойынша II дәрежелі дипломмен марапатталды.

Оқушыларымыздың жетістіктеріне тоқталатын болсақ, облыстық пән олимпиадасында Қазақстан тарихы пәнінен Е. Обайдуллина – I орын, А. Маманова II орын алса, «Яссауитану» байқауының облыстық кезеңінде Г. Абишева – I орын, осы байқаудың республикалық кезеңінде II орын иеленді, жетекшісі Г. Ж. Асанханова. Облыстық пән олимпиадасындағы көрсеткіштер: Қазақстан тарихы пәнінен А. Майтон I орын, жетекшісі Г. М. Дүкенбаева; химия пәнінен Н. Серік II орын, жетекшісі А. Т. Искакова; биология пәнінен А. Еркегулова II орын, жетекшісі А. С. Бимағанбет. Математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының облыстық кезеңінде А. Құрманғали II орынды, Д. Айдар III орынды, Е. Боранбай III орынды иеленді. «Алтын түлек» олимпиадасының облыстық кезеңінде П. Шабаз, А. Маманова I орынды, А. Мыңбаева мен Е. Обайдуллина II орынды иеленді. Жетекшілері: С. У. Конурова, С. М. Жеңсікбаева. Облыстық «Математикалық сауаттылық» олимпиадасында А. Әбсұлтан III орын алды, жетекшісі Б. Ташенова. «Мәшһүр-Жүсіп оқулары» республикалық байқауының облыстық


кезеңінде Ж. Рахымжан III орын иеленді, жетекшісі Ж. Мырзабекова. Облыстық «Жарқын болашақ» олимпиадасының «Сөз шеберлері» номинациясы бойынша А. Мыңбаева I орын иеленді, жетекшісі Н. С. Алиева.

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы I «Мұрагер – 2023» облыстық шығармашылық байқауының «Хореография» жанры бойынша «Шаттық» ансамблі «Қазақ халық биі» номинациясында бас жүлде, «Заманауи би» номинациясында I орын, «Мұрагер – 2024» II облыстық шығармашылық байқауында «вокал» жанры бойынша Е. Шакарман I орын иеленді, «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слетінің облыстық кезеңінде Н. Абжамал III орын иеленді, жетекшісі – Ж. Қ. Жарасбаева, «Ұлар» ансамблі II дәрежелі дипломмен марапатталса, К. Қабден II орын, А. Қуаныш III орын, «Аспапта орындау» жанры бойынша Н. Бағдат III орын иеленді, жетекшісі Қ. А. Бектибаева. «Сәндік-қолданбалы өнер» жанры бойынша Орақ Аяулым III орынды иеленді, жетекшісі Ә. Р. Омарова. Сондай-ақ «Сәндік-қолданбалы өнер» жанры бойынша А. Сырымқызы II орын алды, жетекшісі Р. Р. Бурибаева, «Бейнелеу өнері» жанрында Қ. Егізек III орынды қанжығасына байлады, жетекшісі К. Ш. Муканов.

«Қазақстан балалары шексіз әлемде» балалар киносының республикалық фестивалінің облыстық кезеңінде «Музыкалық клип» номинациясы бойынша П. Шабаз II орын иеленді, жетекшісі А. Т. Искакова. «Мұрагер – 2024» II облыстық шығармашылық байқауының «TikTok» арнайы номинациясы бойынша «Экология» тобы III орын иеленді, жетекшісі М. Қ. Аханова. «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумының облыстық және республикалық кезеңінде Е. Обайдуллина I орын алды, жетекшісі Л. А. Жанузакова. Сонымен қатар «Мамандықтар әлеміне жол ашамыз» форумының облыстық кезеңінде Н. Серік – I орын, Н. Абжамал – I орын, Аяулым Ерғалиева II орын иеленді. VII халықаралық Scrath-олимпиадасында Ж. Алмасқызы III орын иеленсе, «Мобильдік көзқарас: дәл қазіргі сәт» республикалық байқауының республикалық кезеңінде Н. Абжамал III орын, Е. Обайдуллина II орын иеленді. Облыстық жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсында Ә. Мейрамбеков I орын алса, 2–7 сынып оқушылары арасындағы «Зерде» республикалық зерттеу жобаларының облыстық кезеңінде Е. Боранбай III орын иеленді. Жетекшісі: М. Қ. Аханова. Ұлттық мектеп лигасы бойынша облыстық «Теңбіл доп» футбол ойынында мектеп командасы III орынды қанжығалады, жетекшісі Е. Т. Бегаев. «Шұбар доп» қыздар арасындағы облыстық волейбол сайысынан мектеп лигасы I орын иеленді, жетекшісі Д. Х. Хамитова.

Қорытындылай келе, елімізді өркениетке апарар жолдың бастауында мектеп тұрады. Ал мектептің жүрегі мұғалім екені даусыз. Шәкірт ұстазға қарап өседі. Оқушыны білімге қызықтырып, өз әлеміне баурап алу үшін ұстазға дариядай терең білім, биік парасат, еңбекқорлық қажет. Ал осындай ізгі қасиеттерді бойына сіңіре білген ұстаздар біздің мектебімізде жетерлік. Ендеше «Ұрпағы білімді халықтың болашағы жарқын» дегендей, ұстаздарымыздың мағыналы да өнегелі тәрбиесі және сапалы білімімен сусындап өскен оқушыларымыздың алар асуы көп болары сөзсіз.

Мектеп жетістігі – ұстаз жетістігі, ұстаз жетістігі – мектеп мәртебесі. Осындай уақытпен санаспай, еліне қалтқысыз қызмет етіп, жас ұрпақты жетістікке жетелеп жүрген мектеп ұстаздарына шалқар шабыт тілеймін!



Акыбаева Назигуль Ниязбековна

Мектеп директоры

Абай атындағы орта мектеп

Шығыс Қазақстан облысы,

Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылы

tarb_abai@mail.ru

Ауыл мектебі әдістемелік, заманауи даму алаңында

Ауыл – қазақтың алтын кіндігі. Салт-дәстүр, ұлттық құндылық, ұлттық тәлім-тәрбие – бәрі ауылда. Сонымен қатар ауыл мектебі – тек білім ордасы ғана емес, үлкен мәдениет орны, рухани орталық, ел бірлігінің алтын қазығы. Қазақ мектебі – халқымыздың ұлттық асылдары мен қазыналарын сақтау, дамыту мен болашаққа аманаттаудың кепілі. Өткен ХХ ғасырдың басында алаш ардақтыларының бірі Мағжан Жұмабаев: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі...», – деген болатын. Сондай қаймағы бұзылмаған ауыл мектебінің бірі – Тарбағатай аудандық білім беру бөлімінің «Абай атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Мектебіміз – 95 жылдық тарихы бар, 655 оқушы білім алып, 74 педагог қызмет атқарып жатқан білім ордасы.

Тәрбие мен оқыту процесіндегі негізгі инсайттар мен жаңалықтар, инновациялық тәжірибелер мен технологиялар енгізілді. Барлық пән бойынша мұғалімдерді оқыту курстары, семинарлар, вебинарлар өткізіліп, мұғалімдер теориялық білімдерін тәжірибелік алаңдарда ұштастырды. Мектеп жұмысын жақсарту барысында НЗМ тәжірибесін есепке ала отырып оқытуды ұйымдастырудың, бағалаудың, тәрбие беру жұмыстарының инновациялық тәжірибелері мен технологияларын енгізу бойынша негізгі бағыттарда жұмыстар жүргізілді. Аталмыш тәжірибелер оқушылардың білім сапасына да оң әсерін бергені байқалды.

4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізіліп, аталмыш сыныптардың БЖБ, ТЖБ талдаулары жүргізілді, нәтижелері мониторинг қорытындысымен салыстырылды. Мұғалім тәжірибесін тікелей оқыту процесін жақсартуға бағыттау, оқушылардың білім сапасын арттыру бойынша жүйелі жұмыс жолға қойылды. Мұғалімдердің оқу жетістіктерін критериалды бағалауы өздерінің де кәсіби дамуына зор ықпалын тигізді. Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлері өткізген тағылымдамаларда баса мән берілген кері байланыс жасау, пәнаралық байланыс және интеграциялық сабақтар өткізу, сабақта іс-әрекеттегі зерттеуді ұйымдастыру туралы толыққанды ақпарат педагогтеріміздің игілігіне жарады.

Мұғалімдеріміздің арасынан кәсіби байқауларға қатысуға ниет білдірушілер көбейсе, пәндер бойынша облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадаларда жүлдегерлер қатарынан бой көрсеткен оқушыларымыздың саны артты. Мектептің

оқу-тәрбие процесінде жүйелілік, мақсатқа бағытталған мазмұнды шаралардың өткізу форматы «мектеп – мұғалім – оқушы» субъектілік қарым-қатынасына негізделгені байқалды. Мектептің білім сапасы 78%-ды көрсетті, мұғалімдер мен оқушылар жетістіктерінің көрсеткіші жоғарылап келеді.

Биылғы 2023–2024 оқу жылында мектебіміз облыстық «Орта білім беретін үздік ұйым – 2024» байқауында Шығыс Қазақстан облысы бойынша I орын алды. «Орта білім беретін үздік ұйым» атанып, 341 ЕТЖ (29 млн. тг) грант иеленді.

Қазіргі заманауи білім беруде әр оқушының қабілетін ескеріп, оны дербестікке, шығармашылыққа баулуды жүзеге асыруда, жалпы білім сапасын көтеру жолында «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасының берері мол.



Багисова Баян Капезовна

Мектеп директоры

Ж. Болғанбаев атындағы Самар орта мектеп-лицейі

Шығыс Қазақстан облысы,

Самар ауданы, Самар ауылы

vko_bolganbaia_sh@mail.ru

Нәтижеге бағытталған білім

Заман талабына сай адам іс-әрекетінің барлық салаларында еркін қолданысқа енген ақпараттық технологиялар біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Қазіргі уақытта мектептегі STEM-зертханасы, телестудия, арт-студия кабинеттерінің жұмыс жүйесі оқушылардың әртүрлі құбылыстарды оқып зерттеуіне, модельдер құруына, өздігінен білім алуына, функционалдық сауаттылығын арттыруына, ізденуіне жол ашты.

Мектебіміздегі заманауи мұғалім бүгінгі таңда балалардың мектеп қабырғасында алған білімдерін өзгермелі әлемге бейімдей алуына көмектесіп, шығармашылық пен инновацияны меңгерген тұлға ретінде қалыптасуы жолында еңбек етуде. Осы дағдыларды бүгіннен бастап үйрету балалардың болашақта кәсіби қызметке дайын болуына көмектесері сөзсіз. STEM-зертханасы оқушыларымыздың өз білімін қолдана білу және өз бетімен жобалар жасау қабілеттерін шыңдап, өнертапқыштық шешімдер шығаруларына жол сілтеді.

Жыл басында 4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне жүргізілген мониторингтің нәтижесі педагогикалық кеңесте талқыланды. Мониторингтен оқушылардың алған білімінің кем тұстары мен жетістіктері анықталды. Бағалаудағы әділетсіздік мәселесі шешілді. Әр пән мұғалімі оқушымен жеке жұмыстар атқарып, олқы шыққан тақырыптар бойынша тапсырмаларды БЖБ мен ТЖБ-ға енгізді.

Өскемен және Семей қалаларындағы НЗМ-да өткен семинарлар мектептегі оқу сапасына оң әсерін тигізді. Семинарлар мұғалімдердің белсенді ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталды. «Мың ұстаз – әрқайсысы мың әдіспен» деген қағиданы берік

ұстанып, әр мұғалім өзіне лайықты педагогикалық, технологиялық әдісті таңдап алды. Семинардан соң пән мұғалімдері меңгерген білім мен дағдыны тәжірибеде қолдануға, проблеманы шеше білуге, оқушылар дайындығының сапасын анықтауға талпыныс жасады. Іскер, жаңалыққа жаны құмар, үздіксіз ізденіс үстіндегі рефлексивті қабілеті дамыған мұғалімдер саны артты.

«Әр бала – белгілі дәрежеде данышпан» деп Шопенгауэр айтқандай, мұғалім еңбегі оқушы жетістігінен көрінді. 2–7 сынып оқушылары арасындағы «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсына 10 оқушы қатысып, облыстық кезеңнен I, II орынды иеленсе, республикалық кезеңге қатысқан оқушы II орын алды. Оқушыларымыз жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінен /тарих, қазақ тілі, орыс тілі, құқық пәндерінен/ II, III орын, «Балалар әлемі» республикалық жобасында жүлдегер атанды, «Яссауитану» республикалық білім байқауының облыстық кезеңінен III орын, XXV республикалық «Абай оқуларының» облыстық кезеңінен II, III орын, Республикалық «Лияс Жансүгіров оқуларының» облыстық кезеңінен I орын, «Менің шағын Отаным» жас тарихшылардың республикалық интеллектуалдық конкурсының облыстық кезеңінен III орын, «Лингвистика» олимпиадасының облыстық кезеңінен III орын иеленді. Оқушылардың 30 пайызы «Айналайын» онлайн-конкурсына қатысып, I, II, III орын алса, «Асыл тас» конкурсына оқушылардың 35 пайызы қатысып, жүлдегер атанды. Сонымен қатар шәкірттеріміз «Мәңгілік ел – болашаққа ұмтылған ел» аймақтық конкурсынан II орын, «Сұлу сөз – көркем ойдың кемеңгері» атты Қабдеш Жұмаділовтің шығармашылығына арналған аймақтық байқаудан I орын алса, IQanat республикалық олимпиадасының облыстық кезеңінде жеңімпаз атанды. «Менің Отаным – менің бастамам» республикалық шығармашылық жобалар байқауына 8 оқушы қатысып, 3 оқушы жеңімпаз атанды. Химия-биология пәндерінен Жакула Күшікұлы атындағы аудандық олимпиадаға 5 оқушы қатысып, 1 оқушы облыстық кезеңнен III орын (ақшалай сыйлық 30 мың теңге) иеленді. Оқушылар «Үркер», «Тұлпар», «Мың бала», «Алтын сақа» олимпиадаларына белсене қатысып жүлделі орындарды еншілеп жүр.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек біліп шықпақшы. Сондықтан ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім», – деген болатын.

Осы қағиданы берік ұстанып, НЗМ-да игерген білім нәтижелерін көрсету мақсатында сәуір айында «Тірек және магниттік мектептерінің желілік басқару жүйесі» облыстық семинар-практикумын өткіздік. Телестудия, арт-студия үйірмелерінің сапалы жұмыстары көрмеге қойылды. STEM-зертханасында «Өсімдіктер әлемі» үйірмесінің жұмысы көрсетілді. Желілік үлгіде өткізілген ашық сабақтарда мұғалімдер WordWall.net, «Ойлан, жұптас, бөліс», GOTO ойыны, Quizizz.com бағдарламасын, «Саралау», «Геймификация», «STOP-KADR», ПТМС формула, «Кім жылдам?», «Миға шабуыл» әдістерін ұтымды пайдаланды.

Кері байланыста Padlet тақтасы, «Білім поштасы», «Spinner wheel» әдістері қолданылды. Оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін жетілдіруде, тілдерін дамытуда, өз

ойларын еркін білдіруде қолданылған технологиялар білімді тиінақты қабылдауда өте тиімді болды.

Жүйрік тұлпардың шаба келе жылдамдығы үдей беретіні сияқты мұғалімнің де жылдар өткен сайын тәжірибесі артып, ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілігі күшейе беретіні байқалды.

Мектепте бірнеше жылдан бері «Бірлік» тобы жұмыс істеп келеді. Оқыту мен оқу үдерісін жақсарту мақсатында мектептегі «Бірлік» тобы «Оқуда жетістікке жету мүмкін бе?»: Lesson study (сабақты зерттеу) тәжірибесімен бөлісу» атты аудандық семинар өткізді. Семинарда оқушылардың бойындағы құндылықтарды қалыптастыру үшін қолданылатын заманауи әдіс-тәсілдерді тарату көзделді. Мұғалімдер тобы Педагогикалық шеберлік орталығы өткізген «Іс-әрекеттегі зерттеу және сабақты зерттеу: білім беру мекемелерінде жүзеге асыру тәжірибесі» IV аймақтық конференциясына қатысып, тәжірибелерімен бөлісті, 12 мұғалім мадақтама және сертификатқа ие болды. Мектептің 12 мұғалімі абстракт жазып, қыркүйек айында өтетін «Әлемдік сабақты зерттеу конференциясы Қазақстанда» халықаралық конференциясына жолдама алды.

Зияткерлік мектептерде өткізілген семинарларға мектеп мұғалімдері белсене қатысты. Мұғалімнің сабақтағы іс-әрекеті, әдіс-тәсіліне баға бере отырып, оның сөйлеу мәдениетіне де назар аударылды. Мұғалімдердің өздеріне деген сенімдері артты. Тағылымдама барысында қашықтықтан оқытудың да өзіндік ерекшеліктерімен танысты, саралау тапсырмаларын әзірлеудің жолдарын меңгерді, тәжірибе алмасты. Әр білім алушының ерекшеліктерін ескеруде нені білу қажеттігін үйренді. Бір сөзбен айтқанда, игерілген білім, тоқылған ой мол.

Межелеген нәтижеге жеткізіп, сол нәтижені өз тәжірибесінде тиімді пайдалана білген ұстаз ғана шәкіртің білімнің шыңына шығарып, өзі де абырой биігінен көрінері анық.





Сапарғалиева Бакытгуль Кизатовна

Мектеп директоры

М. Әуезов атындағы орта мектеп

Шығыс Қазақстан облысы,

Зайсан ауданы, Зайсан қаласы

sbk_67@mail.ru

Білім – сарқылмайтын байлық

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында білім беруге қатысты: «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс», – деді.

Дамыған әлемдегі бір тамаша дәстүр – кәсіпкерлердің қайырымдылық қорын құрып, туған халқынан бастап атасы басқа азаматтың баласына дейін көмектесуі. Осындай игілікті бастама жасап, мектебімізді жабдықтау арқылы халықтың ықыласына бөленген «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасына алғысымыз шексіз. Жобаны жүзеге асыру барысында биылғы оқу жылынан бастап мектебімізде көп өзгерістер болып, мектептің материалдық-техникалық базасы толықтай жаңадан жабдықталды. Бұл өзгеріс білім беретін ұстаздар қауымының да, оқушының да еңсесін көтеріп, тың идеялар мен қабілеттерінің шындала түсуіне айтарлықтай әсерін тигізуде. Оқу мониторингісінің нәтижесінде үшінші тоқсанда оқу сапасы 4-сыныптарда 64%-дан 74%-ға, ал 8-сыныптарда 56%-дан 67%-ға өсті.

Осы жоба аясында жабдықталған бастауыш сыныптары, STEM-зертханасы, робототехника кабинеттеріндегі құралдарды мұғалімдермен бірге оқушылар да меңгеріп, өз жобаларын жасауда тиімді қолданды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде 10-сынып оқушысы Нұрланқызы Гүлнұр облыс мектептері арасында өткізілген «Жасыл мектеп – 2024» облыстық байқауында II орын иеленді. Мұғалімдер мен оқушылар бірлесе жұмыс жүргізді. Сәуір айында өткен облыстық семинар-практикумде 4 ашық сабақ, 4 шеберлік сабағы өткізіліп, 15 жоба ұсынылды. Жыл бойы Өскемен, Семей қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде өткен семинарларға 63 мұғалім қатысты. Пән бойынша пәндік дағдыларды дамытуға бағытталған оқу мақсаттарын жүзеге асыру әдістері мен тәсілдері, оқушылардың зерттеу дағдылары мен функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған семинарлар оқыту мен оқудың сапасын арттырды.

Мұғалімнің мүмкіндігі шексіз. «Ұшамын деген қанатқа дүние кең» дегендей, мұғалімдеріміздің жеткен жетістіктері де мол, шығармашылық кеңістікте еркін самғау үшін көздеген мақсаттары да көп. Мұғалімдер меңгерген дағдылар мен біліктер ұшан-теңіз. Атап айтқанда, STEM-зертханасы, арт-студия, телестудия кабинеттерінде пәнаралық байланыстың аясын кеңейтті. Қосымша білім беру бейімділіктерін анықтай отыра шығармашылықтарын, өнертапқыштықтарын ұштап, заманауи кабинеттеріндегі құралдарды тиімді пайдалануда. Бұл өз кезегінде ұстаздардың жұмысын оңтайландырып отыр. Телестудия кабинетінде YouTube-арналары жүргізіліп, сабаққа қажетті сапалы материалдар, бейнежазбалар әзірленеді.

Педагогикалық шеберлік орталығы ұйымдастырған халықаралық конференциялар мен интенсивтер, практикум сабақтар, семинарлар, ұжыммен жұмыс жасау, басқару, эмоцияны басқару бойынша өткізген шеберлік сабақтары ұстаздарымызға мол азық болды. Іс-шаралар барысында Сингапур, Эстония елдері ұстаздарының тәжірибесімен бөлісті. Джим Ронның бір жақсы сөзі бар: «Бір күнде ешкімнің өмірі өзгеріп кетпейді. Білімге құйылған инвестиция – ол ең құнды қайтымы бар инвестиция». Ал біз қордың қайырымдылық көмегін алып, білім берудегі құлшынысымызды арттырып, еңбектенудеміз. Жарқын болашағымыздың кепілі – жас өрендеріміз сарқылмас білім байлығын бойына сіңіріп, қажырлы еңбегімізді ақтайды деп сенеміз.



Уркумбаев Жарқын Қонысбаевич

Мектеп директоры

№ 1 Марқакөл орта мектебі

Шығыс Қазақстан облысы,

Күршім ауданы, Марқакөл ауылы

zharkai@list.ru

Ауыл мектептері – жаңашылдықтың айнасы

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Республикалық педагогтер съезіндегі баяндамасында: «Ауыл мектептерін зияткерлік, сондай-ақ қоғамдық орталық ретінде дамыту маңызды», – деді. Осы орайда біздің мектебіміз 2022–2023 оқу жылында республика бойынша 17 тірек мектептің қатарына енді. Жобаның жүзеге асырылуы барысында көптеген маңызды инсайттар мен жаңалықтар орын алынды.

Негізгі нәтижелер: біріншіден, мектептің материалдық-техникалық базасының жаңаруы. Екіншіден, педагог кадрлардың түрлі курстардан өтіп, білімдерін жетілдіруі және Назарбаев Зияткерлік мектептерінен әдістемелік көмек алып, тәжірибе алмасуы. Үшіншіден, мектеп ұстаздары мен оқушыларының, мектеп әкімшілігінің әртүрлі республикалық деңгейдегі сайыстарға қатысуға мүмкіндігінің молаюы мен жүлделі орындарды иеленуі.

Мектебімізде 27 жаңа форматтағы кабинет пен шеберханалар, зертханалар, телестудия, кітапхана, Coworking орталық, акт залы, спорт зал, асхана толықтай жаңартылды. Әсіресе, STEM-кабинетінде оқушыларды зерттеу жұмысына бағыттай отырып, олардың ғылыми-зерттеушілік жаңашылдыққа деген ұмтылыстары артты. Соның нәтижесінде «Наурыз кездесулері» республикалық биоинженерия зерттеушілік жобалар байқауында мектебіміздің оқушылары Сайранов Амир, Мустафина Дария «Көз протезі» жобасымен 500 жоба ішінде 15 үздік жоба қатарына енді. Биылғы ауыл мектептерінің оқушыларына арналған олимпиадаға мектебімізден 15 оқушы қатысып, 5 оқушы облыстық кезең жүлдегерлері атанды, Е. Ерденқызы республикалық кезеңде үздік көрсеткіші үшін мадақтама иегері атанса, оқушымыз Сапиолданов Мухаммед «Инкубатор» жобасымен «JASTAR TIME – 2024» IT фестиваліне қатысты.

2022–2023 оқу жылында мектебіміздің 4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізілді, биылғы оқу жылында осы 9-сыныптардың білім алушыларының оқу жетістіктеріне жүргізілген мониторинг нәтижесінде оқушылардың бағаға деген академиялық адалдығы көрініс тауып, білім сапасының екі жылда 51–58%-ға өскені байқалды. Мониторинг нәтижесінде олқылықтарды жою мақсатында әр пән бойынша қосымша сабақтар ұйымдастырылды, әр баламен жеке жұмыс жүргізілді.

Оқушылардың зерттеу дағдылары мен функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған оқыту семинарлары жыл бойы үздіксіз ұйымдастырылып отырды. Каникул сайын бетпе-бет тағылымдамаларға ұстаздарды қатыстырып, онлайн-форматта ШҚО ПШО тренерлері жеке пән мұғалімдерімен байланыс жасап, сабақтарына қатысты. Ұйымдастырылған семинарлар мен тәжірибе бөлісудің оң әсері мұғалімдердің сабақтарында жүйеліліктің, бірізділіктің қалыптасуымен қатар оқушыларының білім сапасының артуы және аудандық, облыстық, республикалық сайыстардағы жүлделі орындарынан көрініс тапты. Атап айтсақ, жас маман А. Байжуманова «Дарынды оқушыларға – талантты ұстаз» республикалық олимпиадасының жүлдегері атанса, А. Кожанкулова «Үздік тіл маманы – 2024» сайысының аудандық кезеңінде жеңіске жетіп, облыстық кезеңге жолдама алды. Аудандық «Педагогикалық идея» фестивалінде Н. Рахымбаева, А. Мухаева жүлдегер атанды, «Педстарт» республикалық қашықтық олимпиадасына мектептің 26 мұғалімі қатысып, барлығы жүлделі орындарға ие болды.

Ахмет Байтұрсыновтың «Мұғалім – мектептің жүрегі» деген сөзінің жаны бар. Мектептің бойына қан жүгіртетін қозғаушы күш – ұстаздар қауымына «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында жасалған қамқорлық олардың қызметіне оң ықпал етті. Мұғалімдер ақпараттық технологияны сабақта күнделікті қолдану арқылы бастауыш сыныптан бастап оқушыларды зерттеушілік жұмысқа баулып, әр тапсырмаға шығармашылық көзқараспен қарауға бейімдей отырып дағдыларын дамытты. Жобаның арқасында қол жеткізілген мүмкіндіктер жаңашылдыққа ұмтылған ұстаздардың екінші демін ашты десек қателеспейміз.

Мектеп әкімшілігі мен ұстаздары жоба ұйымдастырушыларына көптеген жаңа бастамаларға арқау болғанына алғыс білдіре отырып, дене шынықтыру пән мұғалімдерінің алғашқы республикалық конференциясында мектебіміздің дене шынықтыру пәні мұғалімдері Б. Қойлыбай, Р. Әлімбаев, С. Құмарбеков, Н. Шәріпов, Ы. Алтынсарин академиясы ұйымдастырған республикалық конференцияда оқу ісінің орынбасары А. Мухаева және басшы ретінде өзім тірек мектептің әлеуетін арттыру жолдары және магниттік мектептермен жұмыс жасау жүйесі бойынша тәжірибе бөліскенімізді атап өткім келеді.

Қорытындылай келе, «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы мектепке жаңа тыныс, жаңа толқын, тың өзгеріс әкелгені мәлім. Бұл тыныс мектеп ұстаздары мен оқушылары үшін жаңашылдықтың айнасы болды. Жоба негізінде атқарылған жұмыстардың барлығы бізді мектебіміздің әр шәкіртінің болашақта бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ғылыми-зерттеушілік дағдылары қалыптасқан, ең бастысы адамгершілік қасиеттерден ада болмаған тұлғалар етіп шығаруға қанаттандырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы қолдау және дұрыс ұйымдастыру арқылы еліміздің ең шалғай түкпірінде де нәтижеге қол жеткізуге болатынын көрсетті. Бір мақсатпен біріккен мектеп басшылары керемет бастамашылдық, шығармашылық және өз ісіне берілгендік танытты. Олардың тәжірибесі шабыттандырады және ауылдағы білім берудің болашағы әрқайсымызға – директорлар мен мұғалімдерден бастап ата-аналарға, жалпы қоғамға байланысты екенін дәлелдейді.

Осы жинақта ұсынылған эсселер атқарылған жұмыстың есебі ғана емес, әрі қарай дамып, жетілдіруге шабыттандыратын үндеу қызметін атқарады. Олар білім беру мекемелері арасындағы тәжірибе алмасу мен ынтымақтастықтың маңыздылығын, сондай-ақ ауылды тұрақты дамытудың негізгі факторы ретінде білімге инвестиция құюды жалғастыру қажеттігін атап өтеді.

Біз осы жобаға қатысушы мектептердің басшыларына қосқан үлестері мен күш-жігерлері үшін алғыс білдіргіміз келеді. Бұл жинақ қай жерде тұратынына қарамастан, білім беру саласын жақсартуға және оны барлық балаларға қолжетімді етуге ұмтылатын жандар үшін жаңа идеялар мен шабыттың қайнар көзіне айналсын. Алда әлі көп жұмыс күтуде, бірақ жұдырықтай жұмылған біз кез келген кедергілерді жеңіп, алға қойған мақсаттарымызға жете аламыз.



ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Проект «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности» показал, что при поддержке и правильной организации можно достичь результатов даже в самых отдалённых уголках нашей страны. Объединённые общей целью, директора школ продемонстрировали невероятную инициативу, креативность и преданность своему делу. Их опыт вдохновляет и доказывает, что будущее сельского образования зависит от каждого из нас – от директоров и учителей до родителей и сообщества в целом.

Эти эссе служат не только отчётом о проделанной работе, но и вдохновляющим призывом к дальнейшему развитию и совершенствованию. Они подчеркивают важность обмена опытом и сотрудничества между образовательными учреждениями, а также необходимость продолжать инвестировать в образование как в ключевой фактор устойчивого развития сельских территорий.

Мы выражаем благодарность всем директорам, принявшим участие в этом проекте, за их вклад и усилия. Пусть этот сборник станет источником новых идей и вдохновения для всех, кто стремится сделать наше образование лучше и доступнее для всех детей, независимо от их места проживания. Впереди ещё много работы, но вместе мы сможем преодолеть любые преграды и достигнуть поставленных целей.



Ауыл мектептері басшыларының эссе жинағы
«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы

Рецензенттер:

А. К. Абдиркенова, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті
И. У. Аушева, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы

Редакторлар – З. Е. Идришева, Г. Ескерген
Мұқабаның иллюстраторы – А. А. Мусағалиев
Корректор – Г. Е. Жаксылыкова, А. Б. Әділбекова
Беттеуші – Д. М. Абдрасилов
Фотосуреттерді ұсынған *«Білім беру саласын тұрақты дамыту қоры»*
қоғамдық қоры

Сборник эссе директоров сельских школ
Проект «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности»

Рецензенты:

Абдиркенова А. К., доктор философии (PhD), ассоциированный профессор,
Костанайский региональный университет имени Ахмета Байтурсынова
Аушева И. У., кандидат педагогических наук, профессор,
Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»

Редакторы – Идришева З. Е., Ескерген Г.
Иллюстратор обложки – Мусағалиев А. А.
Корректоры – Жаксылыкова Г. Е., Әділбекова А. Б.
Верстальщик – Абдрасилов Д. М.
Фотографии предоставлены *общественным фондом*
«Фонд устойчивого развития образования»

Басуға 09.07.2024 қол қойылды. Пішімі 70x100/16. Қаріп түрі «Adonis».
010000, Астана қ., Хусейн бен Талал көшесі, 21/1
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ

Подписано в печать 09.07.2024. Формат 70x100/16. Гарнитура «Adonis».
010000, г. Астана, ул. Хусейн бен Талал, 21/1
АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»

